

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОРҚЫТ АТА АТЫҢДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ  
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА  
KORKYT ATA KYZYLORDA UNIVERSITY



KORKYT ATA  
UNIVERSITY

**«Орта Азия және Қазақстанның су қауіпсіздігі  
мен суармалы егіншілігі: проблемалары және шешу  
жолдары» халықаралық симпозиумның  
материалдар жинағы**

**Материалы международного симпозиума «Водная  
безопасность и орошаемое земледелие Средней Азии  
и Казахстана: проблемы и пути решения»**

**Proceeding of the International symposium «Water Security  
and Irrigated Agriculture in Central Asia and Kazakhstan:  
problems and solutions»**

Қызылорда 2024

**ӘОЖ 631.587; 628.1.03(574)  
ҚБЖ 40.6(5Қаз)**

«Орта Азия және Қазақстанның су қауіпсіздігі мен суармалы егіншілігі:  
проблемалары және шешу жолдары» халықаралық симпозиумның еңбектер жинағы, 14  
қараша 2024 ж. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚУ, 2024. – 184 бет.

Редакция алқасы:

М.Ә. Бөрібаева - Басқарма мүшесі - Ғылым және халықаралық байланыстар  
жөніндегі проректор;

С.И. Умирзаков – т.ғ.д., профессор;

Қ.Ә. Омаров – т.ғ.к., университеттің бас редакторы;

Н.А. Сактаганова – философия докторы (PhD);

Н.О. Аппазов – х.ғ.к., профессор;

Г.Қ. Сыдықова – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор;


Е.А. Шынбергенов - философия докторы (PhD).

Техникалық хатшылар: Буланбаева Перизат Орынбасарқызы  
Акылбеков Нұрғали Икрамұлы  
Жүнісов Жандос Торғайбайұлы

Жинаққа Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде BR21882415  
«Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдары мен ағаш  
екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын  
әзірлеу» жобасы аясында 2024 жылдың 14 қарашасында өткен «Орта Азия  
және Қазақстанның су қауіпсіздігі мен суармалы егіншілігі: проблемалары және шешу  
жолдары» тақырыбындағы халықаралық симпозиумның суармалы егіншілік және ағаш  
екпелерінде сарқынды суларды пайдаланудың заманауи технологиялары мен  
экологиялық аспектілері, сарқынды суларды тазарту технологиялары, ұшқышсыз ұшу  
аппараттарын және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін жанартпалы  
энергияны қолдану мүмкіндіктері секцияларының баяндамалары негізінде жазылған  
ғылыми мақалалар енгізілген.

*Шығарылған материалдағы мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты.*

ISBN 978-601-285-158-8



## **АЛҒЫ СӨЗ**

Тұрғын үй-коммуналдық құрылыстың қарқынды дамуы, агроөнеркәсіп кешенінің дамуы, Қазақстандағы қалалар мен жайлы елді мекендердің өсуі табиғи ортаның ластану қаупін тудыратын орасан зор ағынды сулардың пайда болуына әкелді. Ағынды сулардың тоғандарда, қалалар мен елді мекендер маңындағы сүзгілеу алқаптарында жиналып, ішінара ашық су объектілеріне ағызылуы оларды кәдеге жарату мәселесін шешпейді. Сондықтан экологиялық және ауылшаруашылық тұрғысынан ең үлкен қызығушылық - көлемі үнемі өсіп келе жатқан қалалық ағынды сулар. Ағынды сулардың көлемі 1,5-2 есе өсетін алдағы 15-20 жылда өнеркәсіптік тазарту әдістері тіпті тазартылған ағынды сулармен ағызылатын қалдық ластанулардың көп мөлшеріне байланысты су ағындарын қорғай алмайды.

Осы мәселелерді шешу «Қызылорда облысындағы су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдар мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз бұру технологиясын әзірлеуге» негіз болды.

Сіздерге BR21882415 «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдары мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлеу» жобасы аясындағы «Орта Азия және Қазақстанның су қауіпсіздігі мен суармалы егіншілігі: проблемалары және шешу жолдары» тақырыбындағы халықаралық симпозиумның материалдар жинағын ұсынып отырмыз.

**М.Ә. Бөрібаева**

*Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және  
халықаралық байланыстар жөніндегі  
проректор, ф.ғ.к.*

***1-секция: Суармалы егіншілік және ағаш екпелерінде сарқынды суларды пайдаланудың заманауи технологиялары мен экологиялық аспектілері***

**ГРНТИ 70.25.18: 68.31.21**

**КАЧЕСТВЕННЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ПОДЗЕМНЫХ ВОД ОПЫТНОГО  
УЧАСТКА МОДУЛЬНОЙ СТАНЦИИ БИОЛОГИЧЕСКОЙ  
ОЧИСТКИ В ПОСЕЛКЕ ТАСБОГЕТ**

**Шомантаев А.А.**, доктор сельскохозяйственных наук, профессор,  
**Далдабаева Г.Т.**, кандидат технических наук, ассоциированный  
профессор,  
**Буланбаева П.У.**, PhD, ассоциированный профессор,  
**Елеуова Э.Ш.**, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный  
профессор,  
**Жусупова Л.К.**, PhD

*Кызылординский университет им.Коркыт-Ата, г.Кызылорда, Казахстан*

**Аннотация:** В настоящее время одной из серьезнейших проблем, стоящих перед человечеством является проблема чистой воды. Вода является незаменимым ресурсом для человечества, требующего постоянного учета. Необходимо совершенствовать методы и средства количественной и качественной регистрации состояния водных ресурсов, что принимается во внимание специалистами водного хозяйства. Это связано с тем, что развитие человеческого общества находится в тесной зависимости от состояния водных ресурсов, ведь водные ресурсы определяют рост экономики и благосостояния населения. Поэтому рациональные исследования и защита от загрязнения поверхностных и подземных вод является одной из основных задач не только государственных, но и общественных организаций.

В последние годы пресные водные ресурсы претерпели значительные изменения. Это связано с изменением климата и антропогенным воздействием на него. Эти изменения прежде всего связаны с урбанизацией территории и ростом городов, улучшением быта человека и увеличением химизацией сельского хозяйства. Особенно ухудшилось качество поверхностных и подземных вод из верхних горизонтов, где заметны следы антропогенного загрязнения. Поэтому данное обстоятельство требует поиска сложных инженерных решений, при использовании природных водных ресурсов.

**Ключевые слова:** орошение, подземные воды, инфильтрация, ирригационная оценка, минерализация.

**Введение.** Подземные воды – основной источник, который питает реки и озера. В зависимости от условий залегания подземные воды разделяются на: верховодку, грунтовые и артезианские воды. Самыми верхними являются воды верховодки, находящиеся в зоне аэрации.

Зоной аэрации называется верхний слой земной коры. В нем происходит естественный газообмен почвенного воздуха, который содержится в породе, пустотах и трещинах почв с атмосферным воздухом, называемый зоной аэрации. Данные процессы происходят в результате изменения температуры почвенного и атмосферного воздуха, а также диффузии газов, изменения атмосферного давления и вытеснения почвенного воздуха атмосферными осадками при их инфильтрации или капиллярной водой.

Вода в зоне аэрации залегает выше зоны насыщения горных пород. Эти породы заключены между зеркалом грунтовых вод и подстилающим их водоупорным слоем (рисунок 1). К ним относятся почвенные воды и верховодка [1-3]. Почвенные воды - воды, приуроченные к почвенному слою воды. Они участвуют в питании корневой системы растений. Мощность почвенного слоя колеблется от 0,4 до 1,3-1,5 м и более.

Почвенные воды могут оказывать большое влияние на формирование химического состава грунтовых вод. При близком залегании грунтовых вод к поверхности земли наблюдается избыточное увлажнение почвы, недостаточная ее аэрация, развиваются восстановительные процессы в почвах и их заболачивание. Испарение грунтовых вод может привести к накоплению в почвах Са, Mg, сульфатов, хлоридов Са и Mg, Na, Fe, P. При глубоком залегании грунтовых вод почвенные воды приносят в грунтовые водоносные горизонты и верховодку различные соли, формируя химический состав грунтовых вод [4-6].

**Материалы и методы исследования.** При обосновании источника орошения опытного участка модульной станции биологической очистки (МСБО) учитывались: климатические и почвенные условия, дренированность территории, водность подземных источников, способы полива и подбор культур и результаты анализа предварительной оценки пригодности поливной воды. В случае использования ограниченных пригодных вод будем вести обязательные мониторинговые наблюдения за состоянием почвы с целью своевременного выявления и предупреждения ухудшения мелиоративной обстановки опытного участка.

Вода является одним из основных производственных факторов и всегда должна иметь особые гигиенические характеристики, которые бы не повлияли на качество сельхозпродукции, следовательно, на здоровье конечного потребителя [7-8].

Исследуя подземные воды, как источник орошения, необходимо проверить наличие загрязнения от сточных вод, так как оно может



поставить под угрозу микробиологическую безопасность сельскохозяйственного производства [9].

Качество оросительной воды воздействует на систему «почвенный раствор-почвенный поглощающий комплекс». Через эту систему можно влиять на все составляющие мелиоративного режима почв. То есть: на водный, солевой, пищевой, воздушный, тепловой и микробиологические качества оросительной воды, в сочетании с режимом орошения и комплексом агротехнических мероприятий, может рассматриваться как один из основных факторов управления мелиоративным режимом почв и увеличения биологической продуктивности орошаемых земель [10].

Важность качества поливной воды должно обеспечить отсутствие микроорганизмов, которые прямо или косвенно влияют на качество продуктов питания.

Перед использованием поливной воды, крайне важно проведение обследования, взятие пробы воды и определение ее пригодности для полива. В частности, следует обращать внимание на нормы качества поливной воды растений, которые будут посажены и выращены на опытном участке. Также важно определять температуру поливной воды, так как полив холодной водой отрицательно влияет на рост и развитие растения. Температура поливной воды должна быть 17-25<sup>0</sup>С. Вышеуказанные факторы свидетельствуют о важности анализа поливной воды.

Все анализы подземных вод опытного участка проводились в аналитической лаборатории «Лаборатория комплексных химических исследований» РГУ «Кызылординская ГГМЭ» (Кызылординская гидрогеологическая мелиоративная экспедиция (Протокол №1, от 26.03.2024 г.; Протокол №2, от 02.04.2024 г.; Протокол №3, от 10.03.2024 г., Протокол №4, от 26.04.2024 г.); в испытательной лаборатории Акционерного общества «Национальный центр экспертизы и сертификации» Кызылординского филиала (Протокол №357, от 17.05.2024 г.); в лаборатории инженерного профиля «Физико-химические методы анализа» Кызылординского университета имени Коркыт Ата (Протокол от 26.03.2024 г.).

Пробы подземной воды для химического анализа отбирались в 1,5 литровую пластиковую тару, которая предварительно была промыта также водой. Как было отмечено выше, обращено внимание на нормы качества поливной воды. Для некоторых растений считается пригодным наличие в составе поливной воды определенного количества соли. Если количество солей в составе воды будет превышать допустимый предел, то может произойти процесс повторного засоления. Допустимый предел солей в поливной воде в Казахстане составляет от 1,0 до 1,5-1,8 г/л, а для солеустойчивых культур – до 8,0 г/л. Токсичной считают воду с содержанием водорастворимых солей 15-20 г/л.

Для обеспечения комплексной оценки качества поливной воды следует учитывать агрономические, технические и экологические критерии:

- Агрономические критерии. Определяют качество воды по воздействию на урожайность сельхозкультур по валовому сбору и интенсивности развития, а также качество формирования сельскохозяйственной продукции; почвы – с целью сохранения и повышения плодородия и предотвращения процессов засоления, солонцевания, содообразования и нарушения биологического режима.

- Технические критерии. Определяют качество воды для орошения по воздействию на сохранность и эффективность эксплуатации гидромелиоративных систем.

- Экологические критерии. Определяют качество оросительной воды с учетом необходимости обеспечения санитарно-гигиенической обстановки на данной территории и охраны окружающей среды [11].

**Результаты.** Для оценки пригодности подземных вод были использованы существующие ирригационные методы ученых ближнего и дальнего зарубежья. На их основе производились расчеты по агрохимической оценке качества поливной воды. В таблице 1 приведены результаты лабораторных испытаний.

Таблица 1 - Анализ лабораторных испытаний подземного источника поливной воды опытного участка МСБО в поселке Тасбогет

№	Наименование показателей	Скважина №1, глубина – 18м	Скважина №1, глубина – 18м
1	Водородный показатель, рН	6,95	7,5
2	Бикарбонат $\text{HCO}_3$ , г/л	0,836	0,866
3	Хлориды $\text{Cl}^-$ , г/л	0,290	0,150
4	Сульфат $\text{SO}_4^{2-}$ , г/л	0,759	0,436
5	Кальций $\text{Ca}^{2+}$ , г/л	0,220	0,210
6	Магний $\text{Mg}^{2+}$ , г/л	0,098	0,099
7	Натрий $\text{Na}^+$ , г/л	0,429	0,425
8	Минерализация, г/л	2,632	2,625

Имея химический состав подземных вод МСБО и учитывая почвенно-климатические условия опытного участка будем судить о

пригодности их для орошения кормовых и овощных культур, а также древесных насаждений.

Качественный показатель поливной воды оценивают количеством взвешенных частиц, бактериологическим составом, содержанием и соотношением различных солей и температурой. Изучают химический состав воды и как он влияет на рост и развитие растений, а также на почву.

Наиболее распространен метод химического анализа, по результатам которого вычисляют ирригационный коэффициент. Если величина ирригационного коэффициента меньше 1,2, то вода считается непригодной для орошения. Оросительная (поливная) вода имеет удовлетворительное качество, если величина ирригационного коэффициента находится в пределах от 1,2 до 1,8. Если превышает 1,8, то вода имеет хорошее качество (таблица 2) [6; 12].

Таблица 2 - Оценка качества воды через ирригационный коэффициент

<b>Ирригационный коэффициент (ИК)</b>	<b>Качество воды</b>	<b>Пригодность воды для орошения</b>
< 1,2	Непригодная	Вода непригодна для орошения
1,2 - 1,8	Удовлетворительная	Вода удовлетворительного качества
> 1,8	Хорошая	Вода пригодна для орошения

Одним из наиболее известных методов оценки качества воды принадлежит А.М. Можейко и Т.К. Воротникову (1958). Вода считается пригодной для орошения, если соотношение  $(Na+K) \cdot 100 / (Ca+Mg+Na+K) \leq 65\%$ , если же 66-75%, то вода является опасной. При соотношении более 75% - вода весьма опасна, в этом случае может произойти осолонцевание почв. М.Ф. Буданов (1970) считает воду пригодной для орошения при соотношении  $Na/Ca \leq 1$ . Соотношение  $Na/(Ca + Mg) \leq 0,7$  для вод с минерализацией до 1 г/л, для воды с минерализацией от 1,0 до 3 г/л частное от деления суммы всех ингредиентов на величину жесткости  $(Ca + Mg)$  не должно превышать 4 для средне- и тяжелосуглинистых почв, или  $(Ca + Mg) \leq 5$  – для легких суглинистых  $(Ca + Mg) \leq 6$  - для супесчаных и песчаных почв.

Одной из наиболее подходящей для оценки пригодности подземных вод является формула И. Антипова-Каратаева и Г. Кадера (1959):



$$K = \frac{Ca+Mg}{Na \cdot 0.23 \cdot M} \cdot 0.23M; \quad (1)$$

где, Ca, Mg и Na – содержание катионов в воде, мг-экв; M – минерализация воды, г/л.

Если  $K \geq 1$  – вода пригодна для орошения, при  $K < 1$  – непригодна, так как при большем содержании натрия (Na) может начаться осолонцевание почвы.

Кроме того, для оценки качества подземных вод можно использовать метод, разработанный Департаментом сельского хозяйства США. Этот метод учитывает показатель возможного осолонцевания почв, так называемое натриево-адсорбционное отношение. Определяется по формуле:

$$SAR = \frac{Na^+}{\sqrt{\frac{Ca^{2+} + Mg^{2+}}{2}}} \leq 8 \quad (2)$$

При орошении между оросительной водой и почвой происходит активное воздействие, по результатам которого формируется почвенный состав почвенного раствора. Расчеты по определению ирригационного коэффициента сведены в таблицу 2.

Таблица 2 - Ирригационная оценка грунтовых вод опытного участка МСБО

Авторы оценочной формулы	Оценочная формула	Скважина №1	Скважина №2	Оценка пригодности
1	2	3	4	5
А.М. Можейко Т.К. Воротник	$\frac{100Na}{\Sigma \text{катионов}} \leq 6,5\%$	57,4% < 65%	57,9% < 65%	Пригоден
М.Ф. Буданов	$\frac{Na^+}{Ca^{2+} + Mg^{2+}} \leq 0,7$	0,15 < 0,7	0,15 < 0,7	Пригоден
М.Ф. Буданов	$\frac{Na^+}{Ca^{2+}} \leq 1,0$	1,95 > 1,0	2,0 > 1,0	Не пригоден

М.Ф. Буданов	$\frac{Na^2}{Ca^{2+} + Mg^{2+}} \leq 32$	1,35 < 32	1,38 < 32	Пригоден
М.Ф. Буданов	$\frac{\Sigma \text{ионов}}{Ca^{2+} + Mg^{2+}} \leq 4$	3,30 < 4,0	1,9 < 4,0	Пригоден
И. Антипов- Каратаев и Г.Кадера, К	$\frac{Ca^{2+} + Mg^{2+}}{Na \cdot 0.23 \cdot M \cdot 0.23M}$	2,04 > 1,0	2,01 > 1,0	Пригоден
Департамент с/х США, SAR	$\frac{Na^+}{\sqrt{\frac{Ca^{2+} + Mg^{2+}}{2}}} \leq 8$	1,2 < 8,0	1,2 < 8,0	Пригоден
И.М. Соболева	pH = 6-8	6,95	7,5	Пригоден
М.Ф. Буданов	Cl ≤ 150 мг/л	290 > 150	150 = 150	Частично пригоден
ВНИИСВ	Cl ≤ 300 мг/л	290 < 300	150 < 300	Пригоден
СЭВЧ	SO <sub>4</sub> ≤ 500 мг/л	759 > 500	436 < 500	Частично пригоден
ВНИИСВ	Mg ≤ 300 мг/л	98,0 < 300	99 < 300	Пригоден

**Заключение.** Таким образом, подземные воды (скважина №1 и №2) опытного участка МСБО по качественным показателям отвечают требованиям оценочных формул указанных авторов, за исключением оценочной формулы М.Ф. Буданова, где требование по хлору (Cl) должно быть менее 150 мг/л и требования по отношению натрия к кальцию должно быть не менее 1. В скважине №1 показатель воды по хлору Cl = 290 мг/л, это превышает требуемый показатель – 150 мг/л. Отношение в воде натрия к кальцию в обеих скважинах превышает 1, поэтому является непригодным. В скважине №1 показатель воды по сульфатам SO<sub>4</sub> = 759 мг/л, это превышает требуемый показатель = 500 мг/л. В случае, если подземная вода не отвечает требованиям, ее можно использовать для орошения только после проведения соответствующих мероприятий по мелиорации воды и почвы. То есть должны быть проведены мероприятия по улучшению свойств и режима почвы, сохранения и перераспределения влаги водного режима земель (почв) в благоприятных сельскохозяйственном и экологическом направлении.

**Андатпа:** Қазіргі уақытта адамзат алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі – таза су мәселесі. Су адамзат үшін таптырмас ресурс болып табылады және оны тұрақты түрде ескеріп отыру қажет. Су

ресурстарының сандық және сапалық күйін тіркеу әдістері мен құралдарын жетілдіру қажет, бұл су шаруашылығы мамандарының назарында. Бұл адамзат қоғамының дамуы су ресурстарының жағдайымен тығыз байланысты болуымен түсіндіріледі, себебі су ресурстары экономиканың өсуі мен халықтың әл-ауқатын анықтайды. Сондықтан жерүсті және жерасты суларын ластанудан қорғау және оларды ұтымды зерттеу мемлекеттік қана емес, қоғамдық ұйымдардың да басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Соңғы жылдары тұщы су ресурстары елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл климаттың өзгеруі мен оған антропогендік әсердің салдары болып табылады. Бұл өзгерістер, ең алдымен, аумақтың урбанизациясы, қалалардың өсуі, адамдардың тұрмыс жағдайының жақсаруы және ауыл шаруашылығын химияландырудың артуымен байланысты. Әсіресе жоғарғы қабаттардағы жерүсті және жерасты суларының сапасы нашарлап, антропогендік ластану іздері айқын көрінуде. Сондықтан бұл жағдай табиғи су ресурстарын пайдалануда күрделі инженерлік шешімдерді іздеуді талап етеді.

***Кілт сөздер:*** *суғару, жерасты сулары, инфильтрация, ирригациялық бағалау, минерализация.*

**Annotation.** At present, one of the most serious problems facing humanity is the issue of clean water. Water is an irreplaceable resource for humanity that requires constant monitoring. It is necessary to improve methods and tools for the quantitative and qualitative monitoring of water resources, which water management specialists take into account. This is due to the fact that the development of human society is closely related to the state of water resources, as water resources determine the growth of the economy and the well-being of the population. Therefore, rational research and protection of surface and groundwater from pollution is one of the main tasks of not only governmental but also public organizations.

In recent years, fresh water resources have undergone significant changes. This is due to climate change and anthropogenic impacts on it. These changes are primarily associated with urbanization, city growth, improvement of human living conditions, and increased chemical use in agriculture. The quality of surface and groundwater from upper layers has especially deteriorated, with noticeable traces of anthropogenic pollution. Therefore, this situation requires the search for complex engineering solutions in the use of natural water resources.

**Keywords:** irrigation, groundwater, infiltration, irrigation assessment, mineralization.

**Литература:**

1. **Железняков Г.В.** и др. Гидрология, гидрометрия и регулирование стока. – М.: Колос, 1984. – 205 с.
2. Временные методические указания по прогнозированию химического состава поверхностных вод с учетом перераспределения стока. – Л.: Гидрометеиздат, 1988. – 56с.
3. **Бурлибаев М.Ж.**, Волчек А.А., Калинин М.Ю. Гидрометрические и гидрогеологические расчеты для водохозяйственных целей. Издательство «Каганат», Алматы, 2004. – 357с.
4. **Вильямс Р.Р.** Поля орошения// Сочинения, Москва, 1941. – с.452.
5. **Бабаянц Р.А.** Почвенная мелиорация городских стоков и их сельскохозяйственное использование. Медгиз. Москва, 1958. -с.232.
6. **Зубаиров О.З.** Орошение сточными водами в Казахстане. Алматы, 1984 – с.3-8.
7. СанПиН 1.2.3685-21 Гигиенические нормативы и требования к обеспечению безопасности и безвредности для человека факторов среды обитания. Регистрационный номер № 62296 от 29.01.21.
8. Стандарт качества воды «Вода питьевая. Гигиенические требования и контроль за качеством воды» O`zDSt 950:2000. – Ташкент, 2000.
9. **Shomantayev A.A.**, Shegenbayev A.T., Otarbayev B.S., Daldabayeva G.T., Olzhabayeva A.O. Theoretical and practical bases of soil-based wastewater. Pretreatment. “Bulletin of Korkyt Ata Kyzylorda University. Agricultural Sciences”, №4 (67) 2023, 141-149 pp.
10. **Соцкова Л.М.**, Сирик В.Ф. Водное хозяйство. Учебное пособие для ВУЗов. -Симферополь: Таврический гуманитарно-экологический институт. 2011 г. – 252 с.
11. Текст ГОСТ 17.1.2.03-90 Охрана природы. Гидросфера. Критерии и показатели качества воды для орошения.
12. **Шомантаев А.А.** Гидрохимический режим водотоков и сельскохозяйственное использование сточных и коллекторно-дренажных вод в низовьях реки Сырдарьи. Кызылорда, 2001. – 254 с.

GTAMP 631.8.022.3

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰМАЙ ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Таутенов И.А., а-ш.ғ.д., қауымдастырылған профессор,  
[ibadulla\\_t@mail.ru](mailto:ibadulla_t@mail.ru),

Мүсірәлі А.Е., Р-23-1м оқу тобының магистранты,  
[taruzhanmusirali02@gmail.com](mailto:taruzhanmusirali02@gmail.com)

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан*

**Андатпа:** Құмай дақылдарының дәні мен жасыл массасының жоғары және тұрақты өнімін алудың негізгі шарттарының бірі – оның өсіру технологиясын әзірлеу болып табылады. Құмай түрлерінің көптігі, пайдаланудың шаруашылық бағыты және оның түрлі топырақ-климаттық аймақтарда өсірілуі технологияның әрбір бөлігіне жеке дара ғылыми негізделген талапты қажет етеді. Мақалада Қызылорда облысы жағдайында суару режимі мен минералды тыңайтқыштарды қолданудың құмай дақылы өсімдіктерінің өсуіне, дамуына және өнім сапасына әсер ету нәтижелері келтірілген.

**Тірек сөздер:** құмай, жасыл масса, суару режимі, топырақ, минералды тыңайтқыштар, дән өнімділігі

**Кіріспе.** Қызылорда облысы Қазақстанда негізгі күріш өндіруші аймақ болып табылады. Өндірілген өнім еліміздегі күріш жармасына деген ішкі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, алыс-жақын шетелдерге экспортқа шығарылады. Алайда ауа-райының жаһандық жылынуына байланысты пайда бола бастаған шұғыл континентальды климат және су қорларының азаюы секілді табиғи-климаттық жағдайлар жақын болашақта суармалы егіншіліктің тиімділігін арттыру жолдарын үнемі іздестіруді қажет етеді.

Әдетте, күріш жүйелері орналасқан суармалы егіншілікте малазықтық дақылдар ретінде күріштің жақсы алғы дақылы жоңышқа, түйежоңышқа егіліп, оларға бүркеме дақылдар – ерте астық дақылдары (бидай, арпа, сұлы) себіледі. Дегенмен, бұл дақылдардан алынған өнімдер және олардың сапасы аймақта дамып келе жатқан мал шаруашылығының сұранысын қамтамасыз ете алмайды [1].

Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты жүргізілген аймақтың қатал топырақ-климат жағдайларына бейімделген жоғары сапалы малазықтық дән, сүрлем және көк балауса азық өндіретін



малазықтық ауылшаруашылық дақылдарын агроэкологиялық сынақтар өткізу нәтижелері құмай дақылын өсірудің тиімділігін көрсетті [2].

Құмай дақылдарының жоғарыда айтылған талаптарға сай келетіні жайлы отандық және шетелдік зерттеушілер атап өткен. Орыс ғалымы Н.А.Шепельдің мәліметі бойынша [4,б.13-14] ТМД елдерінің құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарында құмай өсірудің тиімділігі – оның жоғары өнімділігі мен түрлі малазықтық мақсаттарға пайдалану мүмкіндігінде. Оның жасыл массасы мен дәнін жануарлар мен құстардың барлық түрлері сүйсіне жейді. Құмай тек жоғары өнімді дақыл емес, оның өнімі жануарлардың өнімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратын көмірсулармен, ақуыздармен, аминқышқылдармен, минералды заттармен және дәрумендермен бай.

Құмай дәнінде орта есеппен 70% крахмал, 12%-дан астам ақуыз, 3,5% май бар, сондықтан аса бағалы құнарлы азық болып табылады. Қоректілік бағалылығы жөнінен құмайдың дәні және жасыл балаусасы жүгеріден кем түспейді. Оның 100 кг жасыл массасында 23,5 кг м.а.б. және 0,8 кг қорытылатын ақуыз, шөбінде тиісінше 49,2 және 2,2, сабанында 50,2 және 1,8, сабан ұнтағында 44,2 және 2,4, сүрлемінде 22,0 және 0,6, дәнінде –118,8 кг. м.б және 7,9 қорытылатын ақуыз бар.

Құмай – өте жоғары өнімді, тұзға төзімділігімен ерекшеленетін дақылдардың бірі, ол хлоридтер және сульфаттарды топырақтан 31 т/г-дан 75 т/га-ға дейін алып шығып, топырақты тұздан табиғи тазартушы қызметін атқарады [5]. Алайда құмай дақылдарын ауылшаруашылық малдарына қажетті азық ретінде Қазақстанда, оның ішінде Қызылорда облысына кеңінен таратып енгізуге оларды өсіру, өндіру және түрлі мақсаттарға пайдалану жайлы ғылыми негізделген ұсынымдардың жоқтығы кедергі келтіруде.

Құмай дақылдарының дәні мен жасыл балаусасының жоғары және тұрақты өнімін алудың негізгі шарттарының бірі – оның өсіру технологиясын әзірлеу болып табылады. Құмай түрлерінің көптігі, пайдаланудың шаруашылық бағыты және оның түрлі топырақ-климаттық аймақтарда өсірілуі технологияның әрбір бөлігіне жеке дара ғылыми негізделген қадамды қажет етеді, оның ішінде топырақтың су режимі мен минералдық тыңайтқыштардың түрлі ара қатынастарында құмай дақылдарының өнімділігін анықтау маңызды ғылыми ізденіс екенінде сөз жоқ.

Суармалы егіс жағдайында суару қолданылған тыңайтқыштардың тиімділігіне түбегейлі әсер етеді, ал минералды қоректену жағдайын оңтайландыру егістің фотосинтетикалық өнімділігін арттыруда, топырақ құнарлылығын сақтау және кеңінен қалпына келтіруде маңызды фактор болып табылады. Тыңайтқышты тиімді және экологиялық қауіпсіз қолдану үшін топыраққа енгізілген қорек элементтері мен сыртқы ортаның басқа факторлары арасындағы өзара қатынасты тұрақты есепке

алу қажет [6]. Сондықтан, Қазақстандық Арал өңірі жағдайында құмай өсіру технологиясының негізгі элементтері ретінде топырақтың қорек және су режимдерін зерттеп, оңтайлы нұсқаларын әзірлеу өзекті мәселе болып табылады, осыған байланысты аталған дақылдың дәні мен жасыл массасының сапалы және жоғары өнімін алу мақсатында терең зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындады.

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазақтың су шаруашылығы ҒЗИ-ның Алматы облысының орташа балшықты топырақтарында шекті далалық ылғалдылыққа байланысты құмайдың суару режимі мен өнімділігі бойынша жүргізілген салыстырмалы тәжірибелері көрсеткендей, құмай дақылдары үшін топырақтың тамыр жайылатын қабатында ылғалдылығы шекті далалық ылғалдылықтың 70%-дан төмендету экономикалық жағынан тиімді емес, себебі өсімдіктің өсуі мен дамуы ылғалдың жетіспеушілік жағдайында өтеді [7]. Құмай өсімдігінің өніп-өсу дәуірінде топырақ ылғалдылығын ең кіші ылғал сыйымдылық (ЕКЫС) 80%-дан асырғанда, 75-80% ЕКЫС-қа қарағанда үш жылдық зерттеулер суару санының екі есеге өскенін, суару нормасының орта есеппен 800 м<sup>3</sup>/га (16%-ға) өскенін көрсетті. Құмайдың жасыл массасының қосымша өнімі бар болғаны 12 ц/га-ға немесе 3%-ға ғана көтерілді. Бұл топырақтың тамыр жайылатын қабатының жоғары ылғалдылықты өнім бірлігіне шаққандағы судың тиімсіз пайдалануына әкеп соқтыратынын көрсетті.

Құмай дақылы үшін аса қажетті қоректік элемент азот болып табылады, топырақтың табиғи құнарлылығы арқылы дақылды азотпен 38,7%-ға, фосформен 53,2%-ға, ал калиймен 93%-ға қамтамасыз етіледі. Құмай дақылдары өсімдіктерінің азотты аса көп пайдалануы қарқынды өсу және генеративтік органдардың қалыптасу кезеңінде байқалады, әсіресе вегетациялық суарулармен бірге енгізілгенде шашақбас шығаруға 10-15 күн қалғанда және гүлдеуден 10-15 күннен соң қарқынды тұтынады. Өсімдік тамырларының фосфорды сіңіруі өніп-өсуі дәуірінің алғашқы күндерінен басталады және шашақбас шығару кезеңіне дейін өсімдік фосфордың жалпы мөлшерінің 50%-ын сіңіреді [4, б.45-46].

**Зерттеу нәтижелері.** Қалыптасқан ауа-райы жағдайы, сол секілді топырақтың 0-20 см қабатындағы көктемгі ылғал қоры тәжірибе танабы аумағында жеткілікті болды және тұқымның ісінуі мен өсіп шығуы үшін қажеттілігін толық қанағаттандырды (1-кесте).

1-ші кестеде көрсетілгендей, тұқымның далалық өнгіштігі суарылмаған нұсқада тыңайтқыштың мөлшеріне қарамастан 60,5-65,4% болды, бұл әрине төмен емес. Алайда, өсімдіктің өнім жинау мерзіміне сақталуы төмендеп 54,9-59,6%-ды құрады, яғни әр шаршы метрде өніп шыққан 10,9-11,6 дана құмай өсімдігінің 6,1-6,5 данасы ғана қалды. Осы суарылмаған нұсқадағы өсімдіктердің биіктігі 138,4-149,5 см-ге жетіп, түптену коэффициенті 1,1-1,4 болды. Бұл жерде N<sub>120</sub> кг/га енгізу өсімдік биіктігін 10,2-11,1 см өсірсе, түптену коэффициентін 0,2-ге арттырды.

Су режимінің (А факторы) екінші және үшінші нұсқасында тұқымның далалық өнгіштігі 63,3-75,0% аралығында болды. Егу алдындағы берілген тыңайтқыштар тұқым өнгіштігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Керісінше, өсімдіктердің өнім жинау мерзіміне сақталуы бірінші нұсқаға қарағанда едәуір жоғары болып, екінші нұсқада 76,3-83,1, ал үшінші нұсқада 79,3-88,8%-ды құрады. Сондай-ақ суару режимдерінің өсімдік биіктігіне әсері ерекше байқалды, екінші нұсқада (ЕКЫС 65-70%) суарусыз нұсқаға қарағанда өсімдіктер 38,8-37,5 см-ге биік болса, үшінші нұсқада бұл көрсеткіш 72,8-101,9 см болды. Екінші және үшінші нұсқалар бойынша түптену коэффициенті тиісінше 2,0-2,1 және 2,1-2,3-ті құрады.

1-кесте. Топырақтың су режимі мен минералды тыңайтқыштар нормасына қарай құмай тұқымның далалық өнгіштігі, өнім жинау мерзіміне сақталуы, өсімдіктердің биіктігі мен түптенуі, (2023-2024 ж.ж. орташа мәндер)

Фактор А – топырақтың су режимі, % ЕКЫС	Фактор В – минералды тыңайтқыштар нормасы, кг/га ә.е.з.	Тұқымның далалық өнгіштігі		Өнім жинау мерзіміне сақталуы		Өсімдіктер биіктігі, см	Түптенуі
		дана/м <sup>2</sup>	%	дана/м <sup>2</sup>	%		
Суарусыз	тыңайтқышсыз	11,1	61,6	6,1	54,9	138,4	1,1
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	11,5	63,9	6,4	55,6	143,6	1,2
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	11,6	64,4	6,3	54,3	149,5	1,4
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> +N <sub>60</sub>	10,9	60,5	6,5	59,6	148,6	1,4
65...70	тыңайтқышсыз	11,4	63,3	8,7	76,3	177,2	2,0
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	11,8	65,5	9,4	79,6	185,3	2,1
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	11,9	66,1	9,9	83,1	187,0	2,1
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> +N <sub>60</sub>	11,9	66,1	9,9	83,1	186,4	2,1
70...80	тыңайтқышсыз	12,1	67,3	9,6	79,3	211,2	2,1
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	13,2	73,6	11,4	86,3	222,3	2,3
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	13,4	74,8	11,8	88,0	238,6	2,3
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> +N <sub>60</sub>	13,5	75,0	12,0	88,8	251,4	2,3

Құмайдың өніп-өсу дәуірі оның жеке кезеңдерінің күндерінен құралып, өскіннен басталып толық піскенге дейінгі күн санымен анықталады [4, б.47-50]. Біздің тәжірибелеріміз жүргізілген екі жылда дақылдың өніп-өсу дәуірі 101-142 күнді құрады (2-кесте).

2-кесте. Топырақтың су режимі мен минералдық тыңайтқыштар нормасына қарай құмайдың дамуына фазаралық кезеңдерінің ұзақтығы, күндер (2023-2024 ж.ж)

Фактор А топырақ - тың су режимі, % ЕКЫС	Фактор В- минералды тыңайтқышта р нормасы, кг/га ә.е.з.	Құмайдың өсу мен даму кезеңдері						Жалпы даму кезең дері
		I	II	III	IV	V	VI	
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>
Суарусы з	тыңайтқыш ыз	9-10	15-16	14-16	30- 32	26- 28	22- 25	116- 127
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	9-11	16-17	18-20	32- 34	28- 31	23- 25	126- 138
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	10- 12	18-20	19-21	32- 34	29- 31	22- 24	130- 142
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> + N <sub>60</sub>	9-11	16-17	18-20	33- 35	28- 30	22- 24	126- 137

2-кестенің жалғасы

<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>
65...70	тыңайтқыш ыз	9-10	14-16	15-17	24- 25	22- 24	17- 19	101- 111
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	9-10	16-18	17-19	27- 29	22- 24	18- 20	109- 120
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	10- 12	20-21	18-20	27- 29	22- 24	18- 21	115- 131
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> + N <sub>60</sub>	9-11	18-20	19-22	27- 29	24- 25	18- 20	119- 131
70...80	тыңайтқыш ыз	8-10	15-17	16-17	27- 30	23- 25	17- 19	111- 123
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	9-11	18-20	18-20	28- 30	24- 25	18- 20	120- 131
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	10- 12	21-22	19-22	28- 30	24- 25	18- 20	118- 131
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> + N <sub>60</sub>	9-11	18-20	19-22	28- 30	24- 25	18- 20	117- 129

2-ші кесте мәліметтеріне сәйкес, суарусыз егілген қант құмайының пісіп жетілуі басқа екі нұсқамен салыстырғанда ұзағырақ болды. Барлық нұсқалар бойынша минералдық тыңайтқыштар енгізу өнімнің пісуін 6-14 күнге кешіктірді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, суару жағдайында азот-фосфор тыңайтқыштары қант құмайының жасыл масса және дән өнімділігін суарусыз нұсқаға қарағанда 3-3,5 есеге арттырғаны байқалды (3-кесте).

3-кесте. Сүттену-балауызданып пісу кезеңіндегі құмайдың өнімділігі және өсімдік өнімдерінің құрылымы (2023-2024 ж.ж. орташа)

Фактор А топырақтың су режимі,% ЕКЫС	Фактор В- минералдық тыңайтқыштар нормасы, кг/га э.е.з.	Бар- лығы, т/га	Оның ішінде					
			дәнді шашақ- бастар		жапырақ- тар		сабақтар	
			т/га	%	т/га	%	т/га	%
Суарусыз	тыңайтқышсыз	12,2	0,5	3,7	2,7	22,1	9,0	74,2
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	16,1	0,9	5,6	3,5	21,4	11,7	73,0
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	18,9	1,3	6,4	4,0	21,4	13,6	72,2
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> +N <sub>60</sub>	19,5	1,3	6,5	4,1	21,2	14,1	72,3
65...70	тыңайтқышсыз	34,8	3,0	8,7	7,1	20,4	24,7	70,9
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	37,6	3,8	10,1	7,5	19,8	26,3	70,1
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	39,6	4,5	11,3	7,7	19,4	27,4	69,3
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> +N <sub>60</sub>	39,6	4,5	11,3	7,7	19,5	27,4	69,2
70...80	тыңайтқышсыз	43,2	4,1	9,4	8,7	20,2	30,4	70,4
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub>	57,0	6,1	10,7	11,2	19,7	39,7	69,6
	N <sub>120</sub> P <sub>60</sub>	61,5	7,1	11,5	12,0	19,5	42,4	69,0
	N <sub>60</sub> P <sub>60</sub> +N <sub>60</sub>	66,0	7,6	11,6	12,9	19,6	45,4	68,8

3-ші кестеге сәйкес, құмай өнімділігінің сүттену-балауызданып пісу кезеңіндегі сандық және морфологиялық белгілерін зерттеу нәтижесі, олардың топырақтың беткі қабатының ылғалдылығына байланысты екенін көрсетті. Бұл жерде дақылдың жасыл массасының өнімділігі жоғарылауымен қатар, жақсы жапырақтануына байланысты, сапалы мал азығын алуды қамтамасыз етті, орташа есеппен жалпы өнімнің 19,4-20,2% жапырақтар үлесіне тиеді. Жалпы өнімдегі дәнді шашақбастардың үлесі де тәжірибе нұсқаларына қарай өзгерді, көрсеткіш орта есеппен 8,7-ден 11,6%-ға дейін ауытқыды.

Жасыл масса өнімділігіне талдау жасау азот тыңайтқышының жартысын түптену дәуірінде үстеп қоректендіруге пайдаланғанда өсімдіктердің артатынын көрсетті. Азот тыңайтқышының толық мөлшерін (120 кг/га) тек егу алдында енгізгенде жасыл масса өнімділігі 61,5 т/га-ны құраса, оның 50% егу алдында (60 кг/га) үстеп қоректендіру арқылы енгізу өнімділікті 4,5 т/га-ға арттырды. Яғни, өсімдіктің азотты қарқында сіңіруі алдында үстеп қоректендірген тиімді екені дәлелденді.



Өсімдіктің өніп-өсу дәуірі бойына шалғынды-батпақты топырақтың ылғалдылығын ЕКЫС 70-80%-да суару арқылы ұстап тұру басқа нұсқаларға қарағанда, елеулі қосымша өнім тыңайтқышсыз және тыңайтқышты нұсқаларда алынғанымен, зерттеулер жүргізілген екі жылда да  $N_{60} P_{60}$  егу алдында  $+N_{60}$  түптеу кезеңінде берілгенде жоғары және бір деңгейде өнім өндірілді.

Қорыта айтқанда, Қызылорда облысы күріш жүйелері жағдайында суару режимін реттеу және минералдық тыңайтқыштар енгізу арқылы қант құмайының өнімділігі мен өнім сапасын көтеруге болатыны дәлелденді.

Мақала AP23489478 «Қазақстандық Арал өңірі күріш жүйелерінің тұзды топырақтарында дәндік құмайдың отандық және шетелдік селекциясы сорттарын экологиялық сынау» тақырыбындағы 2024-2026 ж.ж.ж арналған гранттық қаржыландыру жоба аясында орындалды.

**Аннотация:** Одним из основных условий получения высокого и стабильного урожая зерна и зелени сорго является разработка технологии его выращивания. Обилие видов сорго, хозяйственная направленность использования и его выращивание в различных почвенно-климатических зонах требуют отдельного научно обоснованного требования к каждой части технологии. В статье приводятся результаты влияния режима орошения и применения минеральных удобрений на рост, развитие и качество продукции сорго в условиях Кызылординской области.

**Ключевые слова:** морго, зеленая масса, режим полива, почва, минеральные удобрения, урожайность зерна

**Annotation:** One of the main conditions for obtaining a high and stable yield of grain and sorghum greens is the development of its cultivation technology. The abundance of sorghum species, the economic orientation of its use and its cultivation in various soil and climatic zones require a separate scientifically justified step to each part of the technology. The article presents the results of the influence of crop irrigation technology and the use of mineral fertilizers on the growth, development and quality of sugar sorghum products in the conditions of the Kyzylorda region.

**Key words:** sorghum, green mass, irrigation regime, soil, mineral fertilizers, grain yield

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Рекомендация по диверсификации растениеводства Кызылординской области / Тохетова Л.А., Шермаганбетов К., Бодык Н., Бекова М. – Кызылорда. - 2014. - 22 с.

2. Тодерич К.Н., Таутенов И.А., Нургалиев Н.Ш., Бекжанов С.Ж., Forage production and nutritional value of sorghum and pearl millet on marginal lands in Priaralie/ Развитие зеленой экономики. Актуальные вопросы,

правовое обеспечение // Матер. Междунар. научно - практ. конф. - Кызылорда: КГУ имени Коркыт Ата. 13-15 ноября, 2014. – С. 60-68.

3. Nurgaliev N.Sh., Bekzhanov S.Zh., Tautenov I.A., Nurgalieva A.A., Nassimov M.O. The Influence of Mineral Fertilizers on the Chemical Composition of Verdurous Masses of Forder Crops. American Journal of Agricultural and Biological Sciences Volume 10, Issue 3 Published On: September 30, 2015. – P. 137-143.

4. Шепель Н.А. Сорго. Волгоград, 1994. – 448 с.

5. Сарсенбаев Б.А. Сорго сахарное перспективная культура многоцелевого назначения // Известия Национальной академии Республики Казахстан . Серия биол. и мед. наук . 2014. №3. – С. 3-9.

6. Уджуху А.Ч. Регулирование почвенного плодородия в рисовых севооборотах / А.Ч.Уджуху, В.Ф.Шашченко. – Краснодар: Сов. Кубань, 2003. – 192 с.

7. Режим орошения сорго в Алма-атинской области. Рекомендации. - Алма-Ата, Кайнар. - 1982. - 20 с.

**ҒТАМР 68.31.21:**

## **ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БАҚША ДАҚЫЛДАРЫН ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ**

**Бегалиев Қ.Б.<sup>1</sup>**, а-ш.ғ.к.,

**Жанзақов М.М.<sup>1</sup>**, а-ш.ғ.к.,

**Буланбаева П.У.<sup>2</sup>**, PhD, қауымдастырылған профессор,

**Кенжалиева Б.Т.<sup>2</sup>**, а-ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор

<sup>1</sup>*Ы.Жахаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,  
Қызылорда қ., Қазақстан*

<sup>2</sup>*Қоркыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан*

**Андатпа.** Қызылорда облысының жағдайында қауын дақылының өнімділігін арттыруға бағытталған агротехникалық шаралар зерттелді. Қауынның өнімін арттыру және сапасын жақсарту үшін тамшылатып суару, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, топырақты дұрыс өңдеу және өсімдікті қолайлы кезеңдерде күту жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері тамшылатып суару әдісінің тиімді екенін көрсетіп, 1 гектарға 38,0 т өнім алуға мүмкіндік береді. Бұршак тұқымдас дақылдар топырақтың қасиеттерін жақсартып, қауынның сапасы мен өнімділігін жоғарылатуға әсер етеді.

**Кілт сөздер:** қауын, агротехника, тамшылатып суару, өнімділік, Қызылорда облысы.

**Кіріспе.** Қызылорда облысының табиғи-климаттық ерекшеліктері бақша дақылдарын өсіруге қолайлы. Әсіресе, қауын дақылының өнімділігін арттыру бағытындағы зерттеулер осы салада ғылыми негізделген агротехникалық шараларды қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Бұл аймақ Орта Азия елдерімен климаттық ұқсастыққа ие болғандықтан, олардың тәжірибесі мен озық әдістерін жергілікті жағдайға бейімдеу маңызды [1-3].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Бақша өнімдері мен сапасын ғылыми негіздемелерге сүйене отырып, көрші облыстың өндірістік озық тәжірибе жетістіктерін негізге ала отырып, жергілікті жерімізге бейімдеу бағытында жұмыстар атқарылуда. Бақша шаруашылығы қол еңбегін көптеп қажет ететін сала [4-7].

Дақылды орналастыру: (ауыспалы егіс жүйесі) Жергілікті жерге бейімделген сортты тұқым, топырақ құрамы мен құрылымы ортасы. Жер айдау өндеу механизм күшімен атқарылып, егу СБУ-2.4 агрегатымен жүргізіледі. Суару, тыңайтқыш жүйесі тамшылатып суару (фертигация) әдісімен әр ұяға (локалды) беріліп, су және еңбек ресурстары, тыңайтқыш мөлшері 50-60% үнемделеді. Қатар аралықтары «МТЗ-82, фреза» агрегатымен, арам шөптен тазартылып, топыраққа араласып органикаға айналады.

Ауыспалы егіске орналасқан бақша дақылдары ауруға аса көп шалдықпайды, зиянкестерден қауын шыбынына қарсы гүлдер алдында, түйнек салғаннан кейін 2 рет моторлы агрегатымен «Нукель» препаратымен өңделеді. Бақша дақылын күтіп баптау жинау кезеңдеріндегі қол жұмыс түрлері: қауын түбін көму, қауын өркендерін реттеу, жинау. Осындай инновациялық тәсілмен жүргізілген тәжірибе нәтижелер негізінде механизм күшімен жұмыстың 85-90%, қол жұмысы 10-15% атқарылып, диқандардың еңбек өнімділігі еселеніп артады. Өнімнің өзіндік құны төмендеп, шаруашылық экономикасы артып, еңбеккерлердің тұрмыстық әл ауқаты жақсарайды (кесте).

Кесте. 1га қауын дақылын әртүрлі тәсілмен еккенде өсімдік саны мен өнімділікті анықтау

Егу тәсілі	Дақыл аты	Ара қашықтығы, см	Ұядағы 1 өсімдік көлемі	1га өсімдік	1 өсімдіктегі	Жемісінің орташа	1 мғ өнім	1га/т өнімі
------------	-----------	-------------------	-------------------------	-------------	---------------	------------------	-----------	-------------


		Қатар аралығы	Қатар аралығы							
Қатарлап егу	Қауын	280	210	2	5,8	172 4	2,4	5,6	12,7	22, 0
	Қауын	210	210	2	4,4	227 2	2,3	5,4	12,4	28, 2
	Қауын	210	140	1	2,9	344 8	2,1	4,8	10,0	34, 5
Тік бұрышты шаршы ұялы	Қауын	280	280	2	7,8	128 2	2,7	6	16,2	20, 7
	Қауын	280	220	1	6,2	161 2	2,5	5,7	14,3	23, 0
Ленталы тамшылатып суару	Қауын	200	0,90	1	1,8	555 6	1,8	3,8	6,8	38, 0
	Қауын	220	100	1	2,8	454 5	2,0	4,1	6,2	28, 2

Қауынды егу тәсілінің ең тиімдісі тамшылатып суару әдісімен қатар аралығы 200см \* 0,90см өнімі 1га 38,0т/га.

Қызылорда өңірінде қауынның тауарлы өнімдерін өндіруге табиғаты өте қолайлы, мұнда дәмділігі тіл үйретін тағамдық бағыттағы өнімнің сұранысы мен ұсынысы өте жоғары. Қауын-егіншілік саласы өңірде ертеден қалыптасқан сала. Бақша дақыл өнімі мен сапасы дақылды орналастыру және де т.б көптеген факторларға тікелей тәуелді. Бақша дақылдары тың жерлерге сондай-ақ, 3 жылдық жоңышқа қыстақтарына, жеңіл саздақ құмшауыт жерлерге орналастырылады:

- |           |           |
|-----------|-----------|
| 1 нобай   | 2 нобай   |
| 1.жоңышқа | 1.жоңышқа |
| 2.жоңышқа | 2.жоңышқа |
| 3.жоңышқа | 3.жоңышқа |
| 4.бақша   | 4.бақша   |
| 5.бақша   | 5.жүгері  |
|           | 6.бақша   |

Бұршақ тұқымдас дақылдардан жердегі азот тынайтқышын молайып, отамалы дақыл топырақтық физикалық қасиеттерін жақсартып бақша дақылына жақсы алғы дақыл ретінде қауынның өнімімен сапасын аттырады (сурет).



Сурет. Бақша шаруашылығын дамытудың озық технологиясы

Ауыл шаруашылық саласында шикі затпен ғана шектелмей, өндірілген өнімдерді түрлі бағытта пайдалану, ең соңғы операция терең өңдеу яғни бақша өнімдерімен халықты жыл он екі ай қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетін де арттыру. Бақша шаруашылығының даму перспективасының негізі.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, Қызылорда облысында бақша дақылдарын, әсіресе қауын өсіруді дамыту үшін: тамшылатып суару әдісін кеңінен қолдану; жергілікті жағдайға бейімделген сорттарды пайдалану; ауыспалы егіс жүйесін сақтау барысында жоғары өнім алумен қатар, шаруашылықтардың экономикалық тиімділігі артады. Ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасы мен нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі жақсарады.

**Аннотация:** В условиях Кызылординской области исследованы агротехнические мероприятия, направленные на повышение урожайности культуры дыни. Для увеличения урожайности и улучшения качества плодов применялись такие методы, как капельный полив, рациональное использование удобрений, правильная обработка почвы и уход за растениями на соответствующих этапах. Результаты исследования показали эффективность капельного полива, обеспечивающего



урожайность до 38,0 т/га. Бобовые культуры улучшили физические свойства почвы, способствуя повышению качества и урожайности дыни.

**Ключевые слова:** дыня, агротехника, капельный полив, урожайность, Кызылординская область.

**Abstract.** The study examines agricultural practices to increase melon yield in the conditions of the Kyzylorda region. To enhance yield and improve fruit quality, techniques such as drip irrigation, efficient use of fertilizers, proper soil management, and timely plant care were applied. The results showed that drip irrigation was highly effective, allowing a yield of up to 38,0 t/ha. Leguminous crops enriched soil properties, thus contributing to the improved quality and yield of melons.

**Keywords:** melon, agricultural practices, drip irrigation, yield, Kyzylorda region.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гуцалюк Т., Эренбург П. Бахчеводство. – Алматы: «Қайнар», 2012. – С. 12-16.
2. Жанзақов М.М., Бегалиев Қ.Б. Агрономия негіздері (1 бөлім). – Алматы: «Эпиграф» 2021. – С. 28-37.
3. Жанзақов М.М., Бегалиев Қ.Б. Агрономия негіздері (2 бөлім). – Алматы: «Эпиграф» 2021. – С. 42-54.
4. Бейсенов Қ.А., Бегалиев Қ.Б. Система сельскохозяйственных производства Кызылординская области. -
5. Филатов А.И. Бахчеводство. - Москва. – 2019. – С. 41-57.
6. Колебошина Т. Г., Егорова Г. С., Варивода Е. А., Шапошников Д. С. Значение селекции бахчевых культур в развитии отрасли бахчеводства // Известия НВ АУК. - 2017. - №1 (45). – С. 90-97.
7. Цепляев А. Н., Абезин В. Г., Шапров М. Н., Цепляев В. А. Комплексная механизация бахчеводства на основе инновационных технологий// Известия НВ АУК. - 2008. - №4. – С. 172-177.

**GTAMP 70.25.18: 68.31.21:**

**ҚАЗАҚСТАНДА ТӨГІНДІ ЛАС СУЛАРМЕН  
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ DAҚЫЛДАРЫН СУҒАРУДЫҢ  
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТАЗАРТУ ӘДІСТЕРІ**

**Баймаханов Ө.С.**, МРОЗ-24-1д оқу тобының докторанты  
**Мүсіреп А.П.**, МРОЗ-24-1д оқу тобының докторанты  
**Өмірзақов С.Ы.**, ғылыми жетекші, техника ғылымдарының  
докторы, профессор, ҚР ҰАҒА академигі

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан*

**Аңдатпа:** Су тапшылығы жағдайында төгінді суларды екінші мәрте пайдалану технологиясын дамыту өзекті мәселе болып табылады. Қызылорда облысында төгінді суларды қосымша тазарту арқылы ауылшаруашылығы дақылдарын суаруға пайдалану мүмкіндігі зерттелуде. Төгінді суларды тиімді тазарту және залалсыздандыру арқылы оларды қайтадан ауылшаруашылығы қажеттіліктеріне қолдану өңірдегі су ресурстарының тиімділігін арттырып, экологиялық және экономикалық тиімділігін қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері төгінді суларды ауылшаруашылығында қолдану мүмкіндігін көрсетті, бұл су ресурстарының тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

**Кілт сөздер:** *төгінді сулар, тазарту, ауылшаруашылығы, су ресурстары, Қызылорда облысы.*

**Кіріспе:** Бүкіл әлем жер қорының жалпы ауданы шамамен 13,50 млрд.га құрайды, ал оның 4,8 млрд.га- адамзат қоғамы азық-түлік пен ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруді қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы алқаптарына жатады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымында шамамен 0,831 млрд. га сортаң топырақ, оның ішінде тиісінше 0,397 және 0,434 млрд. га сортаң және сортаңданған топырақ бар және сәт сайын әр түрі себептердің әсерінен ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер айналымнан шығып қалуда.

Бүкіл әлемде су тапшылығы салдарынан су көздерін екінші мәрте пайдалану мүмкіншіліктері қарастырылуда. Соның салдарынан Қызылорда облысында төгінді суларды қосымша тазарту арқылы ауылшаруашылығы дақылдарын суғаруға пайдаланудың тиімді технологиясын негіздеу жұмыстары зерттелуде. Жалпы төгінді суларды ағызатын құбырларды адамдар ежелден-ақ қолданған. Египетте б.э.-дан 250 жыл бұрын салынған, төгінді суларға арналған каналдар табылған. Индияда мұндай қондырғылар одан да ертеректе болған. Ежелгі Римде б.э.-дан бұрын VI

ғасырда «Клоака максим» атты ағынды каналы салынған, ол әлі күнге дейін кейбір жерлерде қолданысқа ие. Бірақ мұндай қондырғылар үлкен материалдық шығынды қажет етеді және ол кейбір нысандар үшін ғана жасалған (храмдар, сарайлар, қоғамдық суға шомылатын орындар және т.б.). Орта ғасырдағы қалаларда канализация жүйесі болған жоқ, осының нәтижесінде жұқпалы аурулар кең таралды. Еуропада канализация құрылысы қарқынды XIX ғасырда, бірінші кезекте қалалардың өсуі антропогендік жүктемелердің өсіп жатқан өндірістік дамушы елдерінде (Англия, Германия) басталған болатын.

**Аңдатпа:** Арал-Сырдария бассейнінің су ресурстарын қорғау мәселесі өте өзекті, себебі бұл аймақ экологиялық апат аймағына айналған және су тапшылығы халықтың өмір сапасына, ауыл шаруашылығына, экономикаға үлкен әсерін тигізуде. Бассейндегі су ресурстарының азаюы және сапасының нашарлауы аймақтық деңгейдегі тұрақтылық пен экожүйенің сақталуына үлкен қауіп төндіреді. Өзекті мәселелердің бірі – Арал теңізінің кеуіп, көлемінің күрт азаюы, бұл құбылыс климаттың өзгеруіне және аймақтың экологиялық жағдайының нашарлауына әкелді. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің ластануы және оның суының дұрыс бөлінбеуі де негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

**Кілт сөздер:** су ресурстары, су тапшылығы, су сапасының нашарлауы, тұрақтылық, экожүйе.

**Кіріспе.** Арал-Сырдария бассейні Қазақстан мен Орта Азияның бірнеше мемлекеттерін қамтитын маңызды гидрологиялық аймақтардың бірі. Арал теңізінің тартылуы мен Сырдария өзенінің су деңгейінің төмендеуі өңірдегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына, экономикалық шығындарға және халықтың өмір сүру сапасының төмендеуіне әкеліп соқты. Су ресурстарының жетіспеушілігі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп секторына әсер етіп, аймақтың тұрақты дамуына кедергі келтіруде.

Бұл бассейндің су ресурстарын сақтау мен қорғау мәселесі халықаралық деңгейде үлкен маңызға ие болып отыр. Бассейнді тиімді басқару тек экожүйенің тұрақтылығын қалпына келтіріп қана қоймай, аймақтағы халықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға бағытталған шараларды да қамтиды.



Осыған орай, Арал-Сырдария бассейніндегі су ресурстарын қорғау шараларын әзірлеу табиғи қорларды сақтау, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және су ресурстарын ұтымды пайдалану жолдарын іздеуді қажет етеді [1-3].

**Материалдар мен тәсілдер:** Су ресурстарын қорғау шараларының басты мақсаты – судың сапасын сақтау, экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету және су ресурстарының сарқылуын болдырмау. Қазақстандағы су ресурстарын қорғау мәселелері ерекше назарға алынған, себебі еліміздің кейбір аймақтарында су жеткіліксіздігі байқалады. Су ресурстарын тиімді басқару үшін су пайдалану мен қоршаудың кешенді тәсілдері қажет.

Негізгі шаралар мыналарды қамтиды:

1. Суды үнемдеу және тиімді пайдалану: Бұл үшін жаңа су үнемдеу технологияларын енгізу және ескі инфрақұрылымды жаңғырту керек .

2. Судың ластануын алдын алу: Су қоймалары мен өзендердің экологиялық жағдайын қорғау үшін химиялық заттар мен улы қосылыстардың шекті мөлшерлерін сақтау қажет .

3. Су ресурстарын басқарудың құқықтық реттелуі: Су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру үшін халықаралық және ұлттық деңгейде заңнамалық шаралар қабылданады. Қазақстанда әртүрлі су бассейндерінде арнайы инспекциялар жұмыс істейді, олар су ресурстарын қорғау мен басқаруды қадағалайды .

4. Экологиялық қалпына келтіру жобалары: Арал-Сырдария бассейнінде экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында арнайы жобалар іске асырылуда, мысалы, Солтүстік Аралды қалпына келтіру жобасы

Бұл шаралар су ресурстарын қорғаудың негізі табылады және Қазақстанның тұрақты экологиялық және экономикалық дамуына ықпал етеді.

Бассейннің негізгі ерекшеліктері мен проблемалары:

1. Арал теңізінің тартылуы: Сырдария өзені Арал теңізіне құятын негізгі су көздерінің бірі болғанымен, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Аралдың тартылуы және көлемінің азаюы экологиялық апатқа әкелді. Бұл негізінен суармалы егіншілікті кеңейту мен ирригациялық жүйелердің тиімсіз пайдаланылуынан туындады.

2. Су ресурстарының жетіспеушілігі: Өзен ағысының төмендеуі суарылатын егістік жерлердің ұлғаюымен байланысты, бұл өзен суының деңгейіне және сапасына үлкен әсер етті. Сондай-ақ климаттың өзгеруі мен аймақтағы халық санының өсуі су тапшылығын одан әрі тереңдетуде.

3. Су сапасының нашарлауы: Өзен сулары ауыл шаруашылығындағы тыңайтқыштар мен пестицидтер, сондай-ақ өнеркәсіптік қалдықтармен ластанып, олардың сапасын төмендетеді. Бұл экожүйелердің нашарлауына және жергілікті тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіреді.

4. Аймақтық су ресурстарын басқару: Бассейн бірнеше мемлекеттердің аумағында орналасқандықтан, су ресурстарын басқару және бөлісу мәселелері бойынша мемлекеттер арасында келіспеушіліктер туындайды. Бұл су тапшылығы жағдайын нашарлатып, экологиялық мәселелерді шешуді қиындатады.

5. Экологиялық тұрақтылықты қалпына келтіру жұмыстары: Соңғы жылдары аймақта Аралды қалпына келтіру және су ресурстарын тиімді басқару бойынша түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде Сырдария өзенінің ағысын реттеу және Кіші Арал теңізін сақтау жобалары аймақтың экологиялық тұрақтылығын жақсартуға бағытталған.

Арал-Сырдария бассейнін сақтау және оны тиімді басқару үшін кешенді шаралар қабылдау қажет, оның ішінде су ресурстарын бөлісуде көрші мемлекеттермен ынтымақтастықты күшейту, суды үнемдеуді ынталандыру және экологиялық жобаларды жүзеге асыру басты бағыттар болып табылады.

Арал-Сырдария бассейнінің су ресурстарын қорғау үшін бірқатар шаралар әзірлеу маңызды, себебі бұл аймақтың экологиялық жағдайы тұрақсыз және су ресурстарының жетіспеушілігі байқалады. Су ресурстарын қорғау бойынша төмендегідей негізгі шараларды ұсынуға болады:

1. Су ресурстарын тиімді пайдалану: Ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте суды үнемдеу технологияларын енгізу. Тамшылатып суару, жаңбырлатып суару сияқты үнемді суару әдістерін кеңінен қолдану.

2. Топырақ және су эрозиясын бақылау: Жердің тозуын болдырмау үшін топырақты қорғау әдістерін қолдану, соның ішінде ағаш отырғызу және қорғаныштық ормандарды құру.

3. Суды ластаудан қорғау: Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды тазарту жүйелерін жетілдіру. Ластануды болдырмау үшін суды қайта пайдалану технологияларын дамыту және енгізу.

4. Халықаралық ынтымақтастық: Арал-Сырдария бассейніндегі су ресурстарын басқару аймақтық мәселе болғандықтан, көршілес елдермен тиімді ынтымақтастық орнату маңызды. Бірлескен су ресурстарын басқару стратегияларын әзірлеу және келісімдерге қол жеткізу қажет.

5. Жергілікті экожүйені қалпына келтіру: Арал теңізі аймағындағы экожүйелерді қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыру, су қоймаларын тиімді басқару және жаңа жасанды су қоймаларын құру арқылы табиғи су балансын қалпына келтіру шараларын жүргізу.

6. Халықты ақпараттандыру және білім беру: Су ресурстарын қорғаудың маңыздылығы туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Су үнемдеу және оны тиімді пайдалану туралы білімді арттыру.

Бұл шаралар аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға және су ресурстарын ұзақ мерзімді қорғауға мүмкіндік береді [4-6].

**Қорытынды:** Қорытындылай келе, су ресурстарын қорғау шаралары қоршаған ортаның тұрақты дамуы үшін маңызды болып табылады. Бұл шаралар табиғи су көздерін үнемді пайдалану мен экологиялық қауіпсіздікті сақтау үшін бағытталған. Оған су үнемдеу технологияларын енгізу, жерасты су көздерін қорғау, су сапасын бақылау, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және климаттық өзгерістерге бейімделу шаралары кіреді.

Су ресурстарын басқаруды тиімді жүргізу үшін трансшекаралық су ағындарын қорғау, халықты экологиялық біліммен қамту және жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу аса маңызды. Мысалы, су үнемдеудің озық әдістері, ақылды суару жүйелері, жаңбыр суын жинау сияқты шаралар суды үнемдеуді және экологиялық әсерді азайтуды мақсат етеді.

Су ресурстарын қорғау үшін кешенді стратегия мен нақты іс-шаралар жоспары қажет. Ол су сапасын жақсарту, экологиялық зиянды азайту, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету бағытында жүзеге асырылуы тиіс.

**Аннотация:** Вопрос охраны водных ресурсов аральско-Сырдарьинского бассейна очень актуален, так как этот регион стал зоной экологической катастрофы, и нехватка воды оказывает большое влияние на качество жизни населения, сельское хозяйство, экономику. Сокращение и ухудшение качества водных ресурсов в бассейне представляют серьезную угрозу стабильности и сохранению экосистем на региональном уровне. Одной из актуальных проблем является пересыхание и резкое уменьшение объемов Аральского моря, явление, которое привело к изменению климата и ухудшению экологической обстановки региона. Кроме того, загрязнение реки Сырдарья и неправильное распределение ее воды также являются одними из основных проблем.

**Ключевые слова:** водные ресурсы, нехватка воды, ухудшение качества воды, устойчивость, экосистема.

**Annotation:** The issue of protecting the water resources of the Aral-Syrdarya Basin is very relevant, as this region has become an ecological disaster zone and water scarcity has a huge impact on the quality of life of the population, agriculture, and the economy. The decline and deterioration of Water Resources in the basin pose a serious threat to sustainability and ecosystem preservation at the regional level. One of the most pressing problems is the drying up of the Aral Sea and a sharp decrease in volume, this phenomenon has led to climate change and a deterioration in the ecological situation in the region. In addition, one of the main problems is the pollution of the Syrdarya River and the incorrect distribution of its water.

**Keywords:** water resources, water scarcity, water quality degradation, sustainability, ecosystem.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кузьмин, В. П. (2005). *Арал теңізінің экологиялық мәселелері және оның салдары*. - Алматы: Ғылым. – 2005.
2. Шарипов, М. Ш. (2014). *Арал-Сырдария бассейні: экологиялық ахуал және су ресурстарын басқару мәселелері*. Ташкент: Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы. - 2014.
3. Қойшыбаев, А. Т., Қалиев, Ә. А. (2012). *Қазақстанның су ресурстарын басқару мәселелері*. Алматы: Қазақ университеті. - 2012.
4. Аманжолов, Ә. М., Мұсабеков, А. Ш. (2010). *Су ресурстары және экология*. Астана: Елорда. - 2010.
5. Сидоров, В. Л., Громов, В. П. (2018). *Климаттың өзгеруі және су ресурстарын басқару: Арал-Сырдария бассейні бойынша зерттеулер*. Алматы: Білім. – 2018.
6. Рахманкулов, С.М. (2017). *Арал-Сырдария бассейнінің экологиялық жағдайы және су мәселелерін шешу жолдары*. Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. – 2017.

ҒТАМР 68.31.21:

### ҚЫЗЫЛОРДА СУАРМАЛЫ МАССИВІНДЕ ҚАШЫРТҚЫ-КӘРІЗ СУЛАРЫН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫН СУАРУҒА ПАЙДАЛАНУ

**Айбекқызы А.**, МРОЗ-24-1д оқу тобының 1-курс докторанты,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан*

**Аңдатпа:** Қызылорда облысындағы суармалы жерлердің гидрогеологиялық-мелиоративтік жағдайларын жақсарту және су ресурстарын тиімді пайдалану маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мақалада коллекторлық-дренаждық суларды қайта пайдалану және суармалы егіншіліктің жағдайына әсерін зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеуде су ресурстарының тапшылығын азайту және жердің құнарлығын арттыру мақсатында түрлі технологиялар мен шаралар талданды. Қорытындысында су ресурстарын ұтымды басқарудың тиімді әдістері мен суармалы жерлерді жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

**Кілт сөздер:** гидрогеологиялық-мелиоративтік жағдай, су ресурстары, коллектор-дренаж сулар, Қызылорда облысы, суармалы жерлер.

**Кіріспе.** ХХІ ғасырдың ең өзекті проблемасы – су. Расында адамзат үшін ауадан кейінгі қажеттілік суда. Сусыз тіршілік тығырыққа тіреліп, жойылу қаупі төнеді. Ал су – шектеулі ресурс. Қазір әлем елдері арасында оның көзін иелену үшін күрес шиеленісіп, кейбір аймақтарда геосаясаттың аса маңызды факторына айналып келеді. Бүгінде су қорының проблемасы ең өткір болып отырған аймақ – Африка және Орталық Азия. Оның ішінде Қазақстанның жағдайы – өте күрделі. Елдегі су ресурсының 40% астамын құрайтын Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу секілді елдің бас өзендері көрші Ресей, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстаннан бастау алады.

Оңтүстіктегі жағдай да осыған ұқсас. Мысалы, Сырдария өзенінің жағдайын қысқаша шолайық. Ішкі нарықты Түркістан облысының Жетісай, Мақтаарал, Шардара аудандары мақта, жеміс-жидек пен бақша дақылының жартысына жуығымен қамтып, Қызылорда облысы күріштің 90% өндіріп отыр десек, мұның бәрі Сырдың ырысы екендігі анық [1-2].

Күріш алқаптарының көлемін қазіргі деңгейден күрт азайтуға болмайтыны және күріш өсіруге су үнемдейтін тамшылатып немесе жаңбырлатып суару технологиясын қолдану мүмкін еместігі белгілі. Тығырықтан шығудың бір жолы – ауыспалы егіс тәртібін сақтай отырып, лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізу маңызды. Бұл – суды үнемдеудің ең тиімді жолы. Мәселен, күрішті 1 гектар аумақта өсіріп, баптау кезеңінде 28 – 32 мың текше метр аралығында су жұмсалатын болса, лазерлік тегістеуден өткен жерлерде су шығыны 24 мың текше метрге дейін төмендейді.

Мемлекет басшысының қолдауымен су тапшылығын төмендетуге нақты шаралар қабылданды. Президентіміз аталған күрделі мәселені саясиландыруға жол бермей, Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөз жүргізіп, тиісті көлемдегі судың бөлінуіне жағдай жасады. Ал трансшекаралық өзендер арқылы ел аумағына келген суды тиімді пайдалануды үйлестіру – Үкіметтің тікелей жауапкершілігінде.

Арал-Сырдария су шаруашылық бассейнінде суармалы егіншіліктің қарқынды дамуы Сырдария өзенінің суының сапасына күрт әсер етіп, екі негізгі салдарға алып келді. Яғни, тұщы су қоры азайды және қашыртқы-кәріз суларымен бірге ластаушы заттардың көлемі артты, оның ішінде негізгілері әртүрлі улы тұздар болып табылады. Нәтижесінде әртүрлі агрохимикаттардың қалдықтарымен ластанған суармалы жерлерден шыққан қашыртқы-кәріз сулары өзен суымен араласып, өзендегі қалған су ресурстарының сапасын нашарлатып отыр. Сонымен қатар тұздар мен агрохимиялық қалдықтармен ластанған ауыл шаруашылығы саласынан бөлек, ірі облыстардан шыққан өнеркәсіптік және коммуналдық саланың зиянды заттарының әсерінен болып жатқан ластануларды да айта кеткен жөн. Қазақстан аумағындағы Сырдария өзенінің суының сапасы Өзбекстан



территориясынан келіп түсетін ластаушы заттардың әсерінен қалыптасады. Көкбұлақ ауылы (шекара бекеті) маңындағы учаскеде өзен суына орташа жылдық көрсеткішпен 4 ШРК (шекті рауалы концентрация) тең нитриттер мен фенолмен ластанған сулар тасталады, сондай-ақ ондағы темір және мұнай өнімдері 1 ШРК дейін жетеді. Талдау үлгілерінің көпшілігінде нитриттердің мөлшері нормадан асып түседі, алайда бұл көрсеткіш бойынша ластанудың жоғары деңгейі, әдетте, байқалмайды. Вегетациялық кезеңде пестицидтермен айтарлықтай ластану байқалады. Шардара су қоймасының төменгі бөлігінде судағы пестицидтердің мөлшері айтарлықтай төмендейді, ал басқа ластаушы заттардың концентрациясы жоғары деңгейде қалып отыр. Өзеннің төменгі ағысында пестицидтермен ластану деңгейі жоғарылайды да қазіргі (Қазалы) атырауы аймағында ең жоғарғы көрсеткішке жетеді. Өзеннің осы бөлігінде басқа ластаушы заттардың ішінде мұнай өнімдерінің, нитритті азот пен органикалық заттардың концентрациясының артуы жүйелі түрде байқалады. Қазақстанның суармалы аймағындағы табиғи-экологиялық жағдайға суармалы егіншіліктің әсері Орталық Азия мен Қазақстандағы егіншілікті дамыту Концепциясымен айқындалған [3].

Қызылорда облысы суармалы массивтерінің гидрогеологиялық мелиоративтік жағдайлары оларға әсер етуші факторлар, экологиялық, экономикалық салдарлары талданып, жақсартудың ғылыми-практикалық негіздемелері зерттеліп, ұсыныстар жасалынады. Қазіргі таңда жаһандық климаттың өзгеруі, су ресурстарының тапшылығы әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстік әңірінде, әсіресе, әлем назарындағы Арал аймағында айрықша сезілуде. Су ресурстарын тиімді пайдалану, суармалы егіншілікті қалыптасқан жағдайға бейімдеу және облыстың суармалы жерлерінің гидрогеологиялық-мелиоративтік жағдайларына үздіксіз мониторинг жасап, нәтижелерін талдау және қажетті шешімдер қабылдай отырып, жақсарту бағытында ұсыныстар жасау маңызды. Соңғы жылдары су шаруашылығы бағытында елімізде кешенді бағдарламалар қабылданып, жүзеге асуда. Дегенмен, көп жағдайда ғылыми-практикалық мәліметтердің терең талданбауына немесе толық еместігіне байланысты олардың нәтижелері ойдағыдай болмауды. Сондықтан, бұл мақалада суармалы егіншіліктегі гидрогеологиялық-мелиоративтік жағдайларды Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының мәліметтерін зерттей отырып, нақты талдаулар жасау арқылы ғылыми-практикалық тұжырымдамалар жасалды [4].

Суармалы жерлердің гидрогеологиялық-мелиоративтік жағдайларының қалыптасуы жер асты суларының деңгейіне (ЖСД), олардың минерализациясына, топырақ құрамына, сонымен қатар ирригация, коллекторлы-дрендік жүйелердің жұмыс істеуі, суару суының сапасы, климаттық факторлар, агротехнологиялық шаралардың дұрыс



жүруіне тікелей байланысты. Бүгінгі күні Қызылорда облысының суармалы массивтерінің жағдайлары төмендегідей бағаланады: Жаңақорған-Шиелі массиві – салыстырмалы түрде жақсы; Қызылорда оң жаға және сол жаға массивтері – орташа; Қазалы сол жаға және оң жаға массивтері – ауыр. Әрине, мұндай бағалаулар массивтер аймағында әртүрлі болатындығы белгілі. Сондықтан, массивтердің жағдайын бағалау және жақсарту бағытындағы шаралар аса маңызды болып табылады.

**Қорытынды.** Суару жүйелерін пайдалану сапасының төмендігі және кәріздік жүйелердің нашар жұмыс істеуі жағдайында жер асты суларының минерализациялануы 249 жоғары аудандардың ұлғаю үрдісі байқалады. Бұл жағдай болашақта топырақтың тұздық режиміне теріс әсер етуі мүмкін, әйткені тұздың жинақталу қарқындылығы жер асты суларының тереңдігіне ғана емес, сонымен қатар олардың минерализациялануына да байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, күріш алып жатқан тұзды топырақты мелиорациялау – тұздардың еруіне әсер ететін барлық факторлар дұрыс үйлескенде ғана сәтті және тиімділігі жоғары болуы мүмкін екендігін дәлелдейді. Бұған, ең алдымен, топырақты дұрыс әндеу, күріш ауыспалы егісінде әртараптандыру дақылдарының үлес салмағын арттыру, ауыспалы егіс жүйесін сақтау, суару жүйесін дұрыс пайдалану факторлары жатады. Сондықтан қалыптасып отырған жағдайда суармалы егістік жерлерінде гидрогеологиялық, экологиялық-мелиоративтік жағдайларын мониторинг жасау арқылы өзгерістерді оң бағытта қалыптастыру шараларын жобалау аса маңызды болып табылады.

**Аннотация:** Улучшение гидрогеолого-мелиоративного состояния орошаемых земель Кызылординской области и рациональное использование водных ресурсов является одной из ключевых задач региона. В данной статье представлены результаты исследования повторного использования коллекторно-дренажных вод и их влияния на состояние орошаемых земель. Исследование анализирует меры и технологии, направленные на снижение дефицита водных ресурсов и повышение плодородия почвы. В заключении даны рекомендации по эффективному управлению водными ресурсами и улучшению состояния орошаемых земель.

**Ключевые слова:** гидрогеолого-мелиоративное состояние, водные ресурсы, коллекторно-дренажные воды, Кызылординская область, орошаемые земли.

**Abstract:** Improving the hydrogeological and reclamation conditions of irrigated lands in the Kyzylorda region and the rational use of water resources are key tasks for the region. This article presents the results of studies on the reuse of collector-drainage water and its impact on the state of irrigated lands. The research analyzes measures and technologies aimed at reducing water

resource deficits and increasing soil fertility. Recommendations for effective water resource management and improving the condition of irrigated lands are provided.

**Keywords:** *hydrogeological and reclamation conditions, water resources, collector-drainage water, Kyzylorda region, irrigated lands.*

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Т.П.Мейірманов, М.С.Сабыров, Р.Б.Жұмабаев «Қазақстандағы суармалы жер және оның тиімділігі. Алматы «Қайнар» 1982.
2. <file:///D:/Agriculture-2024-2-69.pdf>
3. <https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2022/12/CA.D>
4. <https://egemen.kz/article/337427-su-tapshylyghy-sebebi-men-saldary>

**2-секция: Сарқынды суларды тазарту технологиялары**

УДК ---- 502.37

**СИНТЕЗ И ХАРАКТЕРИЗАЦИЯ КОМПОЗИТНОГО МАТЕРИАЛА  
НА ОСНОВЕ АКТИВИРОВАННОГО УГЛЯ ДЛЯ СОРБЦИИ ЦЕЗИЯ**

**Кунарбекова М.С.**, магистр технических наук,  
**Сеймуханова Л.Н.**, магистр технических наук,  
**Жантикеев У.Е.**, магистр технических наук,  
**Сапаргалиева И.О.**, бакалавр технических наук,  
**Кудайбергенов К.К.**, PhD, ассоц. профессор,  
**Азат С. PhD.**, ассоц. профессор лаборатории инженерного профиля

*Satbayev University, г.Алматы, Казахстан*

**Аннотация.** Очистка воды от радиоактивного цезия-137, известного своей высокой токсичностью и длительным периодом полураспада, является важной экологической задачей. В рамках данного исследования разработаны композитные материалы на основе активированного угля, подвергнутые различным методам модификации для повышения сорбционной способности. В частности, были использованы термическая активация при 800°C, обработка гидроксидом калия (KOH), модификация мочевиной и ферроцианидной пропиткой (PB). Экспериментальные результаты показали, что такая комбинированная модификация существенно увеличивает способность угля сорбировать ионы цезия, обеспечивая их почти полное удаление из растворов. Предложенный подход имеет значительный потенциал для разработки систем водоочистки, способных эффективно задерживать радиоактивные элементы.

**Ключевые слова:** активированный уголь, композитный материал, сорбция цезия, очистка воды, радионуклиды

Удаление радиоактивных изотопов цезия из окружающей среды — одна из приоритетных задач современной экологии и ядерной безопасности [1]. Радиоактивный цезий-137, возникающий в результате ядерных реакций и аварий на атомных электростанциях, имеет длительный период полураспада и высокую биологическую активность, что представляет серьезную угрозу для здоровья людей и состояния экосистем [2-3].

Среди различных подходов к очистке водных ресурсов от ионов цезия особое внимание уделяется сорбции с использованием активированного угля. Активированный уголь отличается развитой

пористой структурой и большой удельной поверхностью, что придает ему отличные сорбционные свойства. Однако для увеличения селективности и сорбционной емкости по отношению к ионам цезия становится актуальным создание композитов на его основе с добавлением функциональных компонентов [4]. Цель данного исследования заключается в синтезе композитного материала на основе активированного угля и оценке его сорбционных характеристик в отношении ионов цезия.




Рисунок 1 – Диаграмма сорбции Cs+ модифицированных активированных углей

Диаграмма наглядно показывает, что сорбционная способность ионов цезия (Cs+) сильно зависит от способа модификации активированного угля. Максимальную сорбцию, почти 100%, показал образцы, обработанные одновременно гидроксидом калия (KOH) и ферроционидной пропиткой (PB). Это указывает на то, что сочетание KOH и PB значительно улучшает сорбционные свойства материала, за счёт формирования более развитой пористой структуры и появления активных групп, способных лучше взаимодействовать с ионами цезия.

Образцы, прошедшие только термическую активацию, такие как RH 800 и BH 800, показали низкий уровень сорбции, что свидетельствует о том, что одной термической обработки недостаточно для эффективной сорбции цезия. Даже модификация KOH или мочевиной по отдельности дала менее впечатляющие результаты, чем их сочетание с ферроционидной пропиткой. Это подчеркивает ключевую роль ферроционидной пропитки в повышении сорбционных свойств композита.

#### **Благодарность**

Исследование проведено при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан по проекту грантового финансирования AP19577049 «Синтез, характеристика

и физико-химическое исследование сорбентов биомассового происхождения для очистки промышленных вод от радионуклидов».

**Аннотация.** Суды радиоактивті цезий-137-ден тазарту, оның жоғары уыттылығы мен ұзақ жартылай ыдырау кезеңіне байланысты маңызды экологиялық мәселе болып табылады. Осы зерттеу аясында сорбциялық қабілетін арттыру мақсатында әртүрлі модификациялық әдістерден өткен активтелген көмір негізіндегі композитті материалдар әзірленді. Атап айтқанда, 800°C-тағы термиялық активация, калий гидроксидімен (KOH) өңдеу, мочевиімен және ферроцианидтік (PB) модификация қолданылды. Эксперименттік нәтижелер мұндай кешенді модификация көмірдің цезий иондарын сорбциялау қабілетін айтарлықтай арттырып, оларды ерітінділерден толық дерлік алып тастауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Ұсынылған тәсіл радиоактивті элементтерді тиімді ұстауға қабілетті су тазарту жүйелерін әзірлеуге үлкен әлеуетке ие.

**Тірек сөздер:** активтелген көмір, композитті материал, цезий сорбциясы, су тазарту, радионуклидтер

**Annotation.** Water purification from radioactive cesium-137, known for its high toxicity and long half-life, is a critical environmental challenge. In this study, composite materials based on activated carbon were developed and modified using various methods to enhance their sorption capacity. Specifically, thermal activation at 800°C, treatment with potassium hydroxide (KOH), modification with urea, and ferrocyanide impregnation (PB) were employed. Experimental results demonstrated that this combined modification significantly increases the carbon's ability to sorb cesium ions, achieving near-complete removal from solutions. The proposed approach shows strong potential for developing water purification systems capable of effectively capturing radioactive elements.

**Key words:** activated carbon, composite material, cesium sorption, water purification, radionuclides

#### **Список литературы:**

1. Танкевич Е.А., Никитин А.Н., Концевая И.И., Симончик Ю.К. Изменение биологической доступности цезия-137 в торфяной почве из зоны отчуждения чернобыльской аэс при развитии в ней различных физиологических групп почвенных микроорганизмов // Веснік МДПУ імя І. П. Шамякіна. 2023. №2 (62).

2. Комиссарова О.Л., Парамонова Т.А., и другие. Сравнительный анализ биологической миграции цезия-137 и стабильного калия в агроценозах черноземной зоны// Вестник Московского университета. Серия 17. Почвоведение. 2022. №4.

3. Sokolovsky P. V. et al. Сорбция радионуклидов цезия из водных растворов на природных и модифицированных глинах //Сорбционные и хроматографические процессы. – 2014. – Т. 14. – №. 5.

4. Kunarbekova, M., Busquets, R., Sailaukhanuly, Y., Mikhalovsky, S., Toshtay, K., Kudaibergenov, K., & Azat, S. (2024). Carbon adsorbents for the uptake of radioactive iodine from contaminated water effluents: A systematic review. *Journal of Water Process Engineering*, 67, 106174. <https://doi.org/10.1016/j.jwpe.2024.106174>

---

UDC 546.05+661.183.

**Күріш сабаны мен қауызын мұнай шламымен бірге өңдеуде  
байланыстырғыштарды пайдалану арқылы түйіршіктелген  
белсендірілген көмір алу**

**Диярова Б.М. магистр, аға оқытушы**  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

E-mail: [banu\\_92\\_06@mail.ru](mailto:banu_92_06@mail.ru)

**Аннотация:** Бұл зерттеу жұмысында күріш қалдығымен мұнай шламын байланыстырушылармен бірге өңдеу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алу үрдістері зерттелді. Күріш қалдығы мен мұнай шламына 5 түрлі байланыстырушыны, атап айтсақ, лигносульфонат, карбоксиметилцеллюлоза, крахмал, желатин және поливинилацетат желімін пайдалану арқылы белсендірілген көмір түйіршіктералынды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша түйіршіктелген белсендірілген көмір алудың оңтайлы қатынасы ретінде күріш қауызы:мұнай шламы:желатин = 9:1:2 қатынасы болатыны анықталды. JSM-6510 LA – сканерлеуші электронды микроскоп көмегімен түйіршіктелген белсендірілген көмір құрылымы зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша 9:1:2 қатынастағы күріш қауызы мен мұнай шламына желатинды қосу арқылы алынған белсендірілген көмір БАУ-МФ маркасына сәйкес келеді.

**Кілт сөздер:** белсендірілген көмір, күріш қауызы, күріш сабаны, мұнай шламы, байланыстырғыш, белсендіру, карбонизация, түйіршік.

**Кіріспе.** Қарқынды дамып келе жатқан әлем елдері алдында су мен ауаны ластаушы заттардан тазарту және ауылшаруашылық қалдықтары мен мұнай қалдықтарын кәдеге жарату қазіргі таңдағы өзекті экологиялық мәселелердің бірегейі. Ауылшаруашылық қалдықтарының бірі күріш қалдығына тоқталатын болсақ, жыл сайын күрішке деген қажеттіліктің өсуіне байланысты күріш өндірісі қарқынмен жүргізілуде, мысалы



Қазақстанда Қызылорда облысының өзінен 2018 жылы 473 мың тонна, 2019 жылы 530 мың тонна, 2020 жылы 551 мың тоннадан астам күріш өндірілген. Күрішті өңдеу барысында әр тоннасына 0.2 тонна күріш қауызы және 1.35 тонна күріш сабаны қалдығы қалады. Жиналған қалдықты пайдалану және кәдеге жарату бойынша жұмыстар екі бағыт бойынша жүргізілген, яғни күріш қалдығын өртеу арқылы жылу және электр энергиясын өндіру және күріш қалдығының минералды құрамдас бөлігінен кремний диоксидін алу. Сонымен қатар, күріш қалдығының негізгі мөлшерін күріш өсірушілер өртейді немесе кәрізге төгеді, яғни бұл жағдай қоршаған ортаның ластануына әкеледі. Екінші мәселе бұл — мұнай қалдықтары. Олар мұнай отынын, майлар мен майлау материалдарын сақтау, тасымалдау, пайдалану процестерінде түзілетін құрамы мен физика-химиялық қасиеттері бойынша әртүрлі көмірсутекті қоспалар және тауарлық сапасын жоғалтқан және мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз мұнай өнімдері. Мұнай қалдықтарын жою барысы әр түрлі жолдармен жүргізіледі. Оларды: қайта өңдейді, тұрақтандырады, өртейді немесе жерге көмеді. Қоршаған ортаға түскен мұнай өнімдері мен мұнай қалдықтары улы және жарылғыш, өртке қауіпті ластағыштар. Мұнай қалдықтарының түзілуі кез-келген қала мен аймақтардың күрделі экологиялық жағдайын нашарлатады. Күріш және мұнай қалдықтарының артуы мәселенің шешу деңгейінің маңыздылығының артып жатқанын көрсетеді. Үшіншіден, осы қалдықтарды тиімді сорбенттерге өндіру саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді енгізудің мәселелері артта қалуында. Күріш қалдықтарымен мұнай қалдықтарын тиімді қолдану Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі су мен ауаны зиянды қоспалардан тазарту жөніндегі іс-шараларды жетілдіруге ықпал етеді. Күріш қалдықтары мен мұнай қалдықтарын қайта өңдеу аймақтық экологиялық жағдайды жақсартуға және экономиканың өсуі үшін маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Күріш қалдықтарын және мұнай қалдықтарын жоғары адсорбциялық қасиеттері бар сорбенттерге қайта өңдеу, бір жағынан, осы қалдықтарды жою мәселелерін шешуге және екінші жағынан, ауыз су мен ағынды суларды тазарту үшін жақсы сорбенттер алуға болады.

Сорбент ретінде көп жағдайда белсендірілген көмір таңдалады, себебі басқа сорбенттерге қарағанда практикалық артықшылығы құрамындағы көміртегіні кез келген шикізаттан, соның ішінде жанама өнімдерден немесе өндірістік процестердің қалдықтарынан да алуға болады [1-5].

Белсендірілген көмір негізінен құрамында көміртегісі бар табиғи, синтетикалық және жасанды материалдардан алынады.

Бұл уақытқа дейін белсендірілген көмір табиғи шикізат көздерінен, яғни күріш сабаны [6] мен қауызы [7], кокос қалдықтары [8], жержаңғақ

қабығы [9], пальма қабығы [10], жаңғақ қабығы [11], жүгері қалдығы және кант қамысы [12] сияқты ауылшаруашылық қалдықтарынан алынған.

Белсендірілген көмір өте ұсақ кеуектердің үлкен көлемдік үлесіне ие болуына байланысты нақты беттің түзілуіне әкеледі [13]. Әдетте белсендірілген көмірдің беткі ауданы 600-ден 1200 м<sup>2</sup>/г дейін, ал кей деректерде 2000 м<sup>2</sup>/г жоғары мәні көрсетілген [14, 15]

Белсендірілген көмірді өндіру технологиясы термоөңдеудің негізгі кезеңдерінен басқа (карбонизация және бу-газды белсендіру), көмір шаңын байланыстырғышпен араластыру және алынған көмірдің құрамын біріктіру процестерін қамтиды.

Карбонизация процесі көміртегі мөлшерін жоғарылатады және бастапқы кеуектілікті қалыптастырады, ал белсендіру процесі ұсақ кеуектердің құрылымын жақсартуға көмектеседі.

Белсендірілген көмірдің алғашқы өнімі биочар — бұл бастапқы материалдағы көміртегі мөлшерін көбейту үшін қыздыру процесін қолдана отырып карбонизация арқылы алынған көміртегі негізіндегі материалдар [16]. Біздің [17] әдебиеттегі зерттеу жұмысымызда биочар алудың оңтайлы жағдайы анықталған. Биочарды химиялық және физикалық жолдармен белсендіру яғни, оны ары қарай жетілдіру арқылы белсендірілген көмір алынады.


Белсендірілген көмір әмбебап және тиімді адсорбент, өйткені оның үлкен беткі ауданы, құрылымы микрокеуекті, жоғары адсорбциялық қасиеті және белсенді реакциялық беті бар. Ол тамақ және химия өнеркәсібінде, ағынды суларды тазартуда, еріткіштерді қалпына келтіруде, ауаның ластануымен күресуде және гидрометаллургия сияқты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады [13]. Кейде бұл салаларда белсендірілген көмірді қолдану үшін жоғары механикалық беріктік пен жақсы адсорбциялық қасиеттерге ие болу қажет. Бұл қасиеттерді арттыру үшін көмір бөлшектерін жабысқақ материалдармен араластыруды және біріктіруді қамтитын түйіпшіктеу процесі қолданылады. Әдетте, бұл процесс соңғы өнімдердің механикалық беріктігін арттырады. Түйіршіктердің сапасы қолданылатын шикізат пен байланыстырғыштың түрімен, сондай-ақ түйіршіктеу мен белсендіруге байланысты операцияларды дәл орындау әдісімен анықталады.

Әдеби деректерден [18-20] белсендірілген көмірді түйіршіктеудің әртүрлі әдістерін табуға болады. Сонымен қатар ағылшын ғалымдары Рис-Джонс [21] және Шинзель [22] көмірді түйіршіктеу процестерін қарастырған. Ал, Тейлор [23] жартылай коксты түйіршіктеудің негізгі аспектілерін және шикі түйіршіктерді қалыпталған коксқа айналдырудың теориялық суретін ұсынған. Кларк пен Марш [24] көмір түйіршіктерінің қасиеттеріне әсер ететін факторлардың әсерін зерттеген.

Біздің [25, 26] әдебиеттердегі зерттеу жұмыстарымызда күріш қалдығынан және күріш қалдығымен мұнай шламын бірге өңдеу арқылы

белсендірілген көмір алудың оңтайлы жағдайлары анықталған. Ал бұл мақаламызда белсендірілген көмірдің механикалық беріктік және сорбциялық қасиеттерін арттыру үшін байланыстырғыштарды, яғни лигносульфонат, карбоксиметилцеллюлоза, крахмал, желатин және поливинилацетат желімін қосу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алудың оңтайлы қатынасын анықтау мақсатында кеңейтілген зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында белсендірілген көмір түйіршіктерін алуға байланыстырғыштардың әсері зерттелді.

**Тәжірибелік бөлім.** Күріш қалдығы және мұнай шламы Қызылорда облысынан жинап алынды. Жиналған күріш қалдығы зертханада жуылды және суға 15 минутқа қалдырылды. Содан соң, күріш қалдығы 1 тәулікке бөлме температурасында кептірілді. Кептірілген қалдықты зертханада 0.25 мм өлшемге дейін ұнтақталды. Ұнтақталған күріш қалдығымен (қауыз бен сабан) мұнай шламына байланыстырғышты төмендегі 1-5 кестелердегі қатынастарда қосу арқылы түйіршіктер алынды. Алынған түйіршікті карбонизациялау азот атмосферасында 500°C температурада, ал белсендіру 850°C температурада су буымен BR-12 NFT сериялы жоғары температуралы вакуумдық түтікті пеште жүргізілді.



1-сурет — Белсендірілген көмір алу сызбасы.

Белсендірілген көмірдің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі, су бойынша жалпы кеуектер көлемі, ылғалдың массалық үлесі, үйінділік тығыздығы және метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділік стандартты әдістермен анықталып, есептелінді.

Ылғалдылықтың массалық үлесін анықтау үшін белсендірілген көмірден 1 г өлшеніп алынды. Алынған белсендірілген көмірді алдын-ала өлшенген бюксқа салады. Бюкстың қақпағын ашып кептіргіш шкафқа 105-110<sup>0</sup>С-қа 1 сағатқа қояды. Белгіленген уақыттан соң бюксты кептіргіш шкафтан алып эксикаторға 15 минутқа салқындатады. Содан соң кептірілген белсендірілген көмірдің массасы өлшенеді және есептеулер жүргізіледі [27].

Йод бойынша адсорбциялық белсенділікті анықтау үшін белсендірілген көмірдің белгілі бір бөлігіне калий йодидіндегі 0.1 моль/дм<sup>3</sup> концентрациядағы йод ерітіндісі қосылып, араластырғыш қондырғыда қарқындылығы 100-125 тербелісте 15 минут бойы шайқалды. Одан кейін ерітінді тұнғанша күтіп, титрлеу үшін пипеткамен қажетті көлемді алады да индикатор ретінде крахмалды пайдаланып, көк түс жойылғанша 0.1 моль/дм<sup>3</sup> натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді [28].

Су бойынша жалпы кеуектердің жинақтық көлемін анықтау үшін 0.5-10<sup>4</sup> нм аралығындағы кеуектерді 15 минут қыздыра отырып суда қайнатып, 8 кПа қысымда сорғылау арқылы судың артық мөлшерін бөліп, таразыда өлшеу арқылы анықтайды. Белсендірілген көмірдің үйінділік тығыздығын анықтау белгілі бір көлемдегі белсендірілген көмірді нормалап нығыздап, массасын өлшеу арқылы іске асырылды [29, 30].

**Нәтижелер және талқылау.** Күріш қалдығымен (қауызы және сабан) мұнай шламына байланыстырғышты қосу арқылы түйіршік алынды. Алынған түйіршік құбырлы пешке салынып, герметикалық түрде жабылып, түтік цилиндрден жеткізілетін азот газымен толтырылды, карбонизация процесі минутына 10<sup>0</sup>С-тан 500<sup>0</sup>С-қа дейін көтеріліп, осы температурада 100 минут ұсталды, ал белсендіру 850<sup>0</sup>С температурада карбонизат және су буының 2:1 қатынасында жүргізілді. Байланыстырушы қатынасының белсендірілген көмірдің шығымы мен физика-химиялық қасиетіне әсері зерттелді.

**Кесте 1 - Күріш сабаны мен қауызын мұнай шламымен бірге өңдеуде байланыстырғыш ретінде лигносульфонатты пайдалану арқылы алынған белсендірілген көмір қасиеттері**

Эксперименттік зерттеулердің нәтижесі				
Көрсеткіш	Күріш сабан	Күріш сабаны:	Күріш қауызы	Күріш қауызы:
	ы:	Мұнай шламы:	:	Мұнай шламы:
	лигно	Лигносульфонат	лигно	Лигносульфонат
	сульф		сульфон	

	онат				ат			
Қатынас	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1:2	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2
Карбонизация температурасы, °С	500							
Карбонизат шығымы, мас %	61.57	53.76	74.5	84.3	68.14	81.75	71.11	79.0 7
Белсендіру температурасы, °С	850							
Су: карбонизат қатынасы	2:1							
Белсендірілген көмірдің шығымы, мас. %	35.92	33.99	29.86	24.72	34. 83	28.07	35.29	32.7 3
Йод бойынша адсорбциялық белсенділік, %	39.37	55.88	62.33	64.77	31. 75	48.26	54.61	61.1 7
Су бойынша жалпы кеуектер көлемі, см <sup>3</sup> /г	0.929	0.930	0.946	0.950	0.5 51	0.563	0.571	0.58 4
Білгалдың массалық үлесі, %	1.49	1.56	1.68	2.39	1.1 9	1.29	1.81	1.88
Үйінділік тығыздығы, г/дм <sup>3</sup>	233.94	239.5 9	246.01	251.8 6	35 1.2 7	362.95	367.17	392. 18
Метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділік, мг/г	432.20	412.3 5	431.10	411.1 2	34 4.5 0	355.50	362.70	352. 70

1-кестеде күріш қалдығы, мұнай шламы және байланыстырушы лигносульфонатты 10:1, 9:1:1.1, 9:1:1.25, 9:1:2 қатынастарында қосу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алынды. Күріш қалдығы:мұнай шламы:лигносульфонаттың негізінде түйіршіктелген белсендірілген көмірдің ең үлкен мәндерді йод бойынша адсорбциялық белсенділігі күріш сабанында 64.77 %-ды, күріш қауызында 61.17 %-ды, су бойынша жалпы кеуектер көлемі күріш сабанында 0.950 см<sup>3</sup>/г, күріш қауызында 0.584 см<sup>3</sup>/г, үйінділік тығыздығы күріш сабанында 251.86 г/дм<sup>3</sup> күріш қауызында 392.18 г/дм<sup>3</sup> көрсетті. Алынған нәтижелер бойынша

түйіршіктелген белсендірілген көмір алудың оңтайлы қатынасы ретінде 9:1:2 қатынасы болатыны анықталды. Оңтайлы қатынаста алынған белсендірілген көмір БАУ -А маркасына сәйкес келеді.

**Кесте 2 - Күріш сабаны мен қауызын мұнай шламымен бірге өңдеуде байланыстырғыш ретінде карбоксиметилцеллюлозаны пайдалану арқылы алынған белсендірілген көмірдің қасиеттері**

Көрсеткіш атауы	Эксперименттік зерттеулердің нәтижесі							
	Күріш сабаны: Карбоксиметилцеллюлоза	Күріш сабаны: Мұнай шламы: Карбоксиметилцеллюлоза			Күріш қауызы: Карбоксиметилцеллюлоза	Күріш қауызы: Мұнай шламы: Карбоксиметилцеллюлоза		
Қатынас	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1:2
Карбонизация температурасы, °С	500							
Карбонизат, шығымы мас %	76.5	84.25	64.44	77.6 6	71.19	70.5	87.18	72.63
Белсендіру температурасы, °С	850							
Су:карбонизат қатынас	2:1							
Белсендірілген көмір шығымы, мас. %.	22.59 %	29.6 %	36.71 %	26.6 5%	35%	35.7 %	31.74 %	31.67 %
Йод бойынша адсорбциялық белсенділік, %	33.08	33.12	39.31	49.5 3	50.65	53.23	68.58	69.78
Су бойынша жалпы кеуектер көлемі, см <sup>3</sup> / г	0.672	0.712	0.762	0.85 2	0.741	0.764	0.772	0.789
Ылғалдың массалық үлесі, %	2.30	2.71	2.73	2.78	0.9	1.37	1.66	1.79
Үйінділік тығыздық, г / дм <sup>3</sup>	219.23	223.0 5	229.75	257. 61	413.35	428.4 5	456.10	476.0 2
Метилен көгі	386.37	380.2	385.25	341.	351.20	356.0	360.77	371.1



бойынша адсорбциялық белсенділік мг/г		0		35		0		7
---	--	---	--	----	--	---	--	---

2-кестеде күріш қалдығы, мұнай шламы және карбоксиметилцеллюлозаны 10:1, 9:1:1.1, 9:1:1.25, 9:1:2 қатынастарында қосу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алынды. Күріш қауызы:мұнай шламы: карбоксиметилцеллюлозаның 9:1:2 қатынасында түйіршіктелген белсендірілген көмірдің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 69.78%-ды, су бойынша жалпы кеуектер көлемі 0.789 см<sup>3</sup>/г, үйінділік тығыздығы 476.02 г/дм<sup>3</sup> және метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділігі 371.17 мг/г ең жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша түйіршіктелген белсендірілген көмір алудың оңтайлы қатынасы ретінде күріш қауызы:мұнай шламы: карбоксиметилцеллюлозаның 9:1:2 қатынасы анықталды. Оңтайлы қатынаста түйіршіктелген белсендірілген көмір БАУ-А маркасына сәйкес келеді.

**Кесте 3 - Күріш сабаны мен қауызын мұнай шламымен бірге өңдеуде байланыстырғыш ретінде желатинді пайдалану арқылы алынған белсендірілген көмірдің қасиеттері**

Көрсеткіш	Эксперименттік зерттеулердің нәтижесі							
	Күріш сабаны: желатин	Күріш сабаны: Мұнай шламы: желатин			Күріш қауызы: желатин	Күріш қауызы: Мұнай шламы: желатин		
Қатынас	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1:2	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1:2
Карбонизация температурасы, °С	500							
Карбонизат шығымы, мас %	78.86	71.28	70.56	80.53	70.3	76.28	69.8	62.86
Белсендіру температурасы, °С	850							
Су: карбонизат қатынасы	2:1							
Белсендірілген көмірдің шығымы, мас. %	25.06	30.07	26.07	27.41	35.9	34.23	33.8	37.08

Йод бойынша адсорбциялық белсенділік, %	32.8	51.5	59.9	71.2	72.24	87.63	88.45	89.72
Су бойынша жалпы кеуектер көлемі, см <sup>3</sup> /г	0.94	0.99	0.99	0.91	0.50	0.42	0.49	0.56
Блғалдың массалық үлесі, %	0.70	1.09	0.50	2.30	2.65	1.99	2.18	2.21
Үйінділік тығыздығы, г/дм <sup>3</sup>	241.36	232.73	201.12	201.52	463.19	458.45	459.06	433.99
Метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділік, мг/г	372.29	370.12	378.78	380.74	335.82	341.56	345.51	356.01

3-кестеде күріш қалдығы, мұнай шламы және желатинді 10:1, 9:1:1.1, 9:1:1.25, 9:1:2 қатынастарында қосу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алынды. Күріш қауызы:мұнай шламы: желатиннің 9:1:2 қатынасында түйіршіктелген белсендірілген көмірдің ең жоғары мәндерге яғни, йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 89.72 %-ды, су бойынша жалпы кеуектер көлемі 0.560 см<sup>3</sup>/г, үйінділік тығыздығы 433.99 г/дм<sup>3</sup> және метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділігі 356.01 мг/г ие болды. Зерттеу нәтижесі негізінде түйіршіктелген белсендірілген көмір алуда күріш қауызы:мұнай шламы: желатиннің 9:1:2 қатынасы оңтайлы қатынасы болатыны анықталды. Оңтайлы қатынаста түйіршіктелген белсендірілген көмір БАУ-МФ маркасына сәйкес келеді.

**Кесте 4 - Күріш сабаны мен қауызын мұнай шламымен бірге өңдеуде байланыстырғыш ретінде крахмалды пайдалану арқылы алынған белсендірілген көмірдің қасиеттері**

Көрсеткіш	Эксперименттік зерттеулердің нәтижесі							
	Күріш сабаны: крахмал	Күріш сабаны: Мұнай шламы: крахмал			Күріш қауызы: крахмал	Күріш қауызы: Мұнай шламы: крахмал		
Қатынас	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1:2
Карбонизация температурасы, °С	500							

Карбонизат шығымы, мас %	75.3	74.6	72.8	76.05	74.41	72.14	70.59	73.09
Белсендіру температурасы, °С	850							
Су: карбонизат қатынасы	2:1							
Белсендірілген көмірдің шығымы, мас. %	32.17	29.31	31.8	29.5	36.44	29.55	36.11	33.00
Йод бойынша адсорбциялық белсенділік, %	49.38	56.86	41.70	48.06	71.11	79.67	82.14	84.12
Су бойынша жалпы кеуектер көлемі, см <sup>3</sup> /г	1.08	1.03	0.99	0.95	0.61	0.66	0.58	0.58
Ылғалдың массалық үлесі, %	2.29	0.40	0.40	0.27	0.43	0.51	0.40	0.19
Үйінділік тығыздығы, г/дм <sup>3</sup>	209.19	222.10	237.64	254.41	460.91	456.95	447.80	409.91
Метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділік, мг/г	417.54	397.45	416.55	396.12	329.77	330.82	347.19	337.14

4-кестеде күріш қалдығы, мұнай шламы және крахмалды 10:1, 9:1:1.1, 9:1:1.25, 9:1:2 қатынастарында қосу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алынды. Күріш қауызы:мұнай шламы: крахмалдың 9:1:2 қатынасында түйіршіктелген белсендірілген көмірдің ең үлкен йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 84.12 %-ды, су бойынша жалпы кеуектер көлемі 0.580 см<sup>3</sup>/г, үйінділік тығыздығы 409.91 г/дм<sup>3</sup> және метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділікті 337.01 мг/г мәндерді көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша түйіршіктелген белсендірілген көмір алуда күріш қауызы:мұнай шламы: крахмалдың 9:1:2 қатынасы оңтайлы қатынасы болатыны анықталды. Оңтайлы қатынаста түйіршіктелген белсендірілген көмір БАУ-МФ маркасына сәйкес келеді.

**Кесте 5 - Күріш сабаны мен қауызын мұнай шламымен бірге өңдеуде байланыстырғыш ретінде поливинилацетат желімін пайдалану арқылы алынған белсендірілген көмірдің қасиеттері**

Көрсеткіш	Эксперименттік зерттеулердің нәтижесі			
	Күріш	Күріш сабаны:	Күріш	Күріш қауызы:

	сабан ы: полив инила цетат	Мұнай шламы: поливинилацетат			қауыз ы: полив инила цетат	Мұнай шламы: поливинилацетат		
		9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2		9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2
Қатынас	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2	10:1	9:1:1 .1	9:1:1. 25	9:1: 2
Карбонизация температурасы, °С	500							
Карбонизат шығымы, мас %	73.99	74.16	71.4	70.1	70.1	75.6	89.6	83.2
Белсендіру температурасы, °С	850							
Су: карбонизат қатынасы	2:1							
Белсендірілген көмірдің шығымы, мас. %	30.4	25.6	21.9	38.1	26.2	27.8	31.1	21.5
Йод бойынша адсорбциялық белсенділік, %	40.64	39.37	41.91	38.1	38.1	44.45	39.37	36.8 3
Су бойынша жалпы кеуектер көлемі, см <sup>3</sup> /г	0.928	0.819	0.939	0.94 5	0.511	0.519	0.519	0.62 9
Блғалдың массалық үлесі, %	0.2	0.2	0.8	0.1	1.8	1.3	2	1
Үйінділік тығыздығы, г/дм <sup>3</sup>	226.24	220.3 6	204.06	225. 87	386.51	372.4 9	357.99	487. 38
Метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділік, мг/г	242.51	252.4 6	240.11	180. 41	228.75	254.5 7	245	171. 21

5-кестеде зерттеу нәтижелері бойынша күріш қалдығы, мұнай:шламы және поливинилацетат желімін 10:1, 9:1:1.1, 9:1:1.25, 9:1:2 қатынастарында қосу арқылы түйіршіктелген белсендірілген көмір алынды. Күріш қауызы:мұнай шламы: поливинилацетат желімінің 9:1:1.1 қатынасында түйіршіктелген белсендірілген көмірдің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 44.45 %-ды, су бойынша жалпы кеуектер көлемі 0.519 см<sup>3</sup>/г, үйінділік тығыздығы 357.99 г/дм<sup>3</sup> және метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділікті 245.57 мг/г ең жоғары мәндерді көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша түйіршіктелген белсендірілген көмір алу

үшін күріш қауызы:мұнай шламы: поливинилацетат желімінің 9:1:1.1 қатынасы оңтайлы қатынасы болатыны анықталды Оңтайлы қатынаста түйіршіктелген белсендірілген көмір ДАК маркасына сәйкес келеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша ең оңтайлы нұсқа ретінде күріш қауызы:мұнай шламы:желатиннің 9:1:2 қатынасы анықталды. Карбонизация 500<sup>0</sup> С температурада, ал белсендіру 850<sup>0</sup> С температурада су буымен жүргізілді. Оңтайлы қатынаста түйіршіктелген белсендірілген көмірдің карбонизат бойынша шығымы 62.86%-ды, белсендірілген көмір шығымы 37.08%-ды, йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 89.72%-ды, ылғалдың массалық үлесі 1%-ды, үйінділік тығыздығы 433.99 г/дм<sup>3</sup>, метилен көгі бойынша адсорбциялық белсенділік 356.01 мг/г көрсетті. 2-суретте. күріш қауызы:мұнай шламы: желатиннің 9:1:2 қатынасында түйіршіктелген белсендірілген көмір суреті.



*2-сурет. Күріш қауызы:мұнай шламы:желатиннің 9:1:2 қатынасынан алынған түйіршіктелген белсендірілген көмір*

Күріш қауызы:мұнай шламы:желатиннің 9:1:2 қатынасында түйіршіктелген белсендірілген көмір микрофотографиясы 3 және 4-суретте көрсетілген, онда алынған адсорбенттің кеуекті құрылымының дамуын көруге болады

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қорытындылай келе, біздің тәжірибелік жұмысымызда 5 байланыстырушы яғни, карбоксиметилцеллюлоза, лигносульфонат, крахмал, желатин және поливинилацетат желімі ұсынылды.

Тәжірибелік зерттеу нәтижелері негізінде белсендірілген көмір түйіршіктерінің беткі қасиеттері және салыстырмалы механикалық қасиеттері бойынша байланыстырушыларды салыстырғанда ең жоғары көрсеткішті желатин, ал крахмал, карбоксиметилцеллюлоза және лигносульфонат орташа мәнді және ең төменгі көрсеткішті поливинилацетат желімін негізінде алынған белсендірілген көмір көрсетті.

Күріш және мұнай қалдықтарын байланыстырғыш пен бірге өңдеу арқылы сұйық ортаны адсорбциялауға арналған түйіршіктелген

белсендірілген көмір алынды. Зерттеу нәтижелері бойынша түйіршіктелген белсендірілген көмір БАУ-МФ маркасына сәйкес келеді.

## ӘДЕБИТЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Deiana, A.C., Petkovic, L.M., and Noriega, S.E., Carbón activado a partir de materias primas regionales. Información Tecnológica - Chile, 9(5), p. 89 (1998).
2. Rivera-Utrilla, J., Bazaoui, A., Yaacoubi, A., Dhabi, A., Bennouna, C., Phan Tan Luu, R., Maldonado-Hodar, F.J., Moreno-Castilla, C., 2001. Optimization of conditions for the preparation of activated carbons from olive-waste cakes. Carbon 39, 425–432.
3. Dastgheib, S.A., Rockstraw, D.A., 2001. Pecan shell activated carbon: synthesis, characterization, and application for de removal of copper from aqueous solution. Carbon 39, 1849–1855.
4. Hayashi, J., Horikawa, T., Muroyama, K., Gomes, V., 2002. Activated carbon form chickpea husk by chemical activation with K<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>: preparation and characterization. Micro. Mesoporous Mat. 55, 63–68.
5. Milich, P., Muller, F., Pñriz, J., Vivy, G., Tancredi, N., 2002. The influence of preparation methods and surface properties of activated carbons on Cr (III) adsorption from aqueous solutions. Separ. Sci. Tech. 37 (6), 1453–1467.
6. GAO, P., Liu, Z.H., Xue, G., Han, B. & Zhou, M.H. 2011. Preparation and characterization of activated carbon produced from rice straw by (NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>HPO<sub>4</sub> activation. Bioresource Technology 102: 3645-3648.
7. Muniandy, L., Adam, F., Mohamed, A.R. & Ng, E.P. 2014. The synthesis and characterization of high purity mixed microporous/mesoporous activated carbon from rice husk using chemical activation with NaOH and KOH. Microporous Mesoporous Material 197: 316-323.
8. MohdIqbalin, M.N., Khudzir, I., MohdAzlan, M.I., Zaidi, A.G., Surani, B. & Zubri, Z. 2013. Properties of coconut shell activated carbon. Journal of Tropical Forest Science 25(4): 497-503.
9. Wu, M., Guo, Q. & Fu, G. 2013. Preparation and characteristics of medicinal activated carbon powders by CO<sub>2</sub> activation of peanut shells. Powder Technology 247: 188-196.
10. Rugayah, A.F., Astimar, A.A. & Norzita, N. 2014. Preparation and characterization of activated carbon from palm kernel shell by physical activation with steam. Journal Oil Palm Research 26: 251-264.
11. Yu, Q., Li, M., Ning, P., Yi, H. & Tang, X. 2014. Preparation and phosphine adsorption of activated carbon prepared from walnut shells by KOH chemical activation. Separation Science Technology 49: 2366-2375.
12. Srenscek-Nazzal, J., Kaminskaa, W., Michalkiewiczza, B. & Korenb, Z. 2013. Production, characterization and methane storage potential of KOH-



activated carbon from sugarcane molasses. *Industrial Crops and Products* 47: 153-159.

13. Bansal, R.C., Donnet, J., and Stoeckli, F., *Active Carbon*. Marcel Dekker, Inc. New York, (1988). Cenzano, J.M. and Cenzano, A.M., *Tecnología y legislación del vino y bebidas derivadas*. AMV Ediciones - Mundi Prensa, Madrid (1994).

14. Otowa, T., Shiraishi, M., Tanibata, R., Tanaka, N., 1992. Production and adsorption behavior of Maxsorb: high surface area active carbon, In: *Proc. Int. Carbon Conf.* pp. 944–946.

15. Nakagawa, K., Mukai, S.R., Suzuki, T., Tamon, H., 2003. Gas adsorption on activated carbons from PET mixtures with a metal salt. *Carbon* 41, 823–831.

16. Sumrit, M., Supattra, I. & Laddawan, A. 2015. Effect of temperature on micropore of activated carbon from sticky rice straw by H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub> activation. *Carbon: Science and Technology* 7: 24-29.

17. Appazov N.O., Duisembekov B.A., Bazarbayev B.M., Diyarova B.M., Assylbekkyzy T., Magaiya S. B., Akylbekov N.I., Zhapparbergenov R.U., Kurbanbayev A.I., Baimbetova G.Z. (2020) Method for producing biochar from rice husk and straw [Sposob polucheniya biochara iz risovoy shelukhi i solomy] Patent for utility model of the Republic of Kazakhstan 5759 [Patent na poleznuju model' Respubliki Kazahstan 5759]. (In Russian).

18. MacDowall, J., *Method of Producing Granular Activated Carbon*. US Patent 5,162,286 (1992).

19. Yan, Z.Q., McCue, J., and Tolles, E., *Preparation of High Activity, High Density Activated Carbon with Active table Binder*. US Patent 5,538,932(1996).

20. Yamada, T. and Tsumuki, K., *Adsorbent Body Including Activated Carbon and Inorganic Binder for Bonding Together Activated Carbon Grains, and Method of Producing the Adsorbent Body*.US Patent 5,685,986 (1997).

21. Rhys Jones, D.C., *Briquetting*. In: Lowry HH Editor, *Chemistry of Coal Utilization*, 2nd supplementary volume. John Wiley & Son, New York (1963).

22. Schinzel, W., *Briquetting*. In: Lowry HH Editor, *Chemistry of Coal Utilization*, supplementary volume. John Wiley & Son, New York (1981).

23. Taylor, J.W., *Compaction and Cementing of Char Particles with a Tar-derived Binder*. *Fuel*, 67, 1945 (1988).

24. Clarke, D.E., and Marsh, H., *Factors Influencing Properties of Coal Briquettes*. *Fuel*, 68, p. 1031 (1989).

25. Appazov N.O., Turmanov R.A., Baynazarova S.R., Diyarova B.M., Shuragazieva A.T., Dzhiembraev B.Zh., Lygina O.S., Lyubchik A.I., Kurmanbaev R .X. (2019) Method for producing activated carbon from rice husk and oil sludge [Sposob polucheniya aktivirovannogo uglya iz risovoy shelukhi i nefteshlama]. Patent for utility model of the Republic of Kazakhstan 3821 [Patent na poleznuju model' Respubliki Kazahstan 3821]. (In Russian).

26. Appazov N.O., Zhusupbek U.A., Turmanov R.A., Lyubchik S.B., Lyubchik A.I., Lyubchik S.I., Lygina O.S., Bainazarova S.R., Bazarbayev

B.M. (2019) Method for obtaining activated carbon from rice straw and husk [Sposob polucheniya aktivirovannogo uglja iz risovoy solomy i shelukhi]. Patent for utility model of the Republic of Kazakhstan 3892 [Patent na poleznuju model' Respubliki Kazahstan 3892]. (In Russian).

27. GOST 12597-67 Metod for Determining the Mass Water Rates in Active coals and catalysts on their basis [Metod opredelenija massively doli vody v aktivnykh uglyakh i katalizatorakh na ikh osnove]. Moscow, Russia, 1989. (In Russian).

28. GOST 6217. Crushed active charcoal. Technical conditions [Ugol' aktivnyj drevesnyj droblenyj. Tehnicheskie uslovija]. Moscow, Russia, 2003. (In Russian).

29. GOST 17219. Active coals. Method for determining the total pore volume by water [Ugli aktivnye. Metod opredelenija summarnogo ob#ema por po vode]. Moscow, Russia, 1988. (In Russian).

30. GOST 16190. Sorbents. Bulk density determination method [Sorbenty. Metod opredelenija nasypnoj plotnosti]. Moscow, Russia, 1970. (In Russian).

## **КҮРІШ ҚАУЫЗЫ МЕН САБАНЫНАН БИОЧАР АЛУ**

**Бекхожаев М.Ғ.**– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» БББ 4-курс студенті.

**Аппазов Н.О.**- х.ғ.к., профессор. Қызылорда қаласы, 1200014,  
[mbekhozhaev07@gmail.com](mailto:mbekhozhaev07@gmail.com)

**Кілт сөздер:** биочар, күріш қауызы, күріш сабаны, термолиз, қайта өңдеу, тыңайтқыш, жаңартылатын отын.

**Мақсаты:** Күріш қауызы мен сабаны тәрізді ауылшаруашылық өсімдік қалдықтарынан биочар алу.

**Аңдатпа:** Биочар биомассаны термиялық өңдеу арқылы алынатын көміртеққұрамды материал, өзінің кеуекті құрылымына байланысты көптеген оң қасиетке ие, мысалы топырақтың қасиеттерін жақсартып ауа алмасуын, ылғал сақтауын, гумустың қалыптасуына оң әсер етеді, өсімдіктердің тамыр жүйесінің дамуын жақсартады. Күріш қауызы және сабанының термолизі түтікті пеште 300-500°C температурада азот атмосферасында іске асырылды. Термолиз өнімдері йод бойынша адсорбциялық белсенділік, су бойынша кеуектердің жинақтық көлемі, үйінділік тығыздық бойынша сипатталды.

**Зерттеу әдістері:** Алынған сорбенттің қасиеттері рентген-флуоресцентті спектрометрия, растрлы электронды микроскопия, калориметрия.

**Зерттеу нәтижелері:** Термолиз ұзақтығын арттырғанда сорбциялық сипаттамалар жақсарады, күріш сабанын 60 мин ұзақтықта және 300°C температурада термолиздегенде алынған биочар оңтайлы болып табылады, бұл жағдайда алынған өнімнің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 54,61%, су бойынша кеуектердің жинақтық көлемі 0,941 см<sup>3</sup>/г және үйінділік тығыздығы 169,29 г/дм<sup>3</sup> құрайды. Жұмыс ҚР ҒЖБМ BR21882415 бағдарламалық-нысаналы бағдарламасы аясында орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Appazov N.O., Bazarbayev V.M., Assylbekkyzy T., Diyarova V.M., Kanzhar S.A., Magauiya S., Zhapparbergenov R.U., Akylbekov N.I., Duisembekov B.A. Obtaining biochar from rice husk and straw. News of the Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2021. – V.1. – №445. – P.66-74 <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1491.8>.
2. Аппазов Н.О., Дуйсембеков Б.А., Базарбаев Б.М., Диярова Б.М., Асылбекқызы Т., Магауия С.Б., Акылбеков Н.И., Жаппарбергенев Р.У., Курбанбаев А.И., Баимбетова Г.З. Патент на полезную модель №5759. Способ получения биочара из рисовой шелухи и соломы. Промышл. собственность. Офиц. бюлл. –2021. -№16.

## БЕЛСЕНДІРІЛГЕН КӨМІР АЛУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШИКІЗАТТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Канжар С. А.** Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ, «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 1-курс магистранты  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: [sakenkanzhar@gmail.com](mailto:sakenkanzhar@gmail.com)

**Аннотация:** Белсендірілген көмір — жоғары адсорбциялық қасиеттері бар әмбебап сорбент. Ол газдарды, бу және сұйық орталарды тазарту, зиянды заттарды сіңіру және суды фильтрациялау үшін кеңінен қолданылады. Бұл зерттеуде белсендірілген көмір алу әдістері мен қолданылатын шикізаттар қарастырылды. Белсендірудің бу-газ, химиялық және термолиз әдістері зерттеліп, олардың ерекшеліктері анықталды. Со-термолиз әдісі әртүрлі шикізаттарды біріктіріп, белсендірілген көмірдің сапасын жақсартуға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

**Тірек сөздер:** белсендірілген көмір, адсорбция, шикізат, термолиз, со-термолиз

**Аннотация:** активированный уголь-универсальный сорбент с высокими адсорбционными свойствами. Он широко используется для очистки газов, паровых и жидких сред, поглощения вредных веществ и фильтрации воды. В этом исследовании изучались методы получения активированного угля и используемое сырье. Исследованы парогазовые, химические и термолизные методы активации, выявлены их особенности. Доказано, что метод Со-термолиза позволяет комбинировать различные виды сырья и улучшать качество активированного угля.

**Ключевые слова:** активированный уголь, адсорбция, сырье, термолиз, со-термолиз

**Annotation:** Activated Carbon is a universal sorbent with high adsorption properties. It is widely used to purify gases, steam and liquid media, absorb harmful substances and filter water. In this study, methods for obtaining activated carbon and the raw materials used were considered. Steam-gas, chemical and thermolysis methods of activation were studied and their features were identified. It has been proven that the co-thermolysis method allows you to combine different raw materials and improve the quality of activated carbon.

**Key words:** activated carbon, adsorption, raw material, thermolysis, co-thermolysis

**Зерттеу мақсаты:** Белсендірілген көмірді алудың тиімді әдістерін анықтап, әртүрлі шикізаттардың әсерін зерттеу.

**Зерттеу әдістері:** Бу-газ және химиялық активтендіру, термолиз және со-термолиз технологиялары, сканерлеуші электронды микроскопия (SEM) және инфрақызыл-Фурье спектроскопиясы (FTIR)

**Зерттеу нәтижелері:** Зерттеу барысында әртүрлі шикізаттардан алынған белсендірілген көмір үлгілерінің кеуекті құрылымы, адсорбциялық қасиеттері және химиялық құрамы анықталды. Өсімдік қалдықтарынан алынған белсендірілген көмірдің кеуектілігі жоғары, ал көннен алынған өнімнің күл мөлшері жоғары болды. Со-термолиз әдісі арқылы алынған өнімдер жоғары сапалы, төмен күлді және жоғары адсорбциялық қабілетке ие екені анықталды.

**Қорытынды:** Зерттеу нәтижелері белсендірілген көмір алудың тиімді әдістерін көрсетіп, әртүрлі шикізаттарды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтады. Со-термолиз әдісі қалдықтарды тиімді қайта өңдеп, жоғары сапалы белсендірілген көмір алу мүмкіндігін береді. Бұл әдіс экологиялық тұрғыдан тиімді және экономикалық тұрғыдан үнемді шешім болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Appazov N., Diyarova B., Turmanov R., Zhapparbergenov R., Lygina O., Tapalova A., Saduakaskyzy K., Dzhiembaev B. Processing of rice husk and straw into activated carbon. Bulgarian Chemical Communications, Volume 53, Issue 3 (pp. 265 - 268) 2021; <https://doi.org/10.34049/bcc.53.3.0195>
2. Diyarova B., Appazov N., Bazarbayev B., Dzhiembaev B., Lygina O., Tapalova A.S. Production of activated carbon granulated by treatment of rice husk and straw with an oil sludge using polyvinyl acetate as a binder. Egyptian Journal of Chemistry. Vol. 66, No. SI 13 pp. 1871 - 1878 (2023). DOI: 10.21608/EJCHEM.2023.210552.7969

## КҮРІШ ҚАУЫЗЫНАН НАТРИЙ АЛЮМОСИЛИКАТЫНЫҢ СИНТЕЗИ

**Серикбаев М.С.** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 4-курс студенті, Қызылорда қаласы, 120000, [serikbaev\\_2016@mail.ru](mailto:serikbaev_2016@mail.ru)

**Аппазов Н.О.** – х.ғ.к., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика-химиялық талдау» әдістері ИБЗ бас ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласы, 120000, [nurasar.82@korkyt.kz](mailto:nurasar.82@korkyt.kz)

**Кілт сөздер:** күріш қауызы, натрий алюмосиликаты, адсорбент, алюминий сульфаты, натрий силикаты, йод бойынша адсорбциялық белсенділігі, рентген-флуоресцентті талдау, ИҚ спектроскопиясы, элементтік талдау.

**Мақсаты:** жоғарғы беттік ауданы мен ион алмасу қабілетіне байланысты әр түрлі салаларда табиғи және ағынды суларды тазарту үшін алюмосиликатты адсорбент жасау.

**Аңдатпа:** Күріш қауызынан натрий алюмосиликатын алу әдісі әзірленді, ол суды ауыр металдар мен органикалық ластаушы заттардан тазартуда тиімді. Әдіс экологиялық таза және үнемді, ауылшаруашылық қалдықтарын жою мәселесін шешеді.

### **Зерттеу нәтижелері:**

1. Адсорбциялық белсенділік: йод бойынша максималды сорбциясы (81,2%) 700°C температурада қол жеткізіледі, содан кейін кеуектердің деградациясына байланысты белсенділік төмендейді.

2. Элементтік құрамы: SiO<sub>2</sub>, Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> и және Na<sub>2</sub>O құрамы сорбциялық қасиеттерге әсер етеін температураға байланысты өзгереді.

3. ИҚ спектроскопиясы: Si-O-Si, Al-O-Si және Si-OH функционалды топтары бар алюминий силикат құрылымы расталды.



4. Бетінің морфологиясы: Талдау 700°C температурада сорбция үшін оңтайлы 0,1–1 мкм кеуекті құрылымды көрсетеді.

*Қорытынды:* Күріш қауызынан натрий алюмосиликатын синтездеу әдісі суды тазарту үшін экологиялық таза адсорбентті тиімді алуға мүмкіндік береді. 700°C температурада материал максималды сорбциялық белсенділікке жетеді, бұл оны суды тазартуға және катализатор ретінде пайдалы етеді. Күріш қауызын пайдалану ауылшаруашылық қалдықтарын жою мәселесін шешеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аппазов Н.О., Айсауытова З.Ж., Ахатаев Н.А., Сыздықбаев М.И., Өтен Д.С. Патент на полезную модель №6951. Способ получения адсорбента на основе силиката кальция. Промышл. собственность. Офиц. бюлл. – 2022. - №11

2. Аппазов Н.О., Айсауытова З.Ж., Сыздықбаев М.И., Ахатаев Н.А. Патент на полезную модель №5305. Способ получения силикатного адсорбента. Промышл. собственность. Офиц. бюлл. – 2020. - №33

Жұмыс Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882415 бағдарламалық-нысаналы бағдарламасы аясында орындалды.

## КҮРІШ ҚАУЫЗЫНАН ГИДРОТЕРМИЯЛЫҚ КАРБОНИЗАЦИЯ АРҚЫЛЫ ГИДРОЧАР АЛУ

**Тойбазарова А.Б.** – п.ғ.м., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика-химиялық талдау» әдістері ИБЗ ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласы, 120000.

E-mail: [toibazarovaaltnkul@gmail.com](mailto:toibazarovaaltnkul@gmail.com)

*Аңдатпа.* Бұл зерттеу жұмысы күріш қауызы сияқты ауыл шаруашылығы қалдықтарын гидротермиялық карбонизациялау арқылы өңдеуді қарастырады. Гидротермиялық карбонизация (ГТК) – биомассадан жоғары калориялық құндылығы мен кеуектілігі бар көміртекті материал алу үшін қолданылатын инновациялық әдіс. Жұмыста күріш қауызының ГТК үдерісі әртүрлі температуралық және уақыттық шарттарда зерттелді.

Алынған гидрокөмірдің физика-химиялық қасиеттері (кеуектілік, тығыздық, адсорбциялық белсенділік, химиялық құрамы) талданды. Зерттеу нәтижелері 800°C температурада көміртегінің жоғары мөлшері (41,22%) және йод бойынша ең жоғары адсорбциялық белсенділік (63,37%) анықталғанын көрсетті.



Алынған гидрокөмір суды және ауаны тазарту, топырақ құрамын жақсарту, сондай-ақ биоотын ретінде пайдалану үшін экологиялық және экономикалық тұрғыдан перспективалы материал болып табылады.

**Тірек сөздер:** гидрочар, гидротермалды карбонизация, күріш қауыздары, ауыл шаруашылығы қалдықтары, сорбент.

*Annotation.* This research paper deals with the treatment of agricultural waste such as rice husks by hydrothermal carbonization. Hydrothermal carbonization (GTK) is an innovative method used to obtain a carbon material with high calorific value and porosity from biomass. In the work, the process of GTC of rice husk was studied under different temperature and time conditions.

The physico-chemical properties (porosity, density, adsorption activity, chemical composition) of the resulting hydrocarbon were analyzed. The results of the study showed that at a temperature of 800°C, a high carbon content (41.22%) and the highest adsorption activity in terms of iodine (63.37%) were detected.

The resulting hydrocarbon is an environmentally and economically promising material for water and air purification, improving soil composition, as well as for use as biofuels.

**Key words:** hydrochar, hydrothermal carbonization, rice husks, agricultural waste, sorbent.

*Зерттеу мақсаты:* Күріш қауызынан гидротермалды карбонизация әдісі арқылы гидрочар алу процесін жасау және оңтайландыру, сондай-ақ алынған өнімнің физика-химиялық қасиеттерін және адсорбциялық ерекшеліктерін зерттеу.

*Зерттеу әдістері:* Күріш қауызы гидротермиялық карбонизация әдісі арқылы өңделіп, алынған гидрокөмірдің физика-химиялық қасиеттері зерттелді. Бұл мақсатта келесі зерттеу әдістері қолданылды:

1. *Шикізатты дайындау*

- Күріш қауызы ағынды және тазартылған сумен жуылып, шаң мен кірден тазартылды.
- Тазартылған қауыз 105°C температурада кептіргіш шкафында 24 сағат бойы кептірілді.
- Кептірілген материал ұсақталып, тәжірибелерге дайындалды.

2. *Гидротермиялық карбонизация*

- 40 грамм күріш қауызына 40 мл су қосылып, қоспа SNOI 3/1100 LHM01 пешінде 230°C-тан 800°C-қа дейінгі температураларда 1 сағат бойы өңделді.
- Реакция аяқталған соң, пеш бөлме температурасына дейін салқындатылды.
- Алынған гидрокөмір ұнтақталып, зерттеулерге дайындалды.

3. *Физикалық және химиялық қасиеттерді анықтау*

- *Кеуектілік пен құрылымдық талдау:*  
Алынған гидрокөмірдің құрылымы мен кеуектілігі

сканерлеуші электронды микроскоп (СЭМ) арқылы зерттелді. Өртүрлі температурада алынған үлгілердің микрофотографиялары құрылымның өзгерісін бағалау үшін қолданылды.

- *Элементтік құрамды талдау:* NEX CG Rigaku рентгендік флуоресцентті спектрометрі арқылы гидрокөмірдің химиялық құрамы анықталды ( $\text{SiO}_2$ ,  $\text{K}_2\text{O}$ ,  $\text{CaO}$ ,  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  және т.б.).
- *Тығыздықты өлшеу:* Тығыздық гидрокөмірдің көлеміне қатысты массасын өлшеу арқылы анықталды.
- *Йод бойынша адсорбциялық белсенділік:* Йод адсорбциясы бойынша гидрокөмірдің сорбциялық қасиеттері зерттелді. Бұл көрсеткіш материалдың кеуектілік деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.
- *Күлділік пен ылғалдылықты анықтау:* Көмірдің күл құрамын және ылғалдылық деңгейін анықтау үшін муфельді пеште кептіру және өлшеу әдісі қолданылды.

#### 4. Температураның әсерін зерттеу

- Алынған гидрокөмір өртүрлі температуралық шарттарда салыстырылып, температураның өнім шығымы, кеуектілік және химиялық құрамға әсері бағаланды.
- 

##### *Зерттеу нәтижесі.*

Карбонизация уақыты температураға байланысты 1-ден 4 сағатқа дейін өзгерді ( $230^\circ\text{C}$ -тан  $800^\circ\text{C}$ -қа дейін).  $800^\circ\text{C}$  температурада және 60 минуттық реакция уақыты кезінде көміртектің ең жоғары шығымы (41,22%) және йод бойынша адсорбциялық белсенділік 63,37% болды.

$800^\circ\text{C}$  температурада алынған гидрочар ең жоғары кеуектілік пен сорбциялық қасиеттерді көрсетті, бұл электронды микроскопия деректерімен расталды. Карбонизация температурасының артуы кеуектіліктің өсуіне және гидрочардың физикалық қасиеттерінің жақсаруына әкелді.

Элементтік құрамға жасалған талдау нәтижесінде  $\text{SiO}_2$  мөлшері  $230^\circ\text{C}$ -та 11,59%-дан  $800^\circ\text{C}$ -та 25,81%-ға дейін артқаны анықталды.

*Қорытынды:* Зерттеу нәтижесінде күріш қауызын өңдеу арқылы тиімді сорбент алу әдісі ұсынылды. Бұл әдіс ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу арқылы экологиялық жүктемені азайтып, құнды өнім алуға мүмкіндік береді. Алынған гидрочар суды тазарту үшін адсорбент ретінде қолданыс табуы мүмкін. Жұмыс Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882415 бағдарламалық-нысаналы бағдарламасы аясында орындалды.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. A. Khosravi, H. Zheng, Q. Liu, M. Hashemi, Y. Tang, B. Xing, Chemical Engineering Journal, 430 (4), 133142 (2022). DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cej.2021.133142>.
2. M. Kordi, N. Farrokhi, M.I. Pech-Canul, A. Ahmadikhah, Rice Science, 31 (1), 14 (2024). DOI:<https://doi.org/10.1016/j.rsci.2023.08.005>.
3. S. Masoumi, V.B Borugadda, S. Nanda, A.K.Dalai, Catalysts, 11 (8), 939 (2021).

## КҮРІШ ҚАУЫЗЫН КАЛЬЦИЙ СИЛИКАТЫНА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

**Төлегенқызы М.** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,  
Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ-  
ның 2-курс магистранты  
[meruert.tolegenkyzy22@gmail.com](mailto:meruert.tolegenkyzy22@gmail.com)

**Анотация:** Бұл зерттеуде күріш қауызын кальций силикатына өңдеу арқылы жаңа экологиялық таза сорбент алынып, оның сорбциялық қасиеттері зерттелді. Күріш қауызынан натрий силикаты алынған соң, кальций хлоридімен өңделіп, кальций силикаты синтезделді. Алынған материалдың сорбциялық белсенділігі сулы ерітінділерден ауыр металл иондарын сорбциялау арқылы бағаланды. Эксперимент нәтижелері кальций силикатының тиімді сорбент ретінде қолданылу әлеуетін көрсетті, бұл әсіресе ауыр металдармен ластанған су көздерін тазарту үшін маңызды.

**Кілт сөздер:** күріш қауызы, кальций силикаты, сорбент, ағын суларды тазалау

**Анотация:** В этом исследовании путем переработки рисовой шелухи в силикат кальция был получен новый экологически чистый сорбент и исследованы его сорбционные свойства. После получения силиката натрия из рисовой шелухи его обрабатывали хлоридом кальция и синтезировали силикат кальция. Сорбционную активность полученного материала оценивали путем сорбции ионов тяжелых металлов из водных растворов. Результаты эксперимента показали потенциал использования силиката кальция в качестве эффективного сорбента, что особенно важно для очистки источников воды, загрязненных тяжелыми металлами.

**Ключевые слова:** рисовая шелуха, силикат кальция, сорбент, очистка сточных вод

**Annotation:** In this study, by processing rice husks into calcium silicate, a new environmentally friendly sorbent was obtained and its sorption properties

were investigated. After obtaining sodium silicate from rice husks, it was treated with calcium chloride and calcium silicate was synthesized. The sorption activity of the obtained material was evaluated by sorption of heavy metal ions from aqueous solutions. The results of the experiment showed the potential of using calcium silicate as an effective sorbent, which is especially important for cleaning water sources contaminated with heavy metals.

**Key words:** rice husk, calcium silicate, sorbent, wastewater treatment

Мақсаты: Күріш қауызынан кальций силикаты негізіндегі экологиялық таза сорбент алу және оның сорбциялық қасиеттерін зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

Күріш қауызын әртүрлі градуста кальций силикатына өңдеу;

Алынған материалдың йод бойынша адсорбциялық белсенділігін анықтау;

Сорбент үшін оңтайлы өңдеу температурасын анықтау.

Зерттеу әдістері: Синтез процесі әртүрлі температураларда жүргізілді (300-900°C). Алынған сорбенттің қасиеттері рентген-флуоресцентті спектрометрия, растрлы электронды микроскоп және ГОСТ 6217-74 стандарты бойынша йод адсорбциясын анықтау арқылы зерттелді.

Зерттеу нәтижелері:

- 700°C температурада өңделген сорбенттің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі ең жоғары ( $A = 56\%$ ) болды.
- Сорбенттің ауыр металдарды сулы ортадан тиімді сорбциялау қасиеті анықталды.

Қорытынды: Зерттеу барысында күріш қауызын қайта өңдеу арқылы алынған кальций силикатының ауыр металдарды адсорбциялау қабілеті жоғары екені дәлелденді. Бұл материалды ағын суларды тазарту үшін қолдану экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді әдіс болып табылады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Patil N. B., Sharanagouda H. Rice husk and its applications: Review. International Journal of Current Microbiology and Applied Sciences, 2017.
2. Pham Thi Mai Thao, Kiyoo H. Kurisu, Keisuke Hanaki. Greenhouse gas emission mitigation potential of rice husks for the An Giang Province, VietNam. Biomass and Bioenergy, 2011.
3. Handayani L., Aprilia S., Abdullah, et al. Sodium Silicate from Rice Husk Ash and Their Effects as Geopolymer Cement. Polymers, 2022.
4. Shukla S.S., Chava R., Appari S., et al. Sustainable use of rice husk for the cleaner production of value-added products. J. Environ. Chem. Eng., 2022

**3-секция:** Ұшқышсыз ұшу аппараттарын және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін жаңартпалы энергетиканы қолдану мүмкіндіктері

**GTAMP 44.01.13**

**ЖИНАҚТАУШЫ ЭНЕРГЕТИКА: ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУГЕ  
АРНАЛҒАН "ЖАСЫЛ" ИННОВАЦИЯЛАР**

**Базартай Ш.Е., ЭЭ-22-3М(з) оқу тобының 2-курс магистранты**  
e-mail: shapagat.bazartay@mail.ru

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Аңдатпа:** Экология үшін күрес, экономикалық дамудың энергия тиімділігін арттыруға деген ұмтылыс, әлемде жасыл энергетика құру. ЖЭК электр энергиясын өндіру және желілік энергия жүйелеріне жеткізу үшін пайдалану Қазақстанның энергия тапшылығы бар аудандарында экономикалық тиімді болып табылады демек, жаңартылатын энергетика Республиканың шалғай өңірлерін дамытудың негізгі факторы болуы мүмкін. ЖЭК қазір Қазақстан энергетикалық кешенді дамыту векторларының бірі болып табылады. Бұған мемлекет пен бизнес құрылымдарының оларды енгізу процесіне көбірек көңіл бөлуі дәлел бола алады. ЖЭК ресурстардың болуына және технологиялардың бейімделу дәрежесіне, өндірушілердің өздері үшін де, тұтынушылар үшін де жоғары болмауы керек жартылай энергияның өзіндік құнына байланысты.

**Кілт сөздер:** жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК), автономды қондырғылар, жинақтаушы энергетика, электрмен жабдықтау жүйелері.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта энергияны үнемдеу мәселесі бүкіл әлемде бірінші орында тұр, өйткені индустрия мен технология үнемі алға жылжуда және бұл электр энергиясы шығындарының айтарлықтай өсуіне, кәсіпорын шығындарының өсуіне және кәсіпорын өндіретін өнім құнының өсуіне әкеледі.

Бәсекелестіктің артуы жағдайында кәсіпорындар электр энергиясын тұтынуды азайту жолдарын іздеуге және ұлғайтуға міндетті жеке өндірістердің энергия тиімділігін арттыруды талап етеді. Мемлекеттік құзыреттілікте энергияны үнемдеу мәселелерінің маңыздылығын заңдар базасы дәлелдейді.

Біздің Республикамыздың "Қазақстан-2050" жылжыту стратегиясында "жасыл экономикаға" және жаңа индустриялық революцияға көшу қажеттілігі қарастырылады. Дамудың үшінші кезеңіндегі маңыздылығы бойынша жаңа индустриялық революция-бұл қоғамның стратегиялық дамуы, жаңартылатын және баламалы энергия көздерін (ЖЭК) кеңінен қолданумен байланысты.



Жеке энергия тұтынушыларының көпшілігіне аз мөлшерде қуат қажет (жүздеген ватттан ондаған киловаттқа дейін), сонымен қатар олардың көпшілігі электр қондырғысының бағасы маңызды және негізгі фактор емес, ең маңыздылары-көрсеткіштер сенімділік, ресурстың ұзақ мерзімділігі, ағымдағы пайдалану шығындарының төмендігі.

Автономды қондырғылар осы талаптарға жауап береді, жаңартылатын энергия көздерін қолданумен жұмыс істейтіндер, мысалы, күн, жел, су қондырғыларын жатқызуға болады. Бұл қондырғылар тұрғын үйлердегідей ЖЭК қондырғыларын қолданудан сапалы және нақты көрсеткіштерді анықтауға бағытталған энергия тиімділігі үшін және негізгі жүйеден ықтимал қауіпін азайту үшін өндірістік ауқымда электрмен жабдықтау жүйелері болып табылады [1, 22-25б.]

Қазақстанда жасыл энергетиканың үлесін 2025 жылы – 6%, 2030 жылы – 15%, 2050 жылы – 50%, ал 2060 жылы 80% арттыру жоспарланып отыр. Былтыр елімізде балама қуат көзін өндіретін 134 нысан тіркелген.

Оның ішінде 40 жел станциясы, 49 күн станциясы, 40 гидроэлектр станциясы, 5 биоэлектр станциясы бар. Олардың барлығы 2010 МВт қуат өндірген. 2018-2021 жылдары жасыл энергия өндірісі аукцион арқылы жүзеге асты. Оған 12 мемлекеттен 196 компания қатысты.

Бұл тәсіл өз тиімділігін көрсетіп отыр. Биыл Энергетика министрлігі 2025 жылға дейін жалпы қуаттылығы 100 гигаватт болатын жаңартылатын энергия көздерінің 59 жобасы пайдалануға берілетінін мәлім етті.

Қуаттылығы 170 Мегаватт болатын су-электр станциясы, 960 Мегаватт болатын жел-электр станциясы және 277 Мегаватт болатын күн-электр станциясы жобаланған. Осылайша, 2025 жылға қарай жаңартылатын энергия нысандарының жеңілдік қуаты шамамен 3 000 Мегаватты құрамақ [2, 3].




Сурет 1.  
Астанадағы  
Ұлы Дала



көшесіндегі гүл түріндегі күн батареялары жарықдиодты шамдары бар көше шамдарын "жасыл" электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) негізінде жұмыс істеп тұрған 90 нысан бар.



Сурет 2.

Қазақстан аумағында жұмыс істеп тұрған жаңартылатын көздер станцияларының картасы

Қазақстан Республикасы Елдің ең шалғай өңірлеріне тұрақты экономикалық өсуді және қолжетімді электр энергиясын қамтамасыз ете алатын жаңартылатын энергетиканы дамытудың орасан зор әлеуетіне ие. Тарихи тұрғыдан ірі ГЭС Қазақстанның энергетикалық балансына елеулі үлес қосады, бірақ өңірдің биоотын, жел және күн энергиясын пайдалану әлеуеті де жоғары. Елдің энергетикалық балансындағы ЖЭК үлесі төмен болып қалуда.

Таяу болашақта технологиялық инновациялармен қамтамасыз етілетін шығындарды қысқарту және "жасыл" технологиялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру Қазақстан Республикасында ЖЭК әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.


Аукциондық сауда-саттық тетігінің қолданылу кезеңінде ғана 2018-2021 жылдардан бастап ГЭС үшін тарифтердің төмендеуі 19%, ЖЭС үшін — 34% және СЭС үшін — 64% құрады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ЖЭК өндірушілеріне жеңілдікті тарифтер беруді жалғастыруда-бұдан басқа, ЖЭК секторын дамыту үшін ол орталықтандырылған электр желісіне қол жеткізе алмайтын үй шаруашылықтары мен кәсіпорындар үшін шағын ауқымды ЖЭК жобаларын (5 кВт-тан астам) орнатуға инвестициялардың 50% - өтейді. Қазақстан "жасыл" экономикаға көшу және тұрақты өсу қажеттілігін мойындайды, ЖЭК және энергия үнемдеу технологиялары саласындағы жобаларды іске асыруға жәрдемдеседі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Парламентпен бірлесіп, Қоршаған орта саласындағы бірқатар реформалар мен ауқымды жобаларға бастамашылық жасады — осылайша, ортақ институционалдық орта "жасыл" технологияларды кең ауқымда енгізу үшін жеткілікті қолайлы болып қала береді. Мемлекет нарық қатысушыларымен, қаржы институттарымен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп сектордың инвестициялық тартымдылығын жақсарту үшін ЖЭК саласындағы заңнаманы үздіксіз жетілдіріп отырады [3,4, 11-146.]

Вr.com мәліметі бойынша 2021 жылы әлемде жаңартылатын энергия көздерінен өндірілген электр энергиясы 3,7 триллион кВт/сағатқа жеткен. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 16,2%-ға артық. Салыстырар болсақ, 2020 жылы бұл көрсеткіш 3,1 трлн кВт/сағ құраған. Жалпы, жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, 2021 жылдың көрсеткіштері 2016 жылмен салыстырғанда 50,6%, 2011 жылдан – 4 есе, 2001 жылдан – 15,8 есе, 1991 жылдан – 28,8 есе, 1981 жылдан – 68,4 есе, 1971 жылдан бері 131,1 есе өсті.

Баламалы көздерден өндірілген энергияның ең көбі Азия-Тынық мұхиты аймағының үлесінде. Ондағы көрсеткіш 1,7 триллион кВт/сағ, бұл бір жыл бұрынғыдан бірден 27,7%-ға артық. Яғни бұл әлемдегі «таза» электр энергиясының 46,2%-ы. Одан кейінгі орында Еуропа (946,5 млрд кВт/сағ) мен Солтүстік Америка (714,1 млрд кВт/сағ) тұр. Жалпы, осы үш негізгі макроөңір ЖЭК өндіретін барлық электр энергиясының 91,6%-ын қамтамасыз еткен. Оңтүстік және Орталық Америкада жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру жыл сайын 15,2%-ға – 229,3 млрд кВт/сағ, Африкада 7,8% – 49 млрд кВт/сағ, Таяу Шығыста 18,3 % – 18,5 млрд кВт/сағатқа дейін өскен. Ал ТМД-да ЖЭК өндіру көлемі небәрі 9,6 млрд кВт/сағатты құрады [6].



3-сурет. Жаһандық энергия сұранысы: болжамды және нақты

Қазақстанда, сондай-ақ бүкіл әлемде ЖЭК пайдаланудың негізгі факторы энергетиканың қоршаған ортаға теріс әсерін төмендету қажеттілігі болып табылады. Қазақстан аумағының шамамен 50%-да желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-5 м/с, ал бірқатар аудандарда желдің жылдамдығы 6 м/с және одан да көп. Бұл еліміздің жел энергетикалық ресурстарын пайдалану үшін өте жақсы перспективаларын айқындайды.

ЖЭК бойынша жаңа жобаларды іске асыру мәселесі Қазақстанда үшінші индустриялық революция тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін ерекше өзектілікке ие болады. Астанадағы EXPO-2017 еліміздің жаңғыруына көшудің бастамасы болды. [1, 22-25б.]

**Қорытынды.** Жинақтаушы энергетика мен "жасыл" инновациялар болашақтың энергия жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тиімді энергия пайдалану және экологиялық таза технологияларды енгізу қоғамның тұрақты дамуына, экологияны қорғауға және климаттық өзгерістермен күресуге көмектеседі.

Соңғы жылдары дәстүрлі емес энергия көздерін (жел, күн және т.б.) пайдалануды органикалық отын ресурстарын сарқымайтын және қоршаған ортаға аз әсер ететін энергия өндіру әдістерін дамытудың шұғыл қажеттілігі ретінде кеңейту үрдісі байқалды. Батареяларды пайдалану уақыт өте келе жел мен күн энергиясының ауыспалы түсуіне тұрақты сипат беруге мүмкіндік береді. Дербес құрылымдық бірлік ретінде энергия жинақтағыштардың электр энергетикалық жүйелеріне енгізілуі объективті себептерге байланысты.

Сонымен қатар, жақын болашақта қуатты ЖЭС пен АЭС энергия жинақтаушылармен біріктіретін ЭЭЖ балама жоқ. Жинақтаушы құрылғылар ЭЭЖ – ның толыққанды элементіне айналған кезде, максималды жүктеме мәселесі өткенге айналады.

Электрмен жабдықтаудың өзіндік ерекшелігі - үздіксіздік, өндіріс пен тұтынудың бір мезгілде болуы жоғалады. Энергия жинақтағыштарды қолдану салалары үздіксіз кеңейіп келеді, сәйкесінше олардың конструктивті орындалуына, техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне және т.б. қойылатын талаптары да кеңейіп келеді – осының бәрі оларды жетілдіру және жан-жақты зерттеу жөніндегі жұмыстарды қарқындатуға ықпал етеді.

**Аннотация:** Борьба за экологию, стремление к повышению энергоэффективности экономического развития, создание зеленой энергетики в мире. Использование ВИЭ для производства электроэнергии и поставки в сетевые энергосистемы является экономически эффективным в энергодефицитных районах Казахстана, поэтому возобновляемая энергетика может стать основным фактором развития отдаленных регионов республики. ВИЭ сейчас является одним из векторов развития энергетического комплекса Казахстана. Об этом свидетельствует

повышенное внимание государственных и бизнес-структур к процессу их внедрения. ВИЭ зависит от наличия ресурсов и степени адаптации технологий, стоимости энергии, которая не должна быть высокой как для самих производителей, так и для потребителей.

**Ключевые слова:** возобновляемые источники энергии (ВИЭ), автономные установки, накопительная энергетика, системы электроснабжения.

**Annotation:** The struggle for Ecology, the desire to increase the energy efficiency of economic development, the creation of green energy in the world. The use of renewable energy for the production and supply of electricity to network Energy Systems is cost-effective in areas of Kazakhstan with a shortage of energy, therefore, renewable energy can be a key factor in the development of remote regions of the Republic. RES is now one of the vectors for the development of the energy complex in Kazakhstan. This is evidenced by the increased attention of the state and business structures to the process of their implementation. Res depends on the availability of resources and the degree of adaptation of technologies, the cost of partial energy, which should not be high for both the producers themselves and consumers.

**Keywords:** renewable energy sources (res), autonomous installations, accumulative energy, power supply systems.

**Әдебиеттер:**

1. Стратегия «Казахстан-2050»: новый курс состоявшегося государства, Послание президента Р.К. –лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14.02.2012.стр. 23
2. <https://aikyn.kz/213596/zhasyl-energetika-suranyaska-say-ondiris>.
3. С.Е. Соколов, И.С. Соколова современные проблемы электроэнергетики. Производство электроэнергии. Часть 1. Состояние, экологические аспекты и перспективы развития электроэнергетического комплекса Казахстана.стр 175
4. Программа по развитию электроэнергетики в Республике Казахстан на 2020–2030 годы: Постановление Правительства РК от 09.04.1999 №384 / Утр. силу ПП РК от 14.04.2010 №302.стр. 56-58.
5. <https://www.c-o-k.ru/articles/perspektivy-vozobnovlyаемoy-energetiki-v-respublike-kazahstan>.
6. <https://egemen.kz/article/338856-zhasyl-energetikanyh-kurdeli-kezenhi>.

FTAMP 44.37.01

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ КҮН ШОҒЫРЛАНДЫРҒЫШЫНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Жармахан Қ.Қ., ЭЭ-23-1М оқу тобының 2-курс магистранты  
e-mail: [kzharmakhan02@mail.ru](mailto:kzharmakhan02@mail.ru)

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Аңдатпа:** Күн шоғырландырғыш технологиялары (Concentrated Solar Power, CSP) күн энергиясын тиімді жинақтап, оны электр немесе жылу энергиясына түрлендіруге арналған заманауи әдістерді қамтиды. Бұл технологияларда күн сәулесін шоғырландыру үшін параболалық науалар, мұнаралық жүйелер және линейлі Френель сияқты түрлі жүйелер қолданылады. Аталған жүйелер жоғары температураға жету арқылы энергияны тиімді өндіруге мүмкіндік береді. Күн шоғырландырғыштарының басқару жүйелері астрономиялық және сенсорлық әдістерді пайдалана отырып, энергияны тұрақты түрде өндіруге және сақтау мүмкіндіктерін арттырады. CSP технологиялары жаңартылатын энергия көздеріне көшуге ықпал етіп, парниктік газдардың шығарылуын азайтуға көмектеседі, сондай-ақ әлемдік энергетикада экологиялық таза әрі экономикалық тиімді шешім бола алады.

**Кілтті сөздер:** Күн шоғырландырғыштары, Concentrated Solar Power (CSP), ПӘК, энергетикалық жүйе, гелиостаттар, параболалық айна

**Кіріспе.** Энергетикалық жүйедегі күн шоғырландырғышының басқару жүйесінің технологиясын жетілдіру күн энергиясын тиімді және тұрақты түрде пайдалану үшін өзекті болып табылады. Қазіргі таңда жаңартылатын энергия көздеріне деген қызығушылықтың артуы және экологиялық мәселелердің өсуі аясында күн энергиясының мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану маңызды болып табылады. Күн шоғырландырғыштарының басқару жүйелері күн энергиясын тиімді жинақтап, оны жылу немесе электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйелердің тиімді жұмыс істеуі үшін олардың басқару жүйелерін үнемі жетілдіру қажет.

Қазіргі әлем жаңартылатын энергия көздеріне көшу қажеттілігімен бетпе-бет келуде, өйткені қазба отынын жағуға негізделген энергия өндірудің дәстүрлі әдістері көмірқышқыл газының шығарылуына және қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Энергияның ең перспективалы және экологиялық таза түрлерінің бірі – күн энергиясы. Ол Жердің кез келген дерлік нүктесінде қолжетімді және жақын болашақта сарқылмайтын



энергия көзі болып табылады. Алайда, күн энергиясының үлкен әлеуетіне қарамастан, ол әлі де болса фотоэлектрлік модульдерді енгізу мен пайдалану құнының жоғары болуы және күн радиациясының энергетикалық тығыздығының төмендігі сияқты мәселелерге тап болып отыр, бұл күн панельдерін орнату үшін үлкен аумақтарды талап етеді. Осындай жағдайда, күн концентраторлары күн энергиясын пайдалану тиімділігін арттырып, шығындарды азайтатын тиімді құралға айналады.

Күн шоғырландырғыштары, немесе ағылшын тілінде Concentrated Solar Power (CSP), күн энергиясын шоғырландыру арқылы электр энергиясын өндіретін технология. Бұл жүйеде айналар немесе линзалар күн сәулесін шағылыстырып, жоғары температураға дейін қыздырады, бұл энергия кейіннен су буын генерациялап, турбинаны айналдырып, электр энергиясын өндіруге пайдаланылады. Бұл жүйе көмір немесе газ станцияларымен ұқсас, тек айырмашылығы – отын орнына жаңартылатын күн энергиясын қолдануы.

Күн шоғырландырғышы – бұл күн сәулесін шағын аумақта шоғырландыруға арналған құрылғылар, бұл оның тығыздығын және тиісінше түрлендіру тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл құрылғылар күн энергиясын электр энергиясына айналдыру үшін фотоэлектрлік қондырғыларда, сондай-ақ жылу алу үшін жылу жүйелерінде қолданылады. Концентраторлардың басты артықшылығы – олар қымбат фотоқабылдағыштардың алаңын азайтып, олардың шығатын қуатын арттыруға мүмкіндік береді, бұл энергия өндіру құнының төмендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, концентраторларды жоғары температураны қажет ететін қосымшаларда пайдалануға болады. Күн шоғырландырғышы күн сәулесінің тығыздығын арттыру принципі бойынша жұмыс істейді, яғни күн сәулелерін қабылдағыштың шағын бетіне бағыттайды. Бұл принцип оптика заңдарына негізделіп, жарықты шектеулі бетке жинап бағыттайтын айналар, линзалар және басқа да элементтерді пайдалануды көздейді. Осылайша, күн концентраторлары қымбат фотоэлектрлік элементтердің алаңын айтарлықтай азайтады, өйткені жүйенің тек шағын бөлігі — қабылдағыш — осы элементтерді қажет етеді. Бұл күн қондырғысының құнын төмендетуге және оның тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Концентраторларды қолдану сонымен қатар күн энергиясын әртүрлі салаларда — автономды қуат жүйелерінен бастап ірі күн жылу электр станцияларына дейін қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді [1, 2-9т.]

**Материалдар мен әдістер.** Дәстүрлі күн панельдерінің ПӘК-і шамамен 15-22% болса, күн сәулесін шектелген кеңістікке бағыттайтын концентраторлар ПӘК-ны 40%-ға дейін және одан да жоғары деңгейге дейін арттыра алады. [2, 10-12т.]

Қазақстан – кең байтақ аумағы мен күн шуақты күндерінің молдығы арқасында күн энергиясын пайдалануда үлкен әлеуетке ие ел. Соңғы



жылдары Қазақстанда күн энергетикасы қарқынды дамып келеді. Табиғи жағдайлар, атап айтқанда күннің мол түсуі мен бұлтты күндердің салыстырмалы түрде аз болуы күн электр станцияларын, әсіресе елдің оңтүстік және орталық аймақтарында тиімді етеді. Қазақстан дәстүрлі фотоэлектрлік панельдерді орналастыруға шектеулі ресурстар жағдайында күн жылу электр станциялары (КЖЭС) бойынша жобаларды белсенді дамытып келеді. Күн концентраторлары осы жобалардың маңызды бөлігіне айналууда. Елде күн энергиясын шоғырландыру технологияларын дамыту бойынша алғашқы қадамдар жасалуда, алайда күн энергиясын шоғырландыру жүйелерін қолдану деңгейі бойынша Қазақстан АҚШ, Испания немесе Қытай сияқты жетекші елдерден артта қалып отыр. [3, 2-36.]

CSP технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктері.

Артықшылығы	Кемшілігі
1. Жоғары түрлендіру тиімділігі: Күн концентраторлары 30%-дан 40%-ға дейінгі тиімділікке жетеді	1. Орнату құнының жоғарылығы: Күн концентраторлары станцияларын (CSP) салу құны айтарлықтай жоғары
2. Бұлтты күндері және түнде энергия өндіру: CSP жүйелеріндегі жылу аккумуляторлары энергияны 6-15 сағатқа дейін сақтай алады	2. Орналасу орнына талаптар: Ауа райы тұрақсыз немесе бұлтты аймақтарда жүйенің тиімділігі төмендейді.
3. Жоғары қуаттылық: Күн концентраторларының электр станциялары (мысалы, мұнаралық немесе параболалық қондырғылар) 50-ден 500 МВт-қа дейін электр энергиясын өндіре алады	3. Үлкен кеңістікті қажет етеді: CSP жүйесін орнату үшін айна немесе линза жүйелерін орналастыруға үлкен аумақ қажет
4. Зиянды шығарындылардың азаюы: Қуаты 100 МВт болатын бір ірі CSP жобасы көмір электр станциясымен салыстырғанда жылына шамамен 200 000 тонна CO <sub>2</sub> шығарындыларын азайта алады. [4, 7-10т.]	4. Су қажеттілігі: CSP қондырғылары көбінесе айналарды салқындату және тазалау үшін айтарлықтай суды қажет етеді

CSP қалай жұмыс істейді?


CSP жүйелерінде бірнеше негізгі технологиялар қолданылады:

1. Мұнаралық жүйелер: Көптеген айналар (гелиостаттар) күн сәулесін орталық мұнараға бағыттайды, онда жоғары температураға дейін

қыздырылған сұйықтық арқылы су буын өндіреді. Мұндай жүйелер қуаты 50-ден 500 МВт-қа дейінгі ауқымды қамтуы мүмкін, әрі энергияны сақтау мүмкіндігі бар, сондықтан энергияны түнде де өндіру мүмкін.

2. Параболалық науалар: Параболалық айналар күн сәулесін құбырдағы сұйықтыққа бағыттайды. Бұл сұйықтық 400°C-қа дейін қызады, содан кейін генераторды іске қосатын бу шығарады.

3. Линеялі Френель жүйесі: Параболалық айналарға қарағанда арзанырақ келеді, себебі бұл жүйеде жазық айналар пайдаланылады. Бұл жүйеде күн сәулесі құбырдағы сұйықтықты қыздырып, электр энергиясын өндіруге қолданылады. [1, 8-9т.]



1 сурет – Параболалық айналар (немесе параболаалық шағылыстырғыштар және Френель күн линзасы

#### Қазақстандағы күн энергиясы және CSP болашағы

Қазақстанның күн энергиясын дамытудағы әлеуеті зор, әсіресе Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары күн радиациясының жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Еліміздің оңтүстік бөлігінде жылына орташа 2200-3000 күн сағаты бар, бұл CSP технологиясын енгізу үшін тиімді аймақтарды білдіреді. Сонымен қатар, Қазақстанның Жаңартылатын энергия көздерін дамыту жөніндегі 2030 стратегиясы аясында күн және жел энергетикасына назар аударылған.

Қазіргі таңда, Қазақстанда CSP технологиясы тек даму сатысында тұр. Бірқатар фотоэлектрлік күн станциялары (мысалы, Burnouye Solar және Nomad Solar) іске қосылды, бірақ CSP технологиясы ауқымды түрде қолданылмаған. Қазақстанның климаттық ерекшеліктеріне және күн радиациясының жоғары деңгейіне сүйене отырып, CSP жобалары елдің

оңтүстік аймақтарында (мысалы, Жамбыл және Түркістан облыстары) тиімді болады деп күтілуде.

Салыстырмалы мәліметтер:


- Тиімділік: CSP қондырғыларының тиімділігі – 30-40%, ал қарапайым күн панельдерінікі 15-20%.
- Жылдық күн сағаты: Қазақстанның оңтүстігінде – 2200-3000 сағат.
- Энергия өндіру әлеуеті: 100 МВт қуаттылықтағы CSP станциясы жылына шамамен 200 000 тонна CO<sub>2</sub> шығарындысын азайта алады.

Күн концентраторларының тиімді жұмыс істеуі күннің қозғалысын дәл бақылауды талап етеді. Сонымен қатар, айна позициясын түзетуге жұмсалатын энергия шығындарын минимизациялап, күн сәулесінің барынша тиімді пайдалану қажет. Бұл жоғары дәлдікті және энергия тиімді басқару жүйелеріне деген қажеттілікті тудырады. [1, 8-9т.]

### Күн концентраторын басқару әдістері:

**Астрономиялық әдістің дәлдігі:** Астрономиялық әдіс, егер уақыт дәл орнатылса, айна орнынан ауытқуы 0,2–0,5 градусқа дейін болуы мүмкін. Алайда, ауа райының өзгеруіне байланысты бұл әдіс 2-3 градусқа дейін ауытқуы мүмкін.

**Сенсорлық әдістің энергия тұтынуы:** Сенсорлық басқару жүйелері датчиктерді және позицияны түзету үшін 5–10 Вт қуатты қажет етеді, бұл орнату түріне байланысты өзгереді. Бірақ бұл әдіс бұлтты жағдайда дәлдікті төмендетуі мүмкін. [5, 659-661б.]




2 сурет – Күн концентраторын басқару әдістері

## Басқару алгоритмдерін жетілдіру:

**Оптимизациялық алгоритмдер** – мәліметтерге сәйкес, генетикалық алгоритмдер сияқты алгоритмдер айна позициясын реттеуге жұмсалатын энергияны 3–5 Вт-қа дейін төмендете алады, бұл басқаруға жұмсалатын энергияны 50%-ға дейін үнемдейді.

**Нейрондық желілерді пайдалану** – бір зерттеуде нейрондық желілерді пайдалану күн сәулесінің өзгерістерін болжау арқылы бұлтты жағдайда қуат жоғалтуларын 8-10% азайтты, бұл дәстүрлі бақылау әдістерімен салыстырғанда 5%-ға жоғары.

Ауа райы жағдайына байланысты шығыс қуаты



3 сурет – Ауа райы жағдайлары бойынша қуат шығысы

### Энергетикалық жүйеге интеграция:

Қуат өндіру – орташа күн концентраторы ашық ауа райында квадрат метрге 500–800 Вт қуат өндіре алады. Күннің белсенділігі мен күннің уақытына байланысты 10 м<sup>2</sup> алаңы бар орнату күніне 4–5 кВт•сағ қуат өндіреді.

Энергия тұтыну мен өндірудің қатынасы – ақылды желі (smart grid) жүйесінде күн концентраторларының өндірісін автоматты түрде реттеу жоғары күн белсенділігі кезінде дәстүрлі энергия көздерінен қосымша қуат қажеттілігін 10-15%-ға дейін азайтады.



4 сурет – Энергия үнемдеуді салыстыру

Қорытындылай келе заманауи басқару жүйесі бастапқы деңгеймен салыстырғанда генерация қуатын 10-15%-ға арттыруға мүмкіндік берді, ал басқаруға жұмсалатын энергия тұтынуын 20-30%-ға дейін азайтты. Есептеулер көрсеткендей, осы жүйені пайдалану кезінде орнату шығындарының қайтарымы 1–2 жылға қысқарады, дәстүрлі басқару жүйелерімен салыстырғанда. Күн ресурстары мен қолайлы климат сияқты әлеуетті артықшылықтарға қарамастан, Қазақстан күн концентраторларын дамыту мен оларды басқару жүйелерін жетілдіруде бірнеше қиындықтарға тап болады. Трекерлер мен арнайы айналар немесе линзаларды қолданатын күн шоғырландыру жүйелерін орнату және қызмет көрсету қымбат. Бұл технологияларды Қазақстан аумағында кеңінен енгізуге кедергі жасайтын фактор болып табылады. АҚШ және Қытай сияқты елдерден айырмашылығы, Қазақстанда күн шоғырландыру технологияларын кеңінен енгізу үшін дамыған инфрақұрылым әлі жоқ. Бұл өндіріс, жоғары температураларға төзімді материалдарды әзірлеу, сондай-ақ желімен интеграция мәселелеріне қатысты. Қазақстанда зерттеу орталықтары мен университеттер болғанымен, күн концентраторларының тиімділігін арттыруға және басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулер әлі де жеткіліксіз дамыған. Бұл қосымша инвестицияларды және әлемдік жетекші ғалымдармен және компаниялармен халықаралық ынтымақтастықты талап етеді.

Күн сәулесін жинақтайтын концентраторлардың негізгі артықшылықтары — жоғары тиімділік, сондай-ақ оларды көптеген климаттық жағдайларда, әсіресе күн сәулесі көп түсетін аймақтарда пайдалану мүмкіндігі. Сонымен қатар, бұл жүйелер басқа жаңартылатын энергия көздерімен біріктіріліп, олардың тұрақтылығы мен тиімділігін жақсарта алады.

Алайда, жоғары тиімділіктеріне қарамастан, күн сәулесін жинақтайтын концентраторлар белгілі бір шектеулерге ие, мысалы,



орнатудың жоғары құны, дәл орнатуды талап ету және орнатылатын жерге белгілі бір талаптар қою (мысалы, тікелей күн сәулесі қажет). Бұл технологияны жақсарту үшін қосымша зерттеулер мен әзірлемелерді талап етеді.

Осылайша, күн сәулесін жинақтайтын концентраторлар күн энергетикасын дамытудағы маңызды қадам болып табылады, әрі олардың одан әрі жетілдірілуі мен таралуы тұрақты энергия көздеріне көшу және қазба отындарына тәуелділікті азайтуда маңызды рөл атқаруы мүмкін. [1, 8-9т.]

**Аннотация:** Солнечные концентраторы — это инновационные технологии, которые собирают солнечную энергию и преобразуют её в тепловую или электрическую энергию. Эти технологии, в том числе солнечные батареи, параболические зеркала и линейные системы Френеля, повышают эффективность преобразования энергии за счёт повышения температуры. Различные методы управления, в том числе астрономическое и сенсорное наблюдение, обеспечивают точность системы и повышают эффективность её работы. Для стран, стремящихся к развитию новых источников энергии, использование солнечных батарей в долгосрочной перспективе может стать экологичным и экономически эффективным решением.

**Ключевые слова:** Солнечные концентраторы, Concentrated Solar Power (CSP), КПД, энергетическая система, гелиостаты, параболическое зеркало

**Annotation:** Solar concentrators are innovative technologies that collect solar energy and convert it into thermal or electrical energy. These technologies, including solar panels, parabolic mirrors and linear Fresnel systems, increase energy conversion efficiency by increasing temperature. Various control methods, including astronomical and sensory observation, ensure the accuracy of the system and increase its efficiency. For countries seeking to develop new energy sources, the use of solar panels in the long term can be an environmentally friendly and cost-effective solution.

**Keywords:** Solar concentrators, Concentrated Solar Power (CSP), efficiency, energy system, heliostats, parabolic mirror

Әдебиеттер:

1. Lovegrove, K., & Stein, W. (2012). Concentrating Solar Power Technology: Principles, Developments and Applications. Woodhead Publishing.

2. Duffie, J. A., & Beckman, W. A. (2013). Solar Engineering of Thermal Processes. Wiley

3. Mirasgedenov, A., Baigereyev, M., & Myrzakhmetov, B. (2020). Renewable Energy Development in Kazakhstan: Current Status and Future Opportunities. International Journal of Energy and Environmental Engineering



4. Behar, O., Khellaf, A., & Mohammedi, K. (2013). A Review of Studies on Central Receiver Solar Thermal Power Plants. Renewable and Sustainable Energy Reviews.

5. Tsoutsos, T., Frantzeskaki, N., & Gekas, V. (2005). Environmental impacts from the solar energy technologies. Energy Policy.

**ҒТАМР 44.09.37**

## **ҚЫЗЫЛОРДА Өңірінің күн және жел энергетикалық әлеуетін NASA POWER бағдарламасы арқылы бағалау**

**Жүнісов Ж.Т.**, ЭЭ-23-1М оқу тобының 2-курс магистранты

e-mail: jandos.junusov@gmail.com

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Аңдатпа:** Бұл баяндамада Қызылорда облысының күн және жел энергетикалық әлеуеті NASA POWER бағдарламасы арқылы бағаланды. NASA POWER (Prediction of Worldwide Energy Resource) бағдарламасы климаттық деректерді жинақтап, күн мен жел энергиясының өнімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Баяндамада Қызылорда облысының күн радиациясы мен жел жылдамдығының орташа көрсеткіштері негізінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылды. Күн энергиясының әлеуеті жоғары болғанымен, жел энергиясының тиімділігі де облыс үшін маңызды болып табылады. Күн және жел энергетикасын дамыту үшін Қызылорда облысының табиғи ресурстары мен климаттық жағдайларының оңтайлы үйлесімі көрсетілді. Бұл зерттеу Қызылорда облысындағы жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бағытталған стратегиялық жоспарларды құру үшін негіз бола алады. Баяндамада энергия өндірудің тиімділігі, энергетикалық қауіпсіздік және экологиялық таза энергия көздерін дамыту бойынша ұсыныстар берілген.

**Кілт сөздер:** Қызылорда облысы, күн энергиясы, жел энергиясы, NASA POWER бағдарламасы, жаңартылатын энергия көздері, энергетикалық әлеует, энергия өндіру, экологиялық таза энергия.

**Кіріспе.** Қызылорда облысы — Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан, табиғи ресурстарға бай аймақтардың бірі. Бұл өңірдің күн мен жел энергетикалық әлеуеті өте жоғары, және бұл әлеуеттің дамуы Қазақстанның жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. NASA POWER (Prediction of Worldwide Energy Resource) бағдарламасы арқылы өңірдің

энергетикалық әлеуетін бағалау, жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалану үшін маңыздылыққа ие[1].

#### *NASA POWER бағдарламасы*

NASA POWER бағдарламасы — әлемдегі әртүрлі аймақтардағы климаттық жағдайларды зерттеу үшін қолданылатын онлайн құрал. Бұл бағдарлама атмосфералық деректерді жинақтап, күн мен жел энергиясының әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. NASA POWER күн және жел энергиясының болжамды өнімділігі туралы ақпаратты қамтамасыз ете алады, бұл жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жоспарларын жасау үшін қажетті деректерді береді[2]. NASA POWER бағдарламасы негізінде алынған деректер, әсіресе күн мен жел энергиясын өндіру үшін маңызды болатын параметрлерді есептеу және талдау үшін қолданылады. Бұл параметрлерге күн сәулесінің интенсивтілігі, орташа температура, жел жылдамдығы, күн сәулесінің ұзақтығы және басқа климаттық жағдайлар кіреді.

#### **Материалдар мен әдістер.** *Қызылорда облысының күн энергетикалық әлеуеті*

Қызылорда облысы Қазақстанның ең күнді аймақтарының бірі болып табылады. Бұл өңірде күн энергиясының потенциалы жоғары, өйткені жыл сайынғы күн сәулесінің орташа саны 2200-2600 кВт/м<sup>2</sup> аралығында болады. NASA POWER бағдарламасының мәліметтері бойынша, күн энергиясының мүмкіндігі бойынша Қызылорда облысы республиканың жетекші аймақтарының бірі болып табылады[3].

Күн энергиясының әлеуетін бағалауда күн радиациясының орташа жылдық мәні маңызды көрсеткіш болып табылады. Күн сәулесінің энергиясын есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$E=G \times A \times t$$

мұндағы:

E — күн энергиясының өндірілуі (кВт·сағ),

G — күн радиациясының интенсивтілігі (кВт/м<sup>2</sup>),

A — күн панельдерінің алаңы (м<sup>2</sup>),

t — уақыт (сағат).

Қызылорда облысында күн радиациясының интенсивтілігі, әсіресе жаз айларында 2200-2600 кВт/м<sup>2</sup> аралығында болады. Бұл көрсеткіш күн электр станцияларын салу үшін жоғары тиімділік береді[3].

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жанындағы күн-жел электр станциясында бірнеше жылдар бойы жүргізілген зерттеулер негізінде арнайы тандалған аумақ үшін күн радиациясының орташа жылдық мәні алынды. Қызылорда облысы ендігінде күн радиациясының орташа жылдық ағынының тығыздығы - 350 – 370 Вт/м<sup>2</sup> құрайды (метеостанциядан алынған күн инсоляциясы бойынша берілгендер, 2023 жыл).



1-сурет. Метеостанциядан алынған күн инсоляциясы бойынша берілгендер, 2023 жыл

### *Қызылорда облысының жел энергетикалық әлеуеті*

Жел энергетикасы да Қызылорда облысы үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл өңірде жел жылдамдығының орташа көрсеткіші айтарлықтай жоғары және әсіресе қаңтар мен ақпан айларында желдің жылдамдығы артатыны байқалады. NASA POWER бағдарламасы арқылы алынған деректер Қызылорда облысында жылына орта есеппен 5-7 м/с жел жылдамдығы бар екенін көрсетеді. Бұл жел энергиясын өндіру үшін қажетті минималды жылдамдықтың деңгейіне сәйкес келеді[4].

Жел энергиясының өндірілуі келесі формуламен есептеледі:

$$P=1/2 \cdot \rho \cdot A \cdot v^3 \cdot \eta$$

мұндағы:

- P — жел энергиясының өндірілуі (Вт),
- $\rho$  — ауаның тығыздығы ( $\text{кг}/\text{м}^3$ ),
- A — жел турбинының айналатын алаңы ( $\text{м}^2$ ),
- v — желдің жылдамдығы (м/с),
- $\eta$  — жел турбинының тиімділігі.

Қызылорда облысындағы орташа жел жылдамдығы 5-7 м/с болғандықтан, жел энергетикасы айтарлықтай әлеуетке ие. Бұл желдің орташа жылдамдығы қазіргі заманғы жел турбиналары үшін өте тиімді болып табылады[4].

### *NASA POWER бағдарламасының артықшылықтары мен қолданылуы*

NASA POWER бағдарламасы арқылы алынған мәліметтер Қызылорда облысындағы күн және жел энергетикасының әлеуетін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама экологиялық таза энергия көздерін дамыту, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және аймақтық энергия қажеттіліктерін шешу үшін тиімді құрал болып табылады[2].

Қызылорда облысының күн және жел энергетикалық әлеуетін бағалау негізінде жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін келесі бағыттар бойынша жоспарлар ұсынылуы мүмкін:

1. Күн энергиясын жинау және оны өндіру: Күн электр станцияларын салу арқылы энергия өндіру көлемін арттыру.
2. Жел энергиясын пайдалану: Жел электр станцияларын салу және жел энергиясын пайдаланудың тиімділігін арттыру. Орташа жылдық жел жылдамдығы 5-7 м/с болатын аймақтарда жел турбиналарын орнату тиімді.
3. Энергия сақтау жүйелерін дамыту: Жаңартылатын энергия көздерінен алынған энергияны тиімді сақтау және тұтынушыларға жеткізу үшін энергия сақтау жүйелерін дамыту.

*Қызылорда облысының күн және жел энергетикасының әлеуетін дамытудағы экономикалық әсерлері*

Қызылорда облысындағы күн және жел энергетикасын дамыту, тек экологиялық таза энергия өндіру ғана емес, сонымен қатар аймақтың экономикасына да әсер етеді. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жергілікті экономикаға инвестиция тарту, жұмыс орындарын ашу және энергетикалық тәуелсіздікті арттыру арқылы аймақтың экономикалық өсіміне ықпал етуі мүмкін. Қызылорда облысындағы күн және жел энергетикасын дамыту жобаларын жүзеге асыру кезінде құрылған инфрақұрылым, жұмыс орындары және қосымша салық түсімдері аймақтың экономиканың дамуына оң септігін тигізеді.

Жел және күн энергетикасын пайдалану арқылы облыс өзінің энергетикалық тәуелсіздігін арттырып, сыртқы энергетикалық көздерге тәуелділігін азайтуы мүмкін. Бұл жағдай елдің жалпы энергия қауіпсіздігін қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді.

*Қызылорда облысының энергетикалық саясатын дамыту*

Қазақстанның жаңартылатын энергия көздеріне қатысты саясаты 2009 жылдан бастап бастау алды. Осы уақыт ішінде Қызылорда облысы сияқты аймақтар үшін күн және жел энергиясының потенциалын толық пайдалануды көздейтін түрлі мемлекеттік бағдарламалар жасалды. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, Қызылорда облысында күн және жел энергиясын пайдалану үшін бірнеше ірі жобалар іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының «Жаңартылатын энергия көздерін дамыту» бағдарламасы облыстарды жаңартылатын энергия көздерінен пайда табуға бағытталған маңызды құжат болып табылады. Бұл бағдарламада аймақтарда күн және жел станцияларын орналастыруға арналған арнайы субсидиялар мен қаржылық қолдау көрсетіледі.

*Қызылорда облысындағы энергия сақтаудың мүмкіндіктері*

Күн мен жел энергетикасын дамытуға қойылатын басты талаптардың бірі — энергияны сақтау жүйелерін жетілдіру. Күн және жел энергиясының тұрақсыздығы мен өзгермелі болуына байланысты, өндірілуі тиіс энергияны тиімді сақтау маңызды. Қызылорда облысында

энергия сақтау технологияларының даму әлеуеті зор, өйткені аймақта күннің жоғары радиациясы мен тұрақты жел бар.

Энергия сақтау жүйелері арқылы энергияны артық өндіру кезеңдерінде жинақтап, тұтыну жоғары болатын уақыттарда қолданысқа енгізуге болады. Бұл жүйелер Қызылорда облысы үшін маңызды, өйткені олар жаңартылатын энергия көздерінің тұрақтылығын арттыруға және энергия жүйесінің жұмысын тиімді етуге мүмкіндік береді.

#### *Жаһандану және әлемдік тәжірибе*

Қызылорда облысының энергетикалық әлеуетін бағалауда әлемдік тәжірибені қарастыру да маңызды. Әлемнің көптеген елдері, әсіресе күн және жел энергетикасынан жоғары әлеуетке ие аймақтар, жаңартылатын энергия көздерін дамытуда үлкен жетістіктерге жетті. Мысалы, Германия, Қытай және АҚШ елдері күн мен жел энергетикасын тиімді пайдалану арқылы экономикаларын әртараптандырды, бұл Қазақстан үшін үлгі болуы мүмкін.

Қазақстанның күн және жел энергетикасының әлеуетін дамытуда осы елдердің тәжірибесі мен технологияларын пайдалану тиімді болар еді. Бұл технологиялармен танысу, Қызылорда облысы үшін арнайы жаңартылатын энергия жобаларын дамыту кезінде қолданылатын ең үздік тәжірибелерді ескеруді талап етеді.

#### *Энергия тиімділігін арттыру бойынша шаралар*

Қызылорда облысында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану кезінде энергия тиімділігін арттыру үшін арнайы шаралар қарастырылуы керек. Бұл шараларға:

- Энергия тиімділігі жоғары құрылғыларды енгізу: әсіресе өнеркәсіптік секторда энергия тиімділігін арттыру.
- Қолданыстағы энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту: электр желілері мен сақтау құрылғыларын модернизациялау.
- Қоғамдық ағарту бағдарламалары: Қызылорда облысының тұрғындары мен кәсіпорындары үшін энергия үнемдеу мәдениетін қалыптастыру.

**Қорытынды.** Қызылорда облысының күн және жел энергетикалық әлеуеті өте жоғары және NASA POWER бағдарламасының көмегімен бұл әлеуетті нақты бағалауға мүмкіндік туып отыр. Бұл өңірдің энергия өндіру мүмкіндігі жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша Қазақстанның стратегиясында маңызды рөл атқара алады. Бүгінгі таңда бұл әлеуетті толық пайдалану үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру және жаңа технологияларды енгізу қажет[3]. Күн және жел энергетикасын дамыту аймақтық экономикаға, экологияға және энергетикалық қауіпсіздікке оң әсерін тигізетін маңызды қадам болып табылады. Алайда, бұл әлеуетті толығымен пайдалану үшін жаңа технологияларды енгізу, энергия сақтау жүйелерін дамыту және әлемдік



тәжірибені ескере отырып, тиісті стратегиялар мен шаралар қабылдануы қажет.

**Аннотация:** В этом докладе оценивался потенциал солнечной и ветровой энергии Кызылординской области с помощью программы NASA POWER. Программа NASA POWER (Prediction of Worldwide Energy Resource) позволяет собирать климатические данные и оценивать характеристики солнечной и ветровой энергии. В докладе рассмотрены возможности использования возобновляемых источников энергии на основе средних показателей солнечной радиации и скорости ветра Кызылординской области. Хотя потенциал солнечной энергии высок, эффективность ветровой энергии также важна для региона. Показано оптимальное сочетание природных ресурсов и климатических условий Кызылординской области для развития солнечной и ветроэнергетики. Данное исследование может стать основой для разработки стратегических планов, направленных на развитие возобновляемых источников энергии в Кызылординской области. В докладе представлены рекомендации по повышению энергоэффективности, энергетической безопасности и развитию экологически чистых источников энергии.

**Ключевые слова:** Кызылординская область, солнечная энергия, энергия ветра, программа NASA POWER, возобновляемые источники энергии, энергетический потенциал, производство энергии, экологически чистая энергия.

**Annotation:** This report assessed the potential of solar and wind energy in the Kyzylorda region with the help of the NASA POWER program. The NASA POWER (Prediction of Worldwide Energy Resource) program allows you to collect climate data and evaluate the characteristics of solar and wind energy. The report examines the possibilities of using renewable energy sources based on the average solar radiation and wind speed of the Kyzylorda region. Although the potential of solar energy is high, the efficiency of wind energy is also important for the region. The optimal combination of natural resources and climatic conditions of the Kyzylorda region for the development of solar and wind energy is shown. This study can become the basis for the development of strategic plans aimed at the development of renewable energy sources in the Kyzylorda region. The report provides recommendations on improving energy efficiency, energy security and the development of environmentally friendly energy sources.

**Key words:** Kyzylorda region, solar energy, wind energy, NASA POWER program, renewable energy sources, energy potential, energy production, environmentally friendly energy.

**Әдебиеттер:**

1. NASA POWER, 2024. "Global Energy Resource Database". [Сілтеме: <https://power.larc.nasa.gov>] (қолжетімді дата: 10.11.2024)



2. ҚР Энергетика министрлігі, 2020. "Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері".
3. А. Сейтқалиев, 2019. "Жаңартылатын энергия көздерінің әлеуеті: Қызылорда облысы мысалында". Жаңартылатын энергия және технологиялар журналы, 44 бет.
4. Ә. Жақсыбеков, 2021. "Қазақстанның энергетикалық нарығында күн және жел энергиясының орны". Энергетика және экология журналдары, 58-59 беттер.
5. Z. Akhmetov et al., 2020. "Assessment of Renewable Energy Potential in Kazakhstan". International Journal of Renewable Energy Research, 123 бет.
6. K. B. Wu, 2021. "The Role of Wind and Solar Energy in Central Asia's Energy Transition". Energy Policy Review Journal, 34 бет.
7. M. D. Lang, 2022. "Advances in Solar Power Systems: A Study on Efficiency Gains". Journal of Solar Energy Engineering, 89 бет.
8. R. T. Andreev, 2022. "Wind Energy Systems: The Future of Renewable Power in Central Asia". Renewable Energy Technologies Journal, 142 бет.

**ҒТАМР 44.09.37**

## **ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ**

**Бедебекова С.Н.**, ЭЭ-24-1М оқу тобының 1-курс магистранты  
e-mail: saltanatbedebekovaa@gmail.com

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Аннотация:** Қазіргі таңда әлемдік энергетика жүйесі экологиялық таза, тиімді және тұрақты энергия көздеріне көшу қажеттілігімен сипатталады. Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) деп аталатын энергия түрлерінің кеңінен қолданылуы мен дамуы электр энергиясын өндіру мен тұтынудың жаңа бағыттарын ашады.

Жаңартылатын энергия көздеріне негізделген электр станциялары электрмен жабдықтау жүйесінің тиімділігін арттырудың, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және энергия тәуелсіздігін нығайтудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қызылорда облысының жаңартылатын энергия көздерін дамытудың болашағы зор. Күн мен жел энергиясының жоғары әлеуетін ескере отырып, аймақты жаңартылатын энергия өндіру орталығына айналдыруға болады. Жаңартылатын энергия көздері соңғы жылдары Қазақстанның

энергетикалық кешенін дамытудың маңызды векторларының бірі болып табылады.

**Кілтті сөздер:** Жаңартылатын энергия көздері, күн энергиясы, жел энергиясы, Қызылорда облысы, экономика, экология

**Кіріспе.** Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) – қоршаған ортадан алынатын күн, жел, су ағындары, геотермалдық жылу энергиясы. Бұл көздер табиғи түрде толықтырылады, сондықтан дәстүрлі энергия генерациясына қарағанда жаңартылатын деп аталады.

Жаңартылатын энергия көздерінің ішінде ел үшін ең қолайлысы жел және күн энергиясы болып табылады. Жел энергетикасының әлеуеті Қазақстандағы энергияны тұтынудың орташа деңгейінен әлдеқайда жоғары және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметі бойынша, елдің жыл сайынғы жел энергетикасының әлеуеті 920 млрд кВт/сағ электр энергиясына бағаланады. Сондай-ақ, ел жан басына шаққандағы күн радиациясының деңгейі бойынша әлемде бірінші орында тұр.

Қазақстандағы күн энергиясының әлеуеті шамамен жылына 1500-1600 кВт/м<sup>2</sup>, күн сәулесінің орташа жылдық ұзақтығы 2500 сағатты құрайды. Бұл тұрғыда елдің оңтүстік өңірінде, соның ішінде Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында күн сәулесі ең жоғары. Бұл аймақтағы күн энергиясының әлеуетін айтарлықтай пайдалану аймақты қажетті энергиямен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында жаңартылатын энергия көздерін дамытуды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы жүйесі 2009 жылдан бастап бекітілген.

Қазақстанның энергетикалық саясаты ұлттық экономиканы диверсификациялау және экологиялық таза, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) кеңінен қолдану бағытында дамып жатыр [1].

Қызылорда облысы-табиғи ресурстарға бай аймақ. Жергілікті климаттық жағдайлар мен табиғи әлеуеті осы өңірде жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қызылорда облысында күн, жел және биомассадан алынатын энергияның зор әлеуеті бар. Бұл мақалада Қызылорда облысындағы жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері мен оны тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.

*Қызылорда облысының табиғи ресурстары мен ЖЭК әлеуеті.* Қызылорда облысы Қазақстанның оңтүстік аймағында орналасқан және шөлейтті аймақтардың қатарына жатады. Осыған орай, облыстың табиғи ресурстарын ЖЭК үшін пайдалану мүмкіндіктері өте жоғары. Мәселен:

Күн энергиясы: Қызылорда облысында күн радиациясы жоғары, жылына 300 күндей күн ашық болып тұрады. Бұл көрсеткіш күн электр станцияларын салу үшін өте қолайлы жағдай жасайды.

Жел энергиясы: Облыстың кейбір аудандарында (әсіресе Қармақшы, Жаңақорған аудандарында) желдің жылдамдығы мен тұрақтылығы жоғары, бұл жел энергиясын пайдалану үшін жақсы жағдай туғызады. Қызылорда облысы бойынша жел энергиясын өндіруге арналған потенциалды аумақтар бар.

Биомасса және басқа энергия көздері: Биомасса және басқа энергия көздері: Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өте жақсы дамыған, осыған байланысты биомасса сияқты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мүмкіндігі өте жоғары. Бұл энергия көзі экологиялық тұрғыдан таза болып табылады және жаңартылатын энергия ресурстарына жатады. Қызылордада биомасса энергиясын пайдаланудың бірнеше мүмкіндіктері бар:

1. **Ауыл шаруашылығы қалдықтары:** Қызылорда облысы мал шаруашылығы мен егіншіліктің дамыған аймағы болғандықтан, сүт, ет, күріш сияқты өнімдерден шыққан қалдықтарды биомасса ретінде қолдануға болады. Мысалы, күріш сабаны, жүгері қалдықтары, малдың көңі сияқты материалдар биогаз немесе биомасса отынына айналуы мүмкін.
2. **Мал шаруашылығының қалдықтары:** Жергілікті мал шаруашылығы өндірісінен шыққан көң мен басқа да органикалық қалдықтар биогаз өндірісі үшін қолданыла алады.
3. **Энергия өндіру зауыттары:** Биомасса энергиясын пайдаланатын қондырғылар мен зауыттар, мысалы, биогаз қондырғылары мен биомасса отындарын жағатын электр станциялар ашу мүмкіндігі бар.

Геотермалды энергетика станциясын салу тым қымбатқа түседі. Бірақ пайдалану шығыны өте төмен болғандықтан, арзан қуат алуға мүмкіндік мол. Бұл қуат жер қабатының жылуын кәдеге жарату дегенді білдіреді. Келешегі бар геотермалдық қор еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-батысында табылған. Негізгі геотермалдық аудандар: Шымкент қаласының маңында, Жамбыл, Қызылорда, Шу өзені алқабы, Қызылқұм шөлінің солтүстігі. Бірақ электр энергиясын өндіруде геотермалдық ресурстарды пайдалану жағы ойда да жоқ.

*Қызылорда облысындағы ЖЭК жобаларының дамуы.* Қазіргі таңда Қызылорда облысында жаңартылатын энергия көздерін дамыту мақсатында бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Әрбір жоба өз кезегінде аймақтың энергетикалық жүйесін жетілдіруге және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Күн электр станциялары: Қызылорда облысында күн электр станцияларын салу жобалары қарқынды дамып келеді. Күн энергиясы-Қызылордадағы ең перспективті жаңартылатын энергия көзі болып табылады.

Бүгінде облыс, аудандар мен елді мекендер орталықтандырылған электрмен қамтамасыз ету жүйесіне қосылған. Облыста 10 121 шақырым

әр түрлі кернеуліктегі электрмен қамтамасыз ету желісі және 1867 дана электр энергиясын тарату қондырғылары қызмет атқаруда. Облыстағы электрмен қамту жүйесі кернеулігі 220/110/35/10/0,4 кВ желілері арқылы жүзеге асырылуда, олардың физикалық және моральды тозу деңгейі 67%. Облыстың тәуліктік электр энергиясын тұтыну көлемі шамамен 146 МВт. Электр энергияға қажеттіліктің шамамен 60-70 % сырт көздерден алынса, қалған 20-30% жергілікті генерация есебінен қамтамасыз етіледі. Өңірде электр энергиясының тапшылығы орын алды. Осыған байланысты 2020 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында қуаттылығы 50 МВт құрайтын жоба жүзеге асырылды. Жылдық жоспарлы электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 72 млн кВт\*сағ құрады.

Жалағаш ауданында қуаттылығы 28 МВт күн электр станциясының құрылысын жүргізіліп, ЖЭК объектісінің жылдық жоспарлы электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 45 млн кВт\*сағ. құрады. станциясының құрылысы салынды.


2021 жылы Жаңақорған ауданында жылдық жоспарлы электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 19 млн кВт\*сағ. құрайтын, қуаттылығы 10 МВт күн электр станциясының құрылысы салынды.

Сонымен қатар, 20 МВт күн электр станциясы жобасын 50 гектар аумақта «Тесис» компаниясы Арал ауданында орналастыру жоспарланды. Келісім-шарт бойынша жобаны іске қосу мерзімі – 2024 жыл. Арал ауданының географиялық орналасуы мен климаттық жағдайы бойынша Қызылорда облысының күн энергиясын өндіруде әлеуеті жоғары. Есептеулерге қарағанда күн сәулесінің ұзақтығы жылына 2000-3000 сағатты құрайды екен.

Осы жобалардың жүзеге асуы электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК көздерінің үлесін 0,1 % – 7 % дейін қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, жоғарыда айтылған ЖЭК жобаларының іске асырылуы облыстың экономикалық дамуы мен әлеуметтік жағдайдың жақсаруына зор әсерін тигізеді.

Жел энергиясы жобалары: Қармақшы ауданында жел электр станциясы салу бойынша жобалар бар. 2023 жылы Қармақшы ауданында 100 МВт қуаттылығы бар жел электр станциясының құрылысы басталды. Бұл жоба облыстың энергетикалық тәуелсіздігін арттыруға және жел энергиясын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [2-3].

Облыста ЖЭК-ің ірі жобаларымен қатар ҚР Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына сәйкес, орталықтандырылған электр жүйесіне қол жетімсіз жерлерде ауыл шаруашылықты дамыту мақсатында, шаруа қожалықтар өз кәсіптерін электрмен қамтамасыз ету үшін күн электр станцияларын кеңінен пайдаланды.



1-сурет. ҚР ЖЭК объектілерінің жалпы қуаты.

### 3. Жаңартылатын энергия көздерінің экономикаға әсері

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту аймақтың экономикалық өсуіне оң ықпал етіп, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Қызылорда облысында ЖЭК жобаларын жүзеге асыру бірнеше сала бойынша экономикалық тиімділіктер ұсынады:

1. Энергия тәуелсіздігі: ЖЭК-тің дамуы облыстың энергетикалық тәуелсіздігін арттырады, яғни электр энергиясын сырттан сатып алуға тәуелділік азаяды. Бұл облыстың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Жаңа жұмыс орындарын құру: Жаңартылатын энергия жобаларын іске асыру, әсіресе станциялар мен инфрақұрылымдарды салу, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл өңірде жұмыссыздықты азайтуға ықпал етеді.

3. Туризм және инфрақұрылым: ЖЭК станцияларының салынуы облыс инфрақұрылымының дамуына да әсер етеді. Жаңартылатын энергия жобаларының жүзеге асырылуы экологиялық туризмді дамытуға да жол ашады.

Қызылорда облысының ЖЭК жобаларын дамытуда:

- Жергілікті билік пен кәсіпкерлердің ынтымақтастығы маңызды.
- Ғылыми зерттеулер мен инновациялық шешімдер енгізу арқылы жобалардың тиімділігін арттыру қажет.
- Халықаралық серіктестіктер мен инвестициялар тарту арқылы облыстың энергетикалық секторын дамытуға болады.

**Қорытынды.** Қызылорда облысы жаңартылатын энергия көздері үшін өте перспективті аймақ болып табылады. Күн, жел және биомасса сияқты табиғи ресурстарды тиімді пайдалану облыс экономикасын дамытуға, экологиялық жағдайды жақсартуға және энергетикалық



тәуелсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. ЖЭК жобаларын жүзеге асыру облыстың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Бұл бағытта жасалған қадамдар Қазақстанның энергетикалық болашағына оң ықпал етіп, өңірдің тұрақты дамуына үлес қосады.

Қазақстанның энергия стратегиясы бойынша 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 30%-ға дейін арттыру көзделіп отыр. Бұл мақсатқа жету үшін Қызылорда облысының ЖЭК әлеуетін толық пайдаланудың маңызы зор [4].

Өзімнің ЖЭК дамуына айтар ойым- әр ауданға күн электр станциясын салуды ұсынамын. Айналасына көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, аймағымыздың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында жүргізер едім. Жәнеде сол аймақтарда жаңа жұмыс көздері пайда болып, жұмыссыздық мәселелері шешіліп және облысымыздың экономикалық жағдайы жақсарады. Сонымен қатар, аудандардағы өнеркәсіп арзан бағада автоматтандыруға мол үлесін қосар еді.

**Аннотация:** Сегодня мировая энергетическая система характеризуется необходимостью перехода на экологически чистые, эффективные и устойчивые источники энергии. Широкое использование и развитие видов энергии, называемых возобновляемыми источниками энергии (ВИЭ), открывает новые области производства и потребления электроэнергии.

Электростанции на основе возобновляемых источников энергии являются важным компонентом повышения эффективности системы электроснабжения, обеспечения экологической безопасности и укрепления энергетической независимости.

Кызылординская область имеет большие перспективы развития возобновляемых источников энергии. Учитывая высокий потенциал солнечной и ветровой энергии, регион можно превратить в центр производства возобновляемой энергии. Возобновляемые источники энергии являются одним из важнейших векторов развития энергетического комплекса Казахстана в последние годы.

**Ключевые слова:** возобновляемые источники энергии, солнечная энергия, ветровая энергия, Кызылординская область, экономика, экология

**Annotation:** Currently, the world energy system is characterized by the need to switch to environmentally friendly, efficient and sustainable energy sources. The widespread use and development of the so-called renewable energy sources (res) forms of energy opens up new directions for the production and consumption of electricity.

Power plants based on renewable energy sources are an important component of improving the efficiency of the power supply system, ensuring environmental safety and strengthening energy independence.

Kyzylorda region has great prospects for the development of renewable energy sources. Given the high potential of solar and wind energy, the region



can be turned into a center for renewable energy production. Renewable energy sources are one of the most important vectors for the development of the energy complex of Kazakhstan in recent years.

**Keywords:** renewable energy sources, solar energy, wind energy, Kyzylorda region, economy, ecology

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңы.
2. Қазақстанда жаңартылатын энергияның рөлі біртіндеп артып келеді. Викторова, Полина (2023). Сілтеме: <https://kz.kursiv.media/en/2023-02-28/role-of-renewable-energy-gradually-increases-in-kazakhstan>
3. Бекулова С., Қаржы университеті, жаңа өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңартылатын энергия көздері Мәскеу (2021):
4. Төлегенова А.М. Ломоносов атындағы ММУ, Қазақстан облыстарын энергиямен қамтамасыз ету әлеуеті (2020).

**ҒТАМР 44.37.29**

**КҮН КОЛЛЕКТОРЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ  
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ DAҚЫЛДАРЫН КЕПТІРУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

**Байғабылов Ә.Б.,** ЭЭ-24-1М оқу тобының 1-курс магистранты  
e-mail: [bajga.student@gmail.com](mailto:bajga.student@gmail.com)

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Аннотация:** Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өндірісінде күн энергиясын тиімді пайдалану үлкен маңызға ие. Күн коллекторларын қолдану арқылы ауыл шаруашылық дақылдарын кептіру технологиясын жетілдіру – энергия тиімділігін арттыру, экологиялық таза өнім алу және экономикалық шығындарды азайту мәселелерін шешуге бағытталған маңызды қадам. Бұл технология арқылы күн сәулесінің энергиясын жинап, оны ауыл шаруашылығы дақылдарын кептіру процесіне қолдану мүмкіндігі туындайды. Күн коллекторлары ауыл шаруашылығы өнімдерін кептіру үшін қажетті жылуды жинақтап, энергияны үнемдеп, қоршаған ортаны қорғауға үлес қосады. Сонымен қатар, мұндай тәсіл ауыл шаруашылығы өнімдерінің сақтау мерзімін ұзартуға, сапасын сақтауға және экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** күн коллекторлары, ауыл шаруашылық дақылдары, кептіру технологиясы, энергия тиімділігі, экологиялық таза, жаңартылатын

энергия көздері, ауыл шаруашылығы өндірісі, экономикалық тиімділік, қоршаған орта, сақтау мерзімі.

**Кіріспе.** Ауыл шаруашылығы өндірісінде өнімдерді сақтау және өңдеу маңызды мәселе болып табылады. Әсіресе, ауылшаруашылық дақылдарының сапасын сақтап, ұзақ мерзімге сақтауға арналған кептіру процесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Күн энергиясын пайдалану арқылы ауылшаруашылық дақылдарын кептіру – экологиялық таза, тиімді және экономикалық тұрғыдан ұтымды шешімдердің бірі болып табылады [1].




Рис. 1. Функциональная схема солнечной конвективной сушилки

1-сурет. Күн конвективті кептіргішінің функционалдық сұлбасы

Күн коллекторларының жұмыс принципі – күн сәулесін жинап, оны жылуға айналдыру. Бұл жылу, өз кезегінде, дақылдарды кептіруге пайдаланылады. Күн коллекторларының тиімділігі жоғары болған сайын, оларды қолдану арқылы кептіру процесін жылдамдатуға және энергия шығындарын айтарлықтай төмендетуге болады. Мұндай технология ауыл шаруашылығында энергия ресурстарын үнемдеуге, электр энергиясын тұтынуды азайтуға және өндірістік шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді [1].

Күн коллекторларының артықшылықтары:

1. Энергияны үнемдеу – күн энергиясын пайдаланудың арқасында электр энергиясына немесе басқа отын түрлеріне деген қажеттілік төмендейді [2].

2. Қоршаған ортаға зиянсыз – бұл технология экологиялық таза болып саналады, себебі ол көмірқышқыл газын шығармайды және қоршаған ортаға ешқандай зиян келтірмейді [3].
3. Экономикалық тиімділік – жылдар өткен сайын күн коллекторларын пайдалану өндірістік шығындарды төмендетуге, сондай-ақ ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын сақтауға көмектеседі [4].
4. Өнімнің сапасын сақтау – күн сәулесінің әсерінен кептіру дақылдардың құрамын бұзбай, олардың пайдалы қасиеттерін сақтауға мүмкіндік береді [5].
5. Ұзақ мерзімді сақтау – дұрыс кептірілген дақылдардың сақтау мерзімі ұзағырақ болады [6].

Күн коллекторларының қолдану аясы тек қана кептірумен шектелмейді. Олар сондай-ақ жылыту жүйелерінде, суды жылытатын құрылғыларда және басқа да ауылшаруашылық процестерінде кеңінен қолданылуы мүмкін. Технологияны одан әрі жетілдіру және тарату ауыл шаруашылығының экологиялық тұрақтылығын және экономикалық тиімділігін арттыруға ықпал етеді [1].

**Қорытынды.** Күн коллекторларын қолдану арқылы ауылшаруашылығы дақылдарын кептіру технологиясын жетілдіру – экологиялық таза және экономикалық тұрғыдан тиімді әдіс. Бұл технология өнімнің сапасын сақтауға, энергия шығындарын азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың маңызды аспектісі ретінде, күн энергиясы ауыл шаруашылығындағы дәстүрлі кептіру әдістерінің кемшіліктерін жояды және энергия тәуелсіздігін арттырады. Ауыл тұрғындары үшін бұл әдіс қарапайым, қолжетімді және ұзақ мерзімді экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді.

Күн коллекторларының көмегімен кептіру әдісін енгізу және тарату ауылшаруашылығы өндірісінің тұрақтылығы мен өнімділігін арттырады. Бұл тәсіл, әсіресе, қуаңшылық жағдайларында тиімді, себебі ол өнімдерді тиімді кептіріп, оларды бұзылудан сақтайды және жыл бойы қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Осы технологияны ауылшаруашылығында кеңінен қолдану ауылдың экономикалық дамуын ынталандырып, табиғат ресурстарын сақтауға бағытталған маңызды қадам болмақ. Осылайша, күн энергиясын пайдаланатын кептіру жүйелерін дамыту – ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына және инновациялық өзгерістерге серпін беретін келешегі зор бағыт. Алдағы уақытта күн коллекторларының технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіру арқылы өнімдерді өңдеу және сақтау процестерін одан әрі оңтайландыруға болады.

**Аннотация:** В настоящее время эффективное использование солнечной энергии в сельском хозяйстве приобретает все большее значение. Совершенствование технологии сушки сельскохозяйственных культур с использованием солнечных коллекторов — это важный шаг к

решению таких проблем, как повышение энергетической эффективности, получение экологически чистой продукции и снижение экономических затрат. Использование солнечных коллекторов позволяет собирать солнечную энергию и применять её для процесса сушки сельскохозяйственных культур. Солнечные коллекторы обеспечивают необходимое тепло для сушки, что способствует экономии энергии и защите окружающей среды. Кроме того, такая технология позволяет продлить срок хранения сельскохозяйственной продукции, сохранить её качество и повысить экономическую эффективность.

**Ключевые слова:** солнечные коллекторы, сельскохозяйственные культуры, технология сушки, энергетическая эффективность, экологически чистая продукция, возобновляемые источники энергии, сельское хозяйство, экономическая эффективность, окружающая среда, срок хранения.

**Annotation:** Currently, the efficient use of solar energy in agriculture is becoming increasingly important. The improvement of the drying technology of agricultural crops using solar collectors is a crucial step towards addressing issues such as enhancing energy efficiency, obtaining environmentally friendly products, and reducing economic costs. Solar collectors capture solar energy and apply it to the drying process of agricultural crops. These collectors provide the necessary heat for drying, contributing to energy savings and environmental protection. Moreover, this technology helps extend the shelf life of agricultural products, preserve their quality, and increase economic efficiency.

**Keywrds:** solar collectors, agricultural crops, drying technology, energy efficiency, environmentally friendly products, renewable energy sources, agriculture, economic efficiency, environment, shelf life.

#### Әдебиеттер:

1. Қалиев, М. Қ. (2016). *Ауыл шаруашылығы дақылдарын кептірудің жаңа технологиялары*. Ауыл шаруашылығы және өңдеу өндірісі, 2, 58-62. Қалиев, М. Қ. (2016). *Ауыл шаруашылығы дақылдарын кептірудің жаңа технологиялары*. Ауыл шаруашылығы және өңдеу өндірісі, 2, 58-62.
2. Косенко, А. В. (2017). *Жаңартылатын энергия көздерін қолдану ауылшаруашылығында: теориясы және практикасы*. Ауыл шаруашылығы экономикасы және инновациялық технологиялар журналы, 4(15), 25-35. Косенко, А. В. (2017). *Жаңартылатын энергия көздерін қолдану ауылшаруашылығында: теориясы және практикасы*. Ауыл шаруашылығы экономикасы және инновациялық технологиялар журналы, 4(15), 25-35. Габдуллин, А. С. (2020). *Күн энергиясы: теориясы мен технологиялары*. Алматы: Экономика және инновациялар баспасы.

3. Шарипов, Р. Р., Дүйсенов, А. Ә. (2018). *Ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды енгізу: күн энергиясы және экологиялық әсері*. Экологиялық экономика, 4(12), 38-42. **Ли, Х., Чжоу, С.** (2020). *Технологии солнечных коллекторов для сушки сельскохозяйственных культур в условиях изменяющегося климата*. Международный журнал возобновляемых источников энергии, 6(23), 50-58
4. Бекасова, Г. Ж., Садиев, М. А. (2019). *Күн энергиясын қолдану арқылы ауылшаруашылық дақылдарын кептіру жүйелерінің тиімділігі*. Қазақстан ғылымы және білім журналы, 3(45), 44-50.
5. Ғабдуллин, А. С. (2020). *Күн энергиясы: теориясы мен технологиялары*. Алматы: Экономика және инновациялар баспасы.
6. Махмудов, С. Т. (2021). *Күн коллекторларының ауыл шаруашылығындағы орны мен тиімділігі*. Энергетика және экология, 2, 76-80.

**ҒТАМР 70.25.10**

## **КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚ СУЛАРДЫ ТАЗАРТУДЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**Садуақас Ж.О.,** ЭЭ-24-1М оқу тобының 1-курс магистранты  
e-mail:saduakaszhaylyhan@gmail.com

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Аннотация:** Бұл зерттеу қалдық суларды экологиялық таза әрі энергия үнемдеу әдістермен тазартудың өзекті мәселелеріне арналған. Қазіргі кезде қалдық суларды тазарту барысында энергия шығынын азайту және қоршаған ортаға зиян келтірмеу қажеттілігі туындап отыр, сол себепті күн энергиясын пайдалану арқылы тазарту әдістері перспективалы болып саналады. Баяндаманың негізгі мақсаты – күн энергиясын қолдану арқылы тұрмыстық қалдық суларды тиімді тазартудың инновациялық әдістерін зерттеу және олардың тиімділігін бағалау. Зерттеу барысында қалдық суларды тазарту үшін фотокатализаторлар, күн сәулесімен қыздырылатын дистилляциялық жүйелер, сондай-ақ күн энергиясын пайдаланатын микробтық тазарту әдістері қолданылды. Әрбір әдістің тиімділігі тәжірибе жүзінде талданып, экологиялық және экономикалық көрсеткіштер бойынша салыстырылды.

**Кілт сөздер:** Күн энергиясы, қалдық суларды тазарту, фото катализ, микробтық тазарту, экологиялық таза технологиялар, энергия үнемділігі.



**Кіріспе.** Қазақстанның табиғи ерекшеліктері мен климаттық жағдайлары күн энергиясын пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге қолайлы. Елдің көп бөлігі жыл бойы шуақты күндерді көреді, бұл күн энергиясын экологиялық таза және үнемді ресурс ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктерді тиімді қолдану арқылы тұрмыстық қалдық суларды тазартудың экологиялық тұрғыдан тиімді және шығынды азайтуға бағытталған тәсілдерін енгізуге болады.

*Күн энергиясының Қазақстандағы әлеуеті*

Қазақстан – күн энергиясын өндіруге мүмкіндік беретін, климаттық артықшылықтарға ие елдердің бірі. Әсіресе, оңтүстік өңірлерде күндізгі сағаттардың ұзақтығы, орташа есеппен, жылына 2200–3000 сағатқа жетеді. Бұл энергияны, мысалы, тұрғын үйлерде немесе өнеркәсіптік секторда су тазарту процестерінде қолдануға болады. Осылайша, қалдық суларды қайта өңдеу мәселелерін шешіп, халықты таза сумен қамтамасыз етуге үлес қосуға болады [1].



1-сурет. Күн энергиясын қолданатын су тазарту әдістері

**Материалдар мен әдістер.** Қазақстанда күн энергиясы негізінде қолдануға болатын бірнеше заманауи су тазарту әдістері бар:



**Фотокатализ принципі:** Бұл әдіс күн сәулесін пайдаланып, арнайы катализаторлардың әсерінен органикалық және бейорганикалық лаस्ताушыларды ыдыратуға негізделген. Күн энергиясы катализаторларды белсенділендіреді, бұл олардың реакция жылдамдығын арттырып, лаस्ताушы заттарды тотықтырады.

**Қолданылатын материалдар:** Титан диоксиді ( $\text{TiO}_2$ ), цирконий диоксиді ( $\text{ZrO}_2$ ) және басқа жартылай өткізгіштер.

**Зерттеу бағыты:** Фотокатализаторлардың тиімділігін арттыру, олардың қайта қолданылуын қамтамасыз ету, күн энергиясының әсерін барынша арттыру.

**Артықшылықтары:** Жоғары тазарту тиімділігі, экологиялық таза әдіс, күн энергиясының арзан әрі жаңартылатын көзі [2].

**Күн энергиясымен қыздырылатын дистилляция:** Қазақстанның су тапшылығы бар өңірлерінде суды буландыру және қайтадан конденсациялау арқылы тұздар мен ауыр металдардан тазарту – онтайлы әдістердің бірі. Буланған су қайта конденсацияланып, таза су ретінде пайдалануға дайын болады, бұл әсіресе ауыз су тапшылығын жоюға көмектеседі [4].

**Фотоллиз принципі:** Фотоллизде жарық энергиясы химиялық байланыстарды үзу үшін қолданылады. Күн сәулесінің энергиясы қалдық судың құрамындағы химиялық заттарды ыдыратуға көмектеседі.

**Қолданылатын әдістер:** Күн батареялары немесе арнайы оптикалық жүйелер көмегімен фотохимиялық реакциялар тудырылады.

**Зерттеу бағыты:** Фотохимиялық реакциялардың тиімділігін арттыру үшін жарықтың спектрін басқару және жүйенің тиімділігін көтеру [3].

#### **Күн электр энергиясымен жұмыс істейтін биореакторлар**

**Принципі:** Бұл әдіс күн энергиясы арқылы электр энергиясын алу және оны биореакторларда микроорганизмдермен қалдық суларды тазартуға пайдалану негізінде жұмыс істейді. Күн энергиясымен жұмыс істейтін биореакторлар биологиялық процестерді (микробтық ыдырау) жылдамдатуға көмектеседі.

**Қолданылатын әдістер:** Фотоэлектрлік жүйелер арқылы биореакторларды қуаттандыру, биомассаны көбейту және органикалық заттарды ыдырату.

**Зерттеу бағыты:** Күн энергиясымен жұмыс істейтін биореакторлардың тиімділігін арттыру, энергия тұтынуды төмендету және микроорганизмдердің тіршілік ету қабілетін жақсарту [5].



2- сурет. Күн электр энергиясымен жұмыс істейтін биореакторлар

### ***Интеграцияланған күн энергиясы мен жасыл химия.***

**Принципі:** Бұл әдіс күн энергиясы мен жасыл химия әдістерін біріктіре отырып, экологиялық таза әрі энергия үнемдейтін қалдық су тазарту процестерін ұсынады. Мысалы, күн энергиясымен жұмыс істейтін жасыл катализаторлар қолдану.

**Зерттеу бағыты:** Күн энергиясын пайдалану арқылы химиялық процестерді экологиялық тұрғыда оңтайландыру [6].

Күн энергиясымен су тазартудың артықшылықтары

**Экономикалық тиімділік:** Күн энергиясы қол жетімді болғандықтан, электр қуатына жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

**Экологиялық пайдасы:** Күн энергиясын қолдану атмосфераға зиянды газдарды шығармайды және су тазарту барысында қоршаған ортаға теріс әсерін азайтады.

**Қолдану кеңістігі:** Бұл технологиялар тек тұрмыстық жағдайда емес, сонымен қатар өндірістік қалдықтарды өндеуде де қолданыла алады.

**Қорытынды.** Күн энергиясын қолдану арқылы тұрмыстық қалдық суларды тазарту инновациялық әдістері Қазақстанның су ресурстарын сақтау және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам болып табылады. Фотокатализ, күн энергиясымен

қыздырылатын дистилляция, фотолиз және күн энергиясымен жұмыс істейтін биореакторлар сияқты әдістер судың сапасын арттырып қана қоймай, оны экологиялық таза тәсілдермен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістердің басты артықшылықтары – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы энергия шығындарын азайту және қоршаған ортаға зиянды қалдықтардың әсерін төмендету. Күн энергиясын қолданатын су тазарту технологияларының тиімділігін арттыру үшін әрі қарай зерттеулер жүргізу және олардың қолданыс аясын кеңейту қажет. Фотокатализаторлардың тиімділігін жақсарту, жарық спектрін басқару және биореакторлардың жұмысын оңтайландыру сынды бағыттарда зерттеулерді тереңдету – болашақтағы табысты нәтижелерге жетелейтін қадамдар. Сонымен қатар, жасыл химия әдістерімен біріктірілген технологиялар су тазарту процестерін одан әрі экологиялық тұрғыда жетілдіруге мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, күн энергиясы негізінде су тазартудың заманауи әдістерін қолдану экономикалық тұрғыдан тиімді, экологиялық таза шешім бола отырып, Қазақстанның су тапшылығын жеңілдету және табиғи ресурстарды сақтау бағытында маңызды рөл атқарады. Бұл технологиялардың одан әрі дамуы еліміздің су шаруашылығы мен қоршаған ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды орын алмақ.

**Аннотация:** Данное исследование посвящено актуальной проблеме очистки сточных вод с помощью экологически чистых и энергоэффективных технологий. В настоящее время требуется снизить энергозатраты на очистку сточных вод и уменьшить негативное влияние на окружающую среду, поэтому методы очистки с использованием солнечной энергии представляют большой интерес. Целью данной работы является исследование инновационных методов эффективной очистки бытовых сточных вод с использованием солнечной энергии и оценка их эффективности. В ходе исследования были применены методы фотокатализа, системы дистилляции, подогреваемые солнечным светом, а также микробные методы очистки, использующие солнечную энергию. Каждый метод был исследован экспериментально и сравнен по экологическим и экономическим показателям.

**Ключевые слова:** Солнечная энергия, очистка сточных вод, фотокатализ, микробная очистка, экологически чистые технологии, энергоэффективность.

**Annotation** This study addresses the urgent issue of treating wastewater through environmentally friendly and energy-efficient technologies. Reducing energy consumption in wastewater treatment and minimizing environmental impact are critical objectives, making solar energy-based treatment methods highly promising. The main goal of this thesis is to investigate innovative methods for efficiently treating domestic wastewater using solar energy and to

evaluate their effectiveness. The research employs methods such as photocatalysis, solar-heated distillation systems, and microbial treatment techniques that utilize solar energy. Each method was experimentally analyzed and compared based on environmental and economic parameters.

**Keywords:** Solar energy ,wastewater treatment , photocatalysis ,microbial treatment, environmentally friendly technologies ,energy efficiency.

**Әдебиеттер:**

1. Тұңғатаров А.М., Жантуарова Ж.Б. Қазақстандағы күн энергиясының әлеуеті // *ҚР экологиялық журнал*, 2018. – 85 б. – Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде күн энергиясын пайдалану мүмкіндіктері туралы мәліметтер.
2. Сайлаубекова, Г. Б. *Жартылай өткізгіш фотокатализаторларды қолдану арқылы суды тазарту*. Жаратылыстану ғылымдары журналы, 2020.
